| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді | 1. «1-10 ға дейінгі сандар мен цифрлар жайлы білімдерін тияянақтау.»<br>2. «Заттардың салмақтарын салыстырайық»<br>3. «Балықтың салмағын өлшеу»<br>4. «Балықтың салмағын өлшеу» пысықтау.<br>5. «Үй шаруасына қалай көмектесуге болады ?»<br>6. «Үй шаруасына көмектесеміз(пысықтау)»<br>7. «Футболшылар қатарынан реттік саны»<br>8. «Футбол көруге барғанда »<br>9. «Футбол көруге барғанда » пысықтау.<br>10. «Құстар мен гүлдер патшалығындағы (қосу ж»не |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жинап, құрастыру. | алу) белгілері»<br>11. «Көктем келіп жеткенде »<br>12. «Көктем келіп жеткенде » ( пысықтау)<br>13. « Көктем мезгілінің есептері»<br>14. «Көңілді көктем дыбыстары »<br>15. «Көңілді көктем дыбыстары » пысықтау |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>**Табиғатпен таныстыру**<br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, | 1. «Бөлме өсімдіктері»<br>2. «Жол ережелері»<br>3. «Мамандықтар»<br>4. «Кішкентай зерттеушіле<br>5. «Тұрмыстық техника»<br>6. «Тұрмыстық техника» қайталау<br>7. «Салауатты өмір салты қағидалары»<br>8. «Дәрілік өсімдіктері»<br>9. «Көктем мерекесі»<br>10. « Құстардың жылы жақтан қайтып келуі» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық<br>материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. | 1. «Біз көмекшіміз» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сурет салу | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. | 1. « Түнгі қала» |
| | Мүсіндеу | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту.<br>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. | 1. Жол реттеушіге көрсетейік<br>2. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» |
| | Жапсыру | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.<br>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. | 1. «Цирк қызметкерлері» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;<br>- қазақ халқының күйші, композиторларды үйрету.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Билер.**<br>Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би | 1. «Менің қамқорлығым»<br>2. «Комбайншы боламын»<br>3. «Комбайншы»<br>4. «Бағдаршам»<br>5. « До- Ре-Ми»<br>6. «Біз шадыман боламыз»<br>7. « Үлкен қоңырауды көтерейік»<br>8. «Көктем әндері»<br>9. «Көктем әні керемет»<br>10. «Ауылымды сағындым» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Айару » бөбекжай-балабақшасы
Топ: МАД. « Балдәурен »
Балалардың жасы: 5 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттер | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары |
|---|---|---|---|
| Наурыз | Дене шынықтыру | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, | 1. «Қамшы ұстап шоқыраптап жүру»<br>2. «Жаттығуға затты таңдаймын»<br>3. «Биікке ілінген затқа секіріп қол тигізу »<br>4. «Жүгіріп келіп жоғары секіру»<br>5. «Жүгіріп келіп жоғары секіру»<br>6. «Жіп арқылы бір – |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Арқаға арналған жаттығулар:*** отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).<br>**Спорттық жаттығулар.** | біріне доп лақтыру»<br>7. «Бір –біріне асырып доп лақтыру.»<br>8. «Допты бір – біріне асырып лақтыру» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>***Жүзу.***Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.<br>**Спорттық ойындар.**<br>***Бадминтон.*** Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.<br>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.<br>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. | |
| | Сөйлеуді дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені | 1. «Менің сүйікті ертегім» Қотыр торғай қазақ халық ертегісі.<br>2. «Менің сүйікті ертегім» Қотыр торғай қазақ халық ертегісі қайталау.<br>3. «Наурыз мерекесі құтты болсын!»<br>4. «Қазақ халқының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік қор**<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу | аспаптары»<br>5. «Күн ме Ай ертегісі»<br>6. «Күн ме Ай ертегісі» (пысықтау) |
| | Сауат ашу негіздері | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін | 1. «(h) дыбысы және hh әрпі»<br>2. «h) дыбысы және hh әрпін қайталау» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. | 3. «(я) дыбысы және Яя әрпі»<br>4. «(я) дыбысы және Яя әрпі» қайталау<br>5. «(Ф) дыбысы және Фф әрпін қайталау»<br>6. «(Ф) дыбысы және Фф әрпін қайталау»<br>7. «(ю) дыбысы және Юю әрпі»<br>8. «(ю) дыбысы және Юю әрпі» қайталау.<br>9. «(ё) дыбысы және Ёё әрпі » |
| | Көркем әдебиет | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт- дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау | 1. «Әз Наурызым – Армысың!»( өлеңді жаттау) (қайталау)»<br>2. «Бесік жыры.»<br>3. «Бесік жыры пысықтау»<br>4. «Домбыра туралы аңыз.»<br>5. «Домбыра туралы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. | аңыз қайталау» |
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары | 1. « Бәйшешек » (өлеңін мәнерлеп оқу)<br>2. «Наурыз құтты болсын!» «Наурыз көже» санамағын жаттау.<br>3. « (Н) дыбысы (артикуляциясы ,тіл ұстарту сөздердегі дыбыстардың орнын табу)мен әрпі(атау негіздері)»<br>4. «Домбыра туралы аңыз.»<br>5. «Ғарышкер қалай |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Сөздік қор.**<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран).<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді | атанам.Біздің ғарыштың планеталары» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. | |
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** | 1. «Күн мен түн теңелетін күн»<br>2. «Армысың Наурыз!»(пысықтау)<br>3. «Сарқытты тарату»<br>4. «Алдар көсе қонаққа келгенде»<br>5. «Алдар көсе қонаққа келгенде» пысықтау<br>6. « Зымыранды ғарышқа ұшыру амалдарын игерейік» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. | 7. «Ғарыш әлемі »<br>8. «Ғарыш әлемі »пысықтау |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>**Табиғатпен таныстыру**<br>Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.<br>**Жануарлар әлемі** | 1. «Көктемде табиғат оянады»<br>2. «Сйқырлы су»<br>3. « Қазақ ұлттық аспаптары»<br>4. «Шеберханаға саяхат»<br>5. «Шоқжұлдыздар »<br>6. «Ғарыш әлемі» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | белсенді қатысу. | |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. | |
| | Сурет салу | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою- | 1. «Ұлттық аспаптар » |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | өрнегінің элементтерін салу.<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. | |
| | Мүсіндеу | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту. Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. | 1. «Қобыз –көне аспап» |
| | Жапсыру | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай | 1. «Қарлығаш –біздің досымыз» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. | |
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;<br>- таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға үйрету.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. | 1. «Менің сүйікті ауылым»<br>2. «Тұсаукесер»<br>3. «Көңілді ән салайық»<br>4. «Домбыраның күмбірі»<br>5. «Қанатыңмен самғатшы, өнер мені »<br>6. «Айға ұшамын» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Билер.**<br>Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : « Айару » бөбекжай -балабақшасы
Топ: МАД. « Балдәуркн»
Балалардың жасы: 5 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы, 2023-2024 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары |
|---|---|---|---|
| Сәуір | Дене шынықтыру | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>**Негізгі қимылдар.**<br>***Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:*** сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. | 1. «Гимнастикалық бөрене үстіне жаттығу жасау»<br>2. «Тепе- теңдікті сақтаймыз»<br>3. «Тепе- теңдікті сақтаймыз» пысықтау.<br>4. « Қолды алға с-артқа сермеп құм толтырылған қапшықты лақтыру»<br>5. «Тепе теңдікті сақтап құм толтырылған қапшықты лақтыру»<br>6. «Тепе теңдікті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>***Жүзу.*** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.<br>***Судағы аэробика.*** Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.<br>**Спорттық ойындар.**<br>***Футбол элементтері.*** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды | сақтап құм толтырылған қапшықты лақтыру» (пысықтау)<br>7. «Құм толтырылған қапшықты лақтыру жаттығуын пысықтау»<br>8. «Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығу»<br>9. «Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығу пысықтау»<br>10. «Затты 5 м қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыру.»<br>11. «Затты 5 м қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыру.» пысықтау.<br>12. « Кім зерек ?» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.<br>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. | |
| | Сөйлеуді дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік қор**<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану | 1. «Түлкі мен қоян » орыс халқының ертегісі<br>2. «Түлкі мен қоян » орыс халқының ертегісі.( Пысықтау)<br>3. Б .Соқпақбаев « Ағаштар неге ашуланды?»<br>4. Б .Соқпақбаев « Ағаштар неге ашуланды?» (қайталау)<br>5. « 1- Мамыр – Қазақстан бірлігі күні»<br>6. « 1- Мамыр – Қазақстан бірлігі күні»(пысықтау)<br>7. « Мәңгілік алау » өлеңін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дағдыларын қалыптастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. | жаттау.Т.Рахимов<br>8. « Мәңгілік алау » өлеңін жаттау.Т.Рахимов. қайталау |
| | Көркем әдебиет | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. | 1. С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау.<br>2. С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау. (қайталау)<br>3. « Менің сүйікті ертегім. Құмырсқа қазақ халқының ертегісі.»<br>4. « Менің сүйікті ертегім. Құмырсқа қазақ халқының ертегісі.» қайталау<br>5. «Көктем сәні»<br>6. «Көктем сәні» қайталау.<br>7. «Мақта қыз бен мысық » Ы.Алтынсарин.<br>8. «Мақта қыз бен мысық » Ы.Алтынсарин. қайталау |
| | Сауат ашу негіздері | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға | 1. «( ё ) дыбысы және Ёё |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. | әрпін қайталау»<br>2. «(в) дыбысы және Вв әрпі»<br>3. «(в) дыбысы және Вв әрпін қайталау.»<br>4. «(э) дыбысы және Ээ әрпі»<br>5. «(э) дыбысы және Ээ әрпі»қайталау.<br>6. «(ц) дыбысы және Цц әрпі»<br>7. «(ц) дыбысы және Цц әрпі» қайталау<br>8. «(щ) дыбысы және Щщ әрпі»<br>9. «(щ) дыбысы және Щщ әрпі» қайталау<br>10. «(ч) дыбысы және Чч әрпі»<br>11. «(ч) дыбысы және Чч әрпі» қайталау.<br>12. «ь, әрпімен таныстыру» |
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы | 1. «(И) дыбысы ( артикуляциясы , тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі ( атау негіздері)»<br>2. «Отан деген не? А. Пушкиннің « Балықшымен балық » туралы ертегісін әңгімелеу»» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Сөздік қор.**<br>Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран).<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. | 3. «(Э) дыбысы ( артикуляциясы , тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі ( атау негіздері)»<br>4. Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды» әңгімесі . Ағаш түрлері<br>5. « Й дыбысы ( артикуляциясы , тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі ( атау негіздері)»<br>6. «Достық ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?»<br>7. «( Ю) дыбысы ( артикуляциясы , тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі ( атау негіздері)»<br>8. Әскери қызмет . Халық аузындағы « Үш батыр» ертегісі |
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; | 1. «Үй жануарлардың өрістегі жолдарын салыстырайық» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | - зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. | 2. «Өрістегі төлдерді санадыңба? »<br>3. «Өрістегі төлдерді санадыңба? » пысықтау<br>4. «Баубақшаның ағаштарына суды қалай жеткіземіз?»<br>5. «Ағаштар жайлы сен не мінесің?»<br>6. «Ағаштар жайлы сен не мінесің?» пысықтау.<br>7. « Достық үйінің құрылысы»<br>8. «Достармен бөлісе біл »<br>9. «Достармен бөлісе біл » пысықтау.<br>10. «Жалауларды ретімен қоямыз»<br>11. «Мереке қарсаңында »<br>12. «Мереке қарсаңында » пысықтау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; | 1. « Төрт – түлік мал»<br>2. «Жер- ортақ үйіміз!<br>3. « Ағаштың қасиеттері»<br>4. «Жас бағбандар»<br>5. «Қазақстандағы ұлттармәдениеті»<br>6. «Тірі және өлі табиғат» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. | 7. « Ағаштар , табиғат және адам»<br>8. «Жәндіктер әлемі» |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.<br>Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. | 1. «Құрылыс ғаламшары» |
| | Сурет салу | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. | 1. «Інжугүлдер» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. | |
| | Мүсіндеу | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. | 1. «Жалау» |
| | Жапсыру | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. | 1. «Зымырайды зымыран » |
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. | 1. «Ғарышкерлер жыры»<br>2. «Атамекен» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Билер.**<br>Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, | 3. «  Атамекен , ақ мекен»<br>4. «Көгілдір көктем»<br>5. «Көңілді көктем келді»<br>6. «Біз бақытты баламыз»<br>7. «Бақытты балалық шақ»<br>8. «Жеңіс күні» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | балаларға "Қаражорға" биін билету.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Айару » бөбекжай- балабақшасы
Топ: МАД . «Балдәурен»
Балалардың жасы: 5 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары.** |
| | | қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.<br>**"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>Шапшаңдыққа баулу | қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.<br>**"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>Шапшаңдыққа баулу. | қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).<br>Шарты.<br>Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды.<br>Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды.<br>Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты | балабақша және бұнда жұмыс істейтін мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Балабақшада жұмыс істейтін мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушысына қажетті құралдар.<br>Шарты.<br>Балалар алдымен өз еріктері бойынша балабақша қызметкерлерін тағайындайды.<br>Мамандардың рөлінде ойнайтын балалар өздеріне қажет құралдарды таңдап, белгілі бұрышқа жинайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. | Балалар мен мамандарды ойнай-тындар кім, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жос-парлап алады.Педагог диалогтар мен қатынас-тардың нығаюына ық-пал жасайды, қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады. |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Жаңылтпаш** Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатка тақпақ, Жатта тақ-тақ. | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсаты. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. | **Шығармашылық уақыты:** "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру". Масқаты:балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштар-лығын жетілдіру. | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсаты. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. | **"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсаты. Баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата- | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. Ата-аналарға кеңес."Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі". | | | | |

| | |
|---|---|
| аналарға кеңес):18.00-18.30 | |

Циклограмманы тексерген әдіскер:  А.Абдиева

Апталық тақырып : «Отбасылық сыйластық»

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы балабақша** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **11.09-15.09.2023ж** | | | | |
| **Тақырыбы** | «Отбасылық сыйластық» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Күн тәртібі** | 11.09.2023ж | 12.09.2023ж | 13.09.2023ж | 14.09.2023ж | 15.09.2023ж |
| **Балаларды қабылдау:8.00-.8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен балалардың күн режимі туралы әңгімелесу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):8.10-8.20** | **"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсаты. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсаты. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. | **"Орындықтарды жуу".** Мақсаты. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсаты. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсаты. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. |
| | **Үстел үсті ойыны.** | **Санамақ.** | **Үстел үсті ойыны.** | **Фотосуреттерді** | **Құрылыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Бұл үйде кімдер тұрады?"<br>Мақсаты.<br>Балалардың сөздік қорын арттыру, есте сақтау.<br>Шарты.<br>Тәрбиеші үй терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды. | Бір дегенім - бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі деген - елім,<br>Дала, туым, көлім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Үміт артар жігіт,<br>Төрт дегенім - төзім,<br>Төзе білем - өзім,<br>Бес дегенім - бақыт,<br>Бағалайтын уақыт. | "Лото".<br>Мақсаты.<br>Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету.<br>Байқампаздыққа баулу.<br>Әрбір бала ортақ атаумен біріккен отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін жинайды. | **қарастыру «Менің отбасым».**<br>Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. | **ойындары «Үй құрастырамыз».**<br>Мақсаты.<br>Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады.<br>Ойын атрибуттары.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары.<br>Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады. |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы!<br>- «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - орамалмен айналып билеу;<br>4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.<br>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қапталға жаю;<br>2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.<br>1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру;<br>2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау;<br>4 - бастапқы қалыпқа келу<br>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қолдарынан ұстап;<br>2 - жұптасып айналу;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу. | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Арпа, бидай ас екен,<br>Алтын, күміс тас екен. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | «Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді | Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау. | Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. | "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты | "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарастыру. | | | жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. | қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Буынға бөлейік"<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі".<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Допты тез лақтырамыз"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Балабақша қызметкерлерінің еңбегі" | **Сауат ашу негіздері**<br>"Буынға бөлуді қайталау"<br><br>**Математика негіздері**<br>"Бақшадағы жемістер"<br><br>**Музыка**<br>"Оқу - білім азығы"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Балабақша қызметкерлері туралы әңгімелесу. | **Математика негіздері**<br>Себет толы жемістер<br><br>**Қазақ тілі**<br>Дыбыстар мен әріптер"<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Паровоз алдыға басып барады"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Атаның сөзі - ақылдың көзі" | **Математика негіздері**<br>"Отбасымда мен нешіншімін?"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Отбасында біз бесеуміз"<br><br>**Музыка**<br>"Сағындым, әже, сағындым"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Отбасы және туыстарым" | **Сауат ашу негіздері**<br>"Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Көмекшіміз"<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"М. Төрежанов «Қамқорлық»" |
| **Серуенге дайындық:10.55-11.10** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны** | **Күзгі орманды бақылау.** | **Ауа райын бақылау.** | **Торғайларды бақылау.** | **Қайың ағашын бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Көгөністерге салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; көгөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау.<br>Зерттеу.<br>Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтау (түсі, мөлшері).<br>Топқа отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы егінді жинау.**<br>Мақсаты.<br>Көгөністерді қазуды үйрету; топта жұмыс | Мақсаты.<br>Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажырата білуге үйрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жапырақтарды ажырата білуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.** | Мақсаты.<br>Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көкөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек.**<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс жасауды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қияр, қияр".**<br>Мақсаты.<br>Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға** | Мақсаты.<br>Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: қызылшаны жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жұмыс істеуге дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. “Құстар мен мысық”, “Қарғалар” (мөлшері 2-3рет).**<br>Мақсаты.<br>Балалардың денсаулыққа, ойынға | Мақсаты.<br>Қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына тамсануға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністерді жинау.**<br>Мақсаты. Ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Қояндар мен қасқыр".<br>Мақсаты.<br>Балалардың физикалық белсенділігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Көгөністерді ата".<br>Мақсаты.<br>Көгөністердің аттарын бекітіп, допты қағып алу іскерліктерін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.**<br>Мақсаты.<br>Қимылдарды үйлестіруді дамыту. | "Секірейік".<br>Мақсаты.<br>Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты.<br>Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан, діңдерден секіруге машықтандыру. | **алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен | дамытуды жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы:13.20-15.20 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.20-15.50** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40** | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Тергеушілер".**<br>Мақсаты.<br>Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп | **Дидактикалық ойын.**<br>"Сөздер тізбегі".<br>Мақсаты.<br>Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. | **Вариативті компонент - Ағылшын тілі**<br>"How are you?"<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>**"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп** | **Дамытушы ойын.**<br>"Сынық телефон".<br>Мақсаты.<br>Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке отырады. | **Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".**<br>Мақсаты. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуда жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүрйесін нығайту, салмақтылыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Отбасы".<br>Мақсаты.<br>Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасыда атқаратын рөлі неде екендігін пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар. | Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрылысы".<br>Мақсаты.<br>Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін | **қайтамыз".**<br>Мақсаты.<br>Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нусқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды | Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады.<br>Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі | тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Педагог алғаншында жаттығуды санау арқылы өткізеді. Содан соң жиі немесе сирек (терең дем алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады. Жаттығуды жүргізуде белгілі санамақты немесе тақпақты, әнді айтқызып, жаттықтыруға болады.<br><br>**Театрландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсаты.<br>Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық-саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдын ала күн тәртібіндегі қандай оқиғаны сомдау қажет екендігін анықтап | кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты | көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Дәріхана".<br>Мақсаты.<br>Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Дәрі-дәрмектердің ойыншық пішндері, "Дәріхана" сөмкелері, ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен | жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Сұлулық салоны".<br>Мақсаты.<br>Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, | эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға алдын-ала "Үйшік" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың рөлін сомдайтын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. | мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады.<br>Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар | қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек көрсетуге арналған қандай құралдардың сатылатынын анықтайды.<br>Балалар өзара дәріханашы мен профизор рөлдеріне қатысуды білдіреді, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, | педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және нақпішіндері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын | баланы ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады.<br>Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады.<br>Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы талдау жасатады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. | орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды тұтынушылар дәріханаға келіп, бастайтынын айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. | таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысады. Дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады.<br>Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетіндегі суретті көрсету арқылы айтады.<br>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу.**<br>Мақсаты. | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.**<br>Мақсаты.<br>Балалардың тілдерін | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы. | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.**<br>Бір үйде біз нешеуміз? | **Санамақтар айтқызу.**<br>Екі көз бен қос құлақ<br>Бір бас пенен бір мұрын<br>Нешеу болды қос |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың тілдерін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру. | дамыту.<br>Мысалы:<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуіміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортаң терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде - бесеуміз. | Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. | Кел, санайық, екеуіміз.<br>Бас бармағым -а там,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортаң терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде-бесеуміз. | шырақ,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Екі аяқ пен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің.<br>Нешеу болды, қане, бол,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Сұқ саусағым суға барды<br>Ортаң қолым орақ орды.Аты жоғым ағаш жарды,<br>Жұмсамапты алақаным,<br>Тек шынашақ - балапанын.<br>(М. Қуанышбеков) |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Еркін ойындар, ауа райын бақылаулар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):**18.00-18.30** | «Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу .«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | | | | |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы балабақша** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **18.09-22.09.2023ж** | | | | |
| **Тақырыбы** | « Отбасы мүшелері» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 18.09.2023ж | 19.09.2023ж | 20.09.2023ж | 21.09.2023ж | 22.09.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** | **"Біз топ бөлмесінде және жатын** | **"Біз орындықтарды орнына** | **"Кітап бұрышындағы** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):8.10-8.20** | Мақсаты. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. | **бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. | **орналастырамыз".** Мақсаты. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. | **еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсаты. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. | Мақсаты. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. |
| | **Құрылыс ойындары.** «Иттің үйшігі». Мақсаты. Балалардың қиялын, зейінін, жануарға сүйіспеншілігін дамыту. Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс | **Үстел үсті ойыны.** "Лото". Мақсаты. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Түрлерінің ұқсастықтарына қарай әрбір бала қандай да бір | **Үстел үсті ойыны.** «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру». Мақсаты. Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "Менің сүйікті | **Үстел үсті ойыны.** "Лото". "Үй жануарлары". Мақсаты. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Карточкаларды түсіне қарай іріктеу. | **Санамақ.** Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық ... Сен, қал! Сен, шық! (Қадыр Мырза Әли) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"«Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі"<br>Мақсаты: балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына өте қажет екендігін түсіндіру.<br>Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру. | геометриялық пішінді алады, соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Ауа райын болжаймыз"<br>Мақсаты: балаларға табиғаттағы ауа-райы жағдайын (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру; табиғаттағы ауа-райына қатысты халық болжамдарымен таныстыру.<br>Логикалық жаттығу "Жыл мезгілдерін ретімен салып шық". | ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі."<br>Мақсаты: ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Ол қандай?". | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)"<br>Мақсаты: балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жаттықтыру.<br>Жаттау жаттығуы: "Қазақ халқының тәулік бөліктері". | |
| **Таңертенгі** | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жаттығу:8.20-8.35** | 1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Екі қол.<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашып, қуанады)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұрып, екі алақанды, үйкейміз солға бұрып үйкейміз)<br>М. Жаманбалиев | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу. | "Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсаты. | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. | "Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсаты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу. | Мақсаты. Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгіл өзгерістерін талқылау. | Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері** "Сөйлеммен танысайық"<br><br>**Қазақ тілі** "Отбасы мүшелері".<br><br>**Дене шынықтыру** "Спорт-көркі өмірдің".<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** "Ауа райын болжаймыз" | **Сауат ашу негіздері** "Сөйлеммен танысайық, қайталау"<br><br>**Математика негіздері** "Отбасында кімдер бар?"<br><br>**Музыка** "Менің әжем ең жақсы адам"<br><br>**Сөйлеуді дамыту** "Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. | **Математика негіздері** "Жұбын тап"<br><br>**Қазақ тілі** "Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем).Отбасы мүшелері.<br><br>**Дене шынықтыру** Спорт – бейбітшілік елшісі.<br><br>**Көркем әдебиет** «Айболит» ертегісі | **Математика негіздері** "Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)"<br><br>**Сөйлеуді дамыту** "«Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі"<br><br>**Музыка** "Бақа, бақа, бақ-бақ"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** "Саяхатшы балалар" | **Сауат ашу негіздері** "Дауысты дыбыспен танысайық"<br><br>**Жапсыру** "Менің үйім осындай"<br><br>**Дене шынықтыру** "Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру"<br><br>**Көркем әдебиет** "Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі." |
| **Серуенге дайындық 10.55-11.10** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен11.10-12.35** | **Торғайларды бақылау.** | **Қайынды бақылау.** Мақсаты. | **Жапырақтарды бақылау.** | **Көліктерді бақылау.** Мақсаты. | **Жерде жатқан жапырақтарды бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты.<br>Торғай туралы білімді бекіту және бақылауды жалғастыру; сөздік қорларын торғай туралы көркем сөзбен байыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы сыпыру.**<br>Мақсаты.<br>Еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Ұядағы құс".<br>Мақсаты.<br>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікті, зейінділікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын** | Қайыңға тән белгілерді бақылауды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.**<br>Мақсаты.<br>Түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Түстерді тап".<br>Мақсаты.<br>Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін | Мақсаты.<br>Алтын күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсуі" ұғымымен таныстыру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақшадағы қоқыстарды жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жұмыс істеу дағдыларын бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Үйіңді тап".<br>Мақсаты.<br>Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын** | Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуге үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге деген ұмтылысын қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге жинау жолдары.**<br>Мақсаты.<br>Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Түрлі-түсті көліктер".<br>Мақсаты.<br>Физикалық | Мақсаты.<br>Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау.**<br>Мақсаты.<br>Жұмысты бірлікте орындауға деген ұмтылысты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>“Аттар”.<br>Мақсаты.<br>Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; "Ер қанаты - ат" деген ұғымды қалыптастыру; жарыса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | **әрекеттері.**<br>Бір аяқпен орнында секіру.<br>Мақсаты.<br>Шапшаңдықты дамыту. | белсенділікті заттарды пайдаланып (рульдермен), ойын арқылы дамытуды жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері.**<br>Орыннан екі аяқпен секіру.<br>Мақсаты.<br>Шапшаңдықты дамыту. | ойнауға үйрету, ұлттық дәстүрді тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді сол топ жеңіске жетеді.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы: 13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) **16.10-16.40** | **Дидактикалық ойын.**<br>"Бұл қай мезгілде болады?"<br>Мақсаты.<br>Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. | **Вариативті компонент - Ағылшын тілі**<br>"Saying goodbye. Letter Bb"<br><br>**Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".**<br>Мақсаты.<br>Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: доп. | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br>"Жер әлемі"<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".<br>Мақсаты.<br>Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог | **Дидактикалық ойын.**<br>"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).<br>Мақсаты. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, | **Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да түсін ата".**<br>Мақсаты. Балалардың допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атай білуде жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту.<br>Құралдар. Доп.<br>Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Цирк".<br>Мақсаты. Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсаты.<br>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындардағы әдептілік, тамақтану әдебі ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. | Шарты.<br>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).<br>Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқаруы мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін.<br>Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!" не "Су!", не "Аспан!", не "Жер!" деп, допты қолға лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, су асты жануарын атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не | жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Зообақ".<br>Мақсаты.<br>Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған | зеректікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады.<br>Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады.<br>Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады.<br>Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. | түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер).<br>Шарты.<br>Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлерінің (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты.<br>Алдымен педагог аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін әртүрлі тағамдарды дайындау қызметі және оның маңызы туралы балалармен әңгімелеседі.<br>Суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы | жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсаты.<br>Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ветеринарлық емхана | жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар | Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Табиғи қорық".<br>Мақсаты. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. | әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді.<br>Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды.<br>Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады.<br>Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды.<br>Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданылады. Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келмей тұрып (балалар орындарында отырып), қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде, балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген | қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық емхана жайында әңгімелесу керек. Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы | және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты. Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін | Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы | білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға тағамдарды әкеліп, соңында "төлемді" жасайды.<br>Балаларға "даяшы" , "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдалануы тиіс.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдарды татуы үшін, аспазхана | ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек.<br>Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды.<br>Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге | мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады.<br>Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді.<br>Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін | ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек.<br>Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады.<br>Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлері көп еңбек етеді; "рақмет" және "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану - адамның қоғамдық жердегі ережелерді орындаудағы негізгі міндеті. | қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы тиіс. | жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту. | келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек. | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. | Тақпақ айтқызу. "Күзде" (Ескен Елубаев)<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа,<br>Алғыс сағаң, алтын күз! | "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. | Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз! | | |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Жанды және жансыз табиғат" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):**18.00-18.30** | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу. | Ата-аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. | «Менің достарым» атты тақырыпта әңгімелесу. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

»

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы балабақша** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **25.09-29.09.2023ж** | | | | |
| **Тақырыбы** | « Балабақша біздің үйіміз» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 25.09.2023ж | 26.09.2023ж | 27.09.2023ж | 28.09.2023ж | 29.09.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; балаларға жағымды орта туғызу. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім** | **"Жабық өсімдіктерді** | **"Асхана бойынша кезекшілік".** | **"Шешіну бөлмесінің** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 8.10-8.20** | **жасау".**<br>Мақсаты.<br>Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. | **бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".**<br>Мақсаты.<br>Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. | Мақсаты.<br>Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету.<br>Балаларға айтылатын нұсқаулар.<br>Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. | **шкафындағы тәртіп".**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсаты.<br>Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу.<br>Еңбеккорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. | Мақсаты.<br>Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ниетін тәрбиелеу еңбек етуге, ересектерге көмектесу. |
| | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Жалпы атауын бер".<br>Мақсаты.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі | **Саусақ жаттығуы.**<br>Он саусақ.<br>Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де. | **Дидактикалық ойын.**<br>«Домино».<br>Мақсаты.<br>«Баланың көліктер жайлы білімдерін | **Дидактикалық ойын.**<br>«Суретті құрастыр».<br>Мақсаты.<br>Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, | **Дамытушы ойын.**<br>"Мен өзіммен бірге жолға аламын".<br>Мақсаты.<br>Логикалық ойлауды дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздардың және ұлдардың киімдері) | Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев | дамыту, пысықтау.<br>Сәйкес көлікті тауып дұрыс ататқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар.<br>Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. | тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Ойын шарты.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті.<br>Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар.<br>Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлімдері 7×8 см карточкалар). | Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Сипаттама.<br>Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда). |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таңғы асты тастама. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | ҚР Рәміздері туралы әңгімелесу. | ҚР Елбасы мен президенті туралы әңгімелесу. | Туған тіл туралы мақал-мәтелдер жаттау. | Астана қаласының суретіне қарап әңгімелесу. | "Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыстар "<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Уақыт. Күн тәртібі және тәулік бөліктері".<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Допты еденнен ыршытып жоғары лақтыру"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Қазақстанның қазба байлықтары" | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыспен танысуды қайталау"<br><br>**Математика негіздері**<br>"Ауылдағы қызықтар"<br><br>**Музыка**<br>"Табиғат көрінісі"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Табиғат тақырыбында суретпен жұмыс" | **Математика негіздері**<br>"Тәулік бөліктерін қайталау"<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар".<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Сапқа тұр"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Құлыншақ» (өлең) М. Жаманбалинов | **Математика негіздері**<br>"Қазақстан Отанымды мен не үшін сүйемін?"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Рәміздер - ұлттық құндылық"<br><br>**Музыка**<br>"Ана тілім"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Елімнің байлығы - тұз" | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауыссыз дыбыспен танысайық"<br><br>**Құрастыру**<br>"Балабақша - біздің үйіміз"<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өту"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Ана тілім - байлығым" |
| **Серуенге дайындық 10.55-11.10** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Ауа райын бақылау.** | **Ауа райының жағдайын бақылау.** | **Қайынды бақылау.**<br>Мақсаты. | **Жыл құстарын бақылау.** | **Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруға үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: күзгі жапырақтарды жинау.** Мақсаты. Жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Қаз-аққулар", "Ұстап ал". Мақсаты. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; достық қатынастарды дамыту. **Өзіндік еркін ойын** | Мақсаты. Табиғи құбылыс - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауға үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қоқыстарды жинау.** Мақсаты. Бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Кім жылдам", "Батпырауық және тауық". Мақсаты. | Жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты тазарту.** Мақсаты. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Қайыңға қарай жүгір". Мақсаты. Педагогтің белгісі | Мақсаты. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тұқымдарын жинау.** Мақсаты. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Ит пен торғай". Мақсаты: торғай мен итке тән қимылдары туралы білімді бекіту; олардың дауыстарына еліктеуге үйрету. | Мақсаты. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жүйекшелерді үгінділермен толтыру.** Мақсаты. Жұппен жұмыс істеуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Қай жерде жасырылғанын тап". Мақсаты. Кеңістікті бағдарлау. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсаты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеттері: "Мені қуып жет".** Мақсаты. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету. | Жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін жетілдіру; реакцияны дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Өзенді кесіп өт".** Мақсаты. Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары. | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсаты: допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту. | Жүру және жүгіру техникасын жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай, көрпелерін жамылып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатқан | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шаралары: 15.20-15.50** | гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады)<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40 | **Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Қанқыз"<br>Мақсаты: балаларды қағаздан құрастырудың түрлі әдістерін қолданып қаңқыз үлгісін жасауға үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Жәндіктерді құрастыр".<br><br>**Дамытушы жаттығу.**<br>"Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"<br>Мақсаты.<br>Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін | **Логикалық ойын.**<br>"Келешекте неге айналады?"<br>Мақсаты.<br>Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін.<br>Педагог | **Дидактикалық ойын.**<br>"Сөздер тізбегі".<br>Мақсаты.<br>Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті | **Дамытушы жаттығу.**<br>"Не өзгерді?"<br>Мақсаты.<br>Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге дейін | **Дидактикалық ойын.**<br>"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары).<br>Мақсаты.<br>Балалардың белгілі құбылыстар салынған карточкаларды логикалық екі карточка жұптарына жинап, біріктіру; білімдерін жүйелей білу, есте сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылықтарды арттыру; ізденімпаздыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Суреттер жұптары (екінші суретте, бірінші суретке қарағанда көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады).<br>Шарты.<br>Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруге ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда, не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсаты.<br>Балалардың | тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беру мүмкін.<br>Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек.<br>Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіру мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?"<br>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; | келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Отбасы".<br>Мақсаты.<br>Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасыда атқаратын рөлі неде екендігін пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық, | жеткізуге болады. Ойыншықтар сапта тұрған кезде, балалар олардың реттік санын айтуы мүмкін. Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың қатардағы тұрғанын өзгертеді. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың қай орынға ауысқанын айтады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрылысы".<br>Мақсаты.<br>Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, | тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі табиғи құбылыстар салынған сурет-карточкалар.<br>Шарты.<br>Балалар табиғат құбылыстарын шартты белгілі суреттерге қосып, логикалық жұптарды құрастыру керек.<br>Логикалық жұптар тізбектері мына сияқты болуы мүмкін: тамшы - жаңбыр; тамшы - мұздардың шатырдан тамшылағаны; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - жапырақ - бұта; жапырақ - гүл; т.б.. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік сақтау, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты. | күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Пошта".<br>Мақсаты. Балаларға поштаның қандай жер екендігін түсіндіру, бұл жерде қандай мамандар қызмет ететіні туралы жалпы мағлұматтарды бекіту; ойын кезінде ауыспалы заттарды (хат, тапсырыс хат, бандероль, | саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар өзара отбасы мүшелері рөлдерін бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдын-ала күн тәртібіндегі қандай оқиғаны сомдау қажет екендігін анықтап жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу | еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа | **Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Театр".<br>Мақсаты. Балалармен бірге театр орнының не екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын, ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарықты беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын қалыптастыру; мәдени мекемеде тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сахна орны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балалармен бірлесіп, алдын ала жұмыста аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тамақтандыру қызметінің маңызы туралы әңгімелеседі. Алдымен атқарылатын жұмыстарда суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады, сонымен бірге педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар | сәлемдеме) қолдануды үйрету; топтастармен бірлесіп, ойын желісіне қосылып, өз орнын табуға ынталандыру; ойлау, ой-қиял, қарым-қатынастық қабілеттерді дамыту; заттармен және заттарсыз әрекеттену біліктерін дамытуды; еңбекті құрметтеуге, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. "Пошта" жазуы, арнайы бөлінген орындар; қаптау қағаз материалы, байлауға жіптер, қайшы; хат, тапсырыс хат, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; | тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. | қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. | "Театр" жазуы; сахналық қойылымдарға қажет сахна макеттері (үйшік, ағаш, қаша, т.б.), мүмкіндік болса, перделер), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлер қолға ұстайтын қажетті құрал-жабдықтар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, театрда қандай қойылымдар болатыны туралы суреттерді қарастырып, көрермендер мен артистер арасында қандай айырмашылықтарды ң болғанын анықтайды. Қойылымның көрермендердің алдында әдемі өтуіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады.<br>Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды.<br>Барлық тағамдар әзірленген кезде, балаларды (тұтынушыларды) тамақтану залына шақырылады.<br>Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға әкеліп, соңында ""төлемді"" | қаламсаптар, маркерлер, маркалар салынған таңбалауыштар, қарындаш желімдер, телефон, руль.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, поштаға экскурсияны ұйымдастыру мүмкін, немесе поштаның қызметі жайында суреттерді, бейнежазбаларды тамашалап, белгілі сюжеттер бойынша әңгімелеседі.<br>Алдын-ала жұмысында педагог поштада еңбек ететін байланыс операторы, пошташы, байланысты атқарушы кезекші, экспедитор сияқты мамандардың жұмысын түсіндіреді. | | Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. | режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарықты беруші, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандардың орны туралы талқылайды.<br>Балалар әрбір маманның сахна қойылымын дайындауда қандай әрекеттерді жасайтыны туралы шағын жаттығуларды алдын-ала жасауларына болады.<br>Содан соң қалаған балалар белгілі рөлдерді атқаруға өз қалауларын білдіреді, орындарын алып жатады.<br>Артистерді біріктіру үшін, педагог алғашында режиссер міндетін өзіне алады, белгілі ертегінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасайды.<br>Балаларға ""даяшы"", ""мәзір"", ""тағам"" сияқты жаңа сөздерді айтқызады, балалар сол сөздерді пайдалану керек.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдарды татуы үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; ""рақмет"" пен ""өтінемін"" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс | Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады.<br>Қалған балалар поштаға келіп, өз қалаулары бойынша ауыспалы заттардың бірін алып, оларды ресімдейді, қызметкерлерге береді.<br>Педагог ойын барысында балалардың атқаратын рөлдері бойынша қосымша сұрақтар қойып жатады, ойын желісінің дамуын қамтамасыз етеді.<br>Балалар сұрақтарға жауап бере жүріп, өз рөлдерінде жаңа қырларын танып жатады.<br>Соңында педагог | | | сюжетін таңдайды.<br>Педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: сахна қойылымы көрермендерге қызықты болу үшін, тек артистер ғана емес, көптеген мамандар жұмыс істейді; еңбекті қадірлеу керек; театр - мәдени орынның бірі, бұнда сыпайылық ережелерін ұстанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану, адамның қоғамдық жерде ережелерді орындаудағы негізгі міндеті. | балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар арасында байланыс үздіксіз және жылдам болуы үшін, пошта қызметкерлері көп еңбек етеді; пошта - қоғамдық орындарының бірі болып, бұнда сыпайылық ережелерін сақтау керек. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | Артикуляциялық жаттығулар. | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>"Туған елдің ұлымын" (Асқаржан Сәрсеков).<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей | "Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. | Артикуляциялық жаттығулар. | Дидактикалық ойын. "Жұмбақ сан".<br>Мақсаты.<br>Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | нәзікпін.<br><br>Қуат алған өзінен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін. | | | Сипаттама.<br>Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан оны болжауды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін сіз баламен рөлдерді өзгерте аласыз. |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюлерін қадағалау. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Менің Қазақстаным" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30 | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі жағдайды балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйрету керек" ата-аналарға кеңес. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Отбасының салауатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері» атты сұрақ-жауап. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы балабақша** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **02.10-06.10.2023ж** | | | | |
| **Тақырыбы** | «Алтын күз» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 02.10.2023ж | 03.10.2023ж | 04.10.2023ж | 05.10.2023ж | 06.10.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Балалардың дене қызуын өлшеп, дене терісін және көңіл-күйін тексеріп қабылдау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен оқу құралдары және балалардың оқу қызметіне қалай қатысатындары жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | "Өсімдіктерді құнарландыру". | "Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде | "Біз орындықтарды орнына | "Кітап бұрышындағы еңбек". | "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер); 8.10-8.20** | Мақсаты. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. | терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. | орналастырамыз". Мақсаты. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, орындау. | (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсаты. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. | Мақсаты. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. |
| | Үстел үсті ойыны "Лото - Жыл мезгілдері". Мақсаты. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Бұл қашан болады? Балалар жыл | Үстел үсті ойыны "Лото - Жеміс-жидектер мен көкөніс. Мақсаты. Балалардың жеміс-жидек, көкөніс жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін | Дамытушы ойын "Төлін тап". Мақсаты. Үй жануарларының төлін табу арқылы балаалрдың білімдерін бекіту. Муляжбен үй жануарларының төлдерін табуға | Саусақ жаттығуы "Топ, топ добым, домалақ". Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің | Үстел үсті ойыны. "Сиқырлы сандар". Мақсаты. Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды. | орындарын дұрыс ататқызу.<br>Ойын шарты. Көкөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру.<br>Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау, гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. | үйрету. | Үш, төрт, бес, - үлгердім<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті, - дегенде,<br>Жеттің шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз, он - дедім<br>Сайға сырғып жөнелдің | |
| **Таңертенгі жаттығу:**<br>**8.20-8.35** | 1."Секіртпені соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіпті қолмен ең шетінен ұстау.<br>1-секіртпені қолмен ең шетінен ұстап, қолды алға созу.<br>2-жоғары көтеру, 3- кеуде тұсына әкелу. 4- б.қ. келу.<br>2. "Сағаттың тілі" жаттығуы:<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстап, қолды жоғары көтеру.<br>1-оңға еңкею.<br>2-бастапқы қалыпқа келу.<br>3-солға еңкею. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4-бастапқы қалыпқа келу.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде.<br>1-2- тізені алшақ, секіртпемен қолды жоғары көтере сәл отыру.<br>2-бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату.<br>1-3-артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты өтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға,жоғары көтеру.<br>4-бастапқы қалыпқа келу.<br>5. "Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстап, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1-заттарды аттап жүру.<br>2-секіртпемен еркін секіру. | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері жайлы әңгімелеседі. | "Күз" туралы жұмбақтар шешу. | "Күз" туралы тақпақтар жаттау. | "Күз" тақырыбына байланысты мнемотехникамен жұмыс жасау. Балалар суретке қарап сөйлемдер толық мәтінді құрастырады. | Мозаика<br>Мақсаты. Балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Үйымдастырылған іс-әрекет:9.15-1055** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауыссыз дыбыстар"<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Менің Отаным - Қазақстан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері".<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Кел, күш сынасайық"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Алақай, күз келді" | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауыссыз дыбыстарды қайталайық"<br><br>**Математика негіздері**<br>"Астанаға саяхаттап барамыз"<br><br>**Музыка**<br>"Көңілді ноталар"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Сиқырлы ұяшықтар" | **Математика негіздері**<br>"Әсем қалалар"<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Менің Отаным - Қазақстан. [А], [Ә] дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Күшіміз - бірлікте"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Күз» (өлең) Ілияс Жансүгіров | **Математика негіздері**<br>"Саябақтың жапырақтарын кім санапты?"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Күз» өлеңі Мұқатай Жылқыайдарұлы"<br><br>**Музыка**<br>"Әңгелек"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Бау-бақшамыз - сәніміз!" | **Сауат ашу негіздері**<br>"[а] дыбысы және Аа әрпі, әріп таңбасын жазу".<br><br>**Сурет салу**<br>"Жаңбырлы күн"<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Гимнастикалық орындықта білек пен тізеге сүйене отырып еңбектеу"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Күз» М.Әлімбаев «Сары жапырақтар жауғанда» (жаттау)" |
| **Серуенге дайындық 10.55-11.10** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Қара жидекті бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Қара жидекпен | **Тастарды бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Тастар туралы, жансыз табиғаттағы | **Желді бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Желдің күшін анықтауды үйренуді | **Жапырақтың түсуін бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Табиғаттағы | **Қарақатты бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Қарақатпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танысуды жалғастыру.<br>Зерттеу.<br>Қара жидек жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**<br>ауланы тазарту.<br>Мақсаты.<br>Еңбек әрекеттерін орындауға үйрету; топта жұмыс істеуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Орман жолдары".<br>Мақсаты.<br>Жағдайларға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.<br>**Өзіндік еркін** ойын әрекеттері, далаға алып шығатын | заттар туралы түсінік қалыптастыру.<br>Зерттеу.<br>Тасты үлкейткіш әйнек арқылы тексеру. Не көрінеді? (Жарықтар, өрнектер.)<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**<br>бақшадағы тастарды жинау және олардан композиция құрастыру.<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Тас, қайшы, қағаз", "Епті жұп".<br>Мақсаты.<br>Педагогті мұқият тыңдауға үйрету, | жалғастыру; балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**<br>ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту.<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рахат алуға үйретуді жалғастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Батпырауық пен тауық".<br>Мақсаты.<br>Педагогтің бұйрықтарын тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.<br>**Өзіндік** еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын | маусымдық өзгерістер туралы білімдерін кеңейту.<br>Зерттеу.<br>Бірден құлап түскен жапырақтарды табу; жан-жаққа тербеліп ақырын ұшатын жапырақтарды табу; бұтақтарға жабысып ұшатын жапырақтарды табу; түскен жапырақтардан асфальтқа өрнек салу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**:<br>балабақша алаңында жапырақты тазартуда сыпырушыға көмектесу.<br>Мақсаты.<br>Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп | таныстыруды жалғастыру.<br>Зерттеу.<br>Қарақат пен итмұрын арасындағы айырмашылықтарды табу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**<br>бақшада өсетін бұталарға күтім жасауға ересектерге көмектесу.<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеу қабілеті мен тілегін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Жыртқыш"<br>Мақсаты.<br>Жүгіру жылдамдығын, ептілікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін** ойын әрекеттері, далаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдармен ойындары, қозғалыстарды дамыту.<br>Жалпы дамыту жаттығулары.<br>Мақсаты.<br>Жалпы дамытушы жаттығуларға деген қызығушылықты сақтау. | табандылықты дамыту; допты бұрышқа лақтыруды үйрену.<br>**Өзіндік** еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты. Допты нысанаға лақтыру қабілетін нығайту. | материалдармен ойындар: доппен жаттығу.<br>Мақсаты.<br>Допты екі қолмен ұстап жерге лақтыруды жалғастыру. | жұмыс істеу қабілетін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Түлкі мен қоян".<br>Мақсаты.<br>Жануарлардың өмір салты мен әдеттері туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Өзіндік** еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. | алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. |
| **Серуеннен оралу: 12.35-12.50** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы:13.20-15.20 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.20-** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **15.50** | | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40 | **Дамытушы ойын.** "Суретшінің қатесін тап". Мақсаты. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. | **Дамытушы ойын.** "Сынық телефон". Мақсаты. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші | **Дидактикалық ойын.** "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсаты. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың | **Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".** Мақсаты. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай | **Сөздік жаттығу.** "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсаты. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қояннның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғардан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте | болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, | дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ- | болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".** Мақсаты. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау салттары жайындағы білімдерін кеңейту; жақынға деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атап | Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек.<br>- Жаңбыр - жаңбырлы.<br>- Шатыр - қолшатыр.<br>- Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс.<br>- Ай - Айжан, Айбол, Айнұр.<br>- Аяқ - аяққиім, аяқтау.<br>- Шаш - шашбау.<br>- Көз - көзілдірік, Аякөз.<br>- Қап - қолғап; қаптау.<br>- Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары.<br>- Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және т.б..<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сән көрсету подиумы".**<br>Мақсаты. Балалардың "сән көрсету" және "подиум жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель деген мамандық иесі жайында түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау | бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Сұлулық салоны".<br>Мақсаты. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты | тоқ" деп дыбыстайды т.б..<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Көлік жөндеу шеберханасы".<br>Мақсаты. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. | өтуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды нақпішіндері, журналдан қиылған суреттері; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.<br>Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, алдын-ала әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған | "Мектеп".<br>Мақсаты. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Үстел мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамға деген құрметке, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Подиум жолының макеті, түрлі киім үлгілері, киім үлгілерінің сызбалары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдын-ала түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, зерттейді, олар жайында әңгімелеседі.<br>Әңгімелесулер барысында педагог сән көрсету, подиум туралы, киім | мамандар қолданатын ойыншық құралдар және моделдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог ойын алдында немесе оның алдында балалармен сұлулық салынанды қызметететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысадыдәріханад | Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін | күнін атау салтының қайдан келгенін талқылайды.<br>Балалар, туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегі жасау керектігін жоспарлайды.<br>Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды.<br>Туған күні иесін балалар санамақ арқылы тағайындау мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеру тиіс.<br>Алғашында педагог | орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер.<br>Шарты.<br>Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын-ала қарап, мұғалім мен оқушылар жайында әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады.<br>Алғашында мұғалімнің рөлін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлгісінің дизайнері, фотосуретші, модель бала (қыз бала, ұл бала) туралы нақтылы түсініктерді ұсынады.<br>Педагог көрнекі материалдарды дайындаған кезде балалар сән үлгілеріне көңіл аударуы керек.<br>Балалар дизайнерді таңдап, ол киім үлгілерін дайындайды, модель балаларға киім үлгілерін көрсетеді; көрсетілім өткеннен кейін, сахнаға шығып, құрметін білдіреді.<br>Фотосуретші - модель (сән үлгісін көрсетуші) балалардың жүрісі кезінде оларды фотосуретке түсіріп | а қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді.<br>Балалар өзара сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады.<br>Педагог мамандарға өз орындарын дайыпдап отыру жайында, ал тұтынушылар өз | анықтайды.<br>Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты | өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуінде бірнеше себеп болады: қонақтардың жақсы ниетті, дос болғандығы, тағамдарды дәмді болғандары, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалғаны. | педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады.<br>Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатады.<br>Модель балалар өз киім үлгілерін подиум жолымен асықпай жүріп, көрермендерге киім үлгісін ұсынады.<br>Ұлдар мен қыздардың жүрісі бөлек болады, бұны ескеру керек.<br>Қалған балалар көрермендер болып, өз орындарына қатарға отырады, көрсетілімді тамашалап, қошеметтейді.<br>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист | мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетін көрсету жайында айтады.<br>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюда жаттықтырады. | тексеру керек;<br>жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болып, ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: дизайнер болу үшін киім үлгісін әдемі салу керек, киімді әдемі тігу керек; модель (сән үлгісін көрсетуші) болу үшін әдемі жүріп, суретке, көрерменге киімнің үлгісін әдемі жағынан көрсету керек; фотосуретші суреттерін әдемі шығару керек; барлығы адамдар үшін; сәнді көрсету еңбегінде көп төзімділік қажет. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Дидактикалық ойындар.** "Геометриялық пішіндер". | **Саусақ театры.** "Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** | **Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды** | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты.<br>Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.<br>Көрнекілік.<br>Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер.<br>Барысы.<br>Балалар геометриялық піщшіндерді пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа).<br>Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды<br>а) дөңгелектерден | сахналау. | Мақсаты.<br>Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына деген қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына | **айтқызу.**<br>"Күз" Мұқатай Жылқыайдарұлы.<br>Алма, өрікті қамбаларға<br>Толтырды әкеп<br>алтын күз.<br>Шәкірт болып парталарға<br>Отырды кеп алтын күз.<br><br>Бұлт болып та Алатауға<br>Байланыпты алтын күз.<br>Дастарханда таба нанға<br>Айналыпты алтын күз. | Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту.<br>Барысы.<br>Нұр-Сұлтан - мемлекетіміздің астанасы, әдемі, үлкен қала. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біреуін артық етіп, ұшбұрыштарды қойыңдар (үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);<br>б) мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);<br>в) дәл осындай пішінді көрсетіңдер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіңдер.<br>Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады.<br>Ойынның барысында балалардың зейіні, | | отырып, тапсырманы күрделендіре алады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді. | | | | |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Алдымен топтағы аяққиімдерін ауыстырып, аяққиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) 18.00-18.30 | Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?» | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту. | Айына бір рет отбасы күнін өткізу. | "Қош келдің, Алтын күз" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

Апталық тақырып : «Күзгі жапырақтар»

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы балабақша** | «Айару» бөбекжай балабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен»тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **09.10-13.10.2023ж** | | | | |
| **Тақырыбы** | «Күзгі жапырақтар» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 09.10.2023ж | 10.10.2023ж | 11.10.2023ж | 12.10.2023ж | 13.10.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **8.10** | пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту. "Қош келдің, Алтын күз" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 8.10-8.20** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсаты. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс- | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз ".** Мақсаты. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, орындау. | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсаты. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсаты. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша |
| | әрекетпен көрсету. | | | тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. | дербестігі мен дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Үстел үсті ойыны."Лото".** Мақсаты: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы | **Үстел үсті ойыны "Лото - Жеміс-жидектер мен көгөніс.** Мақсаты. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс ататқызу. Ойын шарты. Көгөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру. Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсаты: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру. Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер | **Саусақ жаттығуы "Топ, топ добым, домалақ".** Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. **Еркін ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. | | |

| | |
|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1."Секіртпені соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіпті қолмен ең шетінен ұстау. 1-<br>секіртпені қолмен ең шетінен ұстап, қолды алға созу.<br>2-жоғары көтеру, 3- кеуде тұсына әкелу. 4- б.қ. келу.<br>2. "Сағаттың тілі" жаттығуы:<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстап, қолды жоғары көтеру.<br>1-оңға еңкею.<br>2-бастапқы қалыпқа келу.<br>3-солға еңкею.<br>4-бастапқы қалыпқа келу.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы. |

| | |
|---|---|
| | Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде.<br>1-2- тізені алшақ, секіртпемен қолды жоғары көтере сәл отыру. 2-<br>бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату.<br>1-3-артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты өтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға,жоғары көтеру.<br>4-бастапқы қалыпқа келу.<br>5. "Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстап, қолды төмен түсіріп тұру. 1-заттарды аттап жүру.<br>2-секіртпемен еркін секіру. |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты, Дайын<br>дәмді тағамдар. Үлпілдеген<br>тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты. Қою<br>сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке. Түлкіге<br>қою айран, Тышқанға дәндер<br>салам. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері жайлы әңгімелеседі. | "Күз" туралы жұмбақтар шешу. | "Күз" туралы тақпақтар жаттау. | "Күз" тақырыбына байланысты мнемотехникамен жұмыс жасау. Балалар суретке қарап сөйлемдер толық мәтінді құрастырады. | Мозаика Мақсаты. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері -14** "[а] дыбысы және Аа әрпін қайталау, әріп таңбасын | **Сауат ашу негіздері -15** "[н] дыбысы және Нн әрпі, әріп таңбасын жазу" | **Математика негіздері - 15** "Геометриялық пішіндер" | **Математика негіздері - 16** "Қанша салсаң, сонша жинайсың" | **Сауат ашу негіздері-16** "[н] дыбысы және Нн әрпін қайталау, әріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жазу"<br><br>**Қазақ тілі -9** "Жыл мезгілдері. Алтын күз".<br><br>**Дене шынықтыру -14**<br>"Кішкентай доптар"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру - 10**<br>"Себет толы көгөніс пен<br>жеміс" | **Математика негіздері - 14**<br>"Сайқымазақтард ы кім санапты?".<br><br>**Музыка -10**<br>"Кел, ән тыңдайық!"<br><br>**Сөйлеуді дамыту - 10**<br>"Жемістер мен көгөністер" | **Қазақ тілі - 10**<br>"Жыл мезгілдері. Алтын күз. [О], [Ө] дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".<br><br>**Дене шынықтыру -15**<br>"Достарыңа көмектес"<br><br>**Көркем әдебиет - 10**<br>"Жұмбақтар әлеміне саяхат" | **Сөйлеуді дамыту - 11**<br>"Жемістер мен көгөністер"<br>пысықтау<br><br>**Музыка-11**<br>"Күз қазан"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру-11**<br>"Қияр қалай өсіп шығады" | таңбасын жазу"<br><br>**Мүсіндеу - 2**<br>"Күзгі жапырақтар"<br><br>**Дене шынықтыру -16**<br>"Достарыңа көмектес"<br>пысықтау<br><br>**Көркем әдебиет - 11**<br>"Жұмбақтар әлеміне саяхат"<br>пысықтау |
| Серуенге дайындық:<br>10.55-11.10 | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен:11.10-12.35** | **Бұлттарды бақылау**<br>Мақсаты: балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру.<br>**Экологиялық міндет:** жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.)<br>Сұрақтар: | **Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады).**<br>**Мақсаты:** балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауға үйрену.<br>**Экологиялық міндет:** экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту.<br>Сұрақтар:<br>- Жаңбырдан кейін шалшық | **Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда болады)**<br>**Мақсаты:** балаларды құбылыс - бұршақпен таныстыруды жалғастыру.<br>Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл | **Жаңбырды бақылау**<br>Мақсаты: жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту<br>Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар.<br>Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту(су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер | **Суды бақылау**<br>Мақсаты: балалармен суды ұқыпты ұстау туралы есте сақтау.<br>**Тәжірибе: "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады".**<br>Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стаканға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз. | қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейміз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан | мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - бұл табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. **Экологиялық міндет:** судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау. **Көркем сөз** Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? | тамшылар кішірек болса -жауын сіркірейді,ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса-тікелей, қисық). Жазда жауын әр түрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін –бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты | болды? (Қызыл, көк, сары, қызыл). Судың түсі бояудың суға қандай түсті қосылуына байланысты. Қорытынды. - Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез-келген түске оңай бояуға болады) **Көркем сөз** Самал жел, бізді желдетші, Күн нұры, бізді жарқырат. Таза ауа, дем берші, Мөлдір су, бізді салқындат. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем сөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп,<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**Жұмбақ**<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды. (Бұлт)<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** | тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады.<br>**Көркем сөз**<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай | Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | болатынын атаған жөн. Жерден жоғары ауа өте суық, ол жер буынын суытады. Жазда жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту.<br>**Көркем сөз**<br>Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>Жау аяма нөсерле,<br>Сенсіз бір түп өсеме?<br>Құйып, құйып өтпесең<br>Бұлт жөніне | **Дидактикалық ойын "Батады-батпайды"**<br>Мақсаты:заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.<br>**"Су қандай?" —** балалар суды сипаттайды.<br>Мақсаты:салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу:<br>**"Сумен ойындар" -** үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам | ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог | Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! | көшер ме? **Жұмбақтар:** Тіл былдыр, үні сылдыр. (Жаңбыр) Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай) **Мақал-мәтел:** Жаңбыр жауса – жер ырысы. **Еңбек: қолөнерге арналған жағалаулардан қызықты малтатастарды жинау.** Мақсаты: ортақ мақсат үшін саналу жұмыс істеуге үйрету. **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды жүгіру | ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құйады, қуыршақтарды жуындырады және т.б. **Еңбек: ойыншықтарды жуу (оларды өңдеуге болады), төсеншке жаю, кептіру.** Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. **"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды | таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**Еңбек: алаңды** | Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе | бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек | Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:<br>Айгөлек-ау,<br>айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Осы топтың ішінен,<br>Анар атты қыз<br>(Асан атты ұл )<br>керек! - деп шақырады.<br>Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды.<br>**Еңбек: балалармен бірге гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойын:** | **тазарту ұжымдық еңбегі.**<br>Мақсаты: жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.<br>**Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>Мақсаты: ұшу ауқымын дамыту.<br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады.<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық,<br>шиық-шиық. | "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде | керек.<br>Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Олай болса, бұл баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін аңғарамыз.<br>**"Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Күн мен жаңбыр".**<br>Мақсаты: балалардың шығармашылығын, кеңістіктегі бағдарын, жылдамдығын, зейінін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың | | Секектеймін<br>ыршып та,<br>Кезікпеймін<br>қырсыққа,<br>Ұстатпаймын<br>мысыққа,<br>Түк-түк, түк-түк,<br>Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін.<br>**Еңбек: гүлзарларды суару.**<br>Мақсаты: ересектерге көмек | "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып | қозғалыс**та көрсете білу.**<br>**Еркін ойындар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, тек артпен жүгіру, т.б.) Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | | көрсету; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан | келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **"Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсаты: лақтыру нақтылығын,ептілікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу. Еркін ойындар. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | уақытқа жылдам секіруге шақыру. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | | |
| **Серуеннен оралу: 12.35-12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға | **Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, | **Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: майлықты қолдануды дағдыландыру. Нанды қопсытпау, орындықты итеру, | **Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу | **Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: тағам дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану ас құралдары, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | назар аудару;<br>этикет ережелерін қаталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарам**ын қарымын.** | Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сә**ні бар.** | тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу. **Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан, | ережелерін бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы. | майлық; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.<br>Көркем сөз<br>Ей балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. | | |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:15.20-15.50** | **Біртіндеп ұйқыдан тұру (музыка ақырын ойнап тұр).** Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық!<br><br>Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу. **Тыныс алу жаттығуы:** Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1.«Балапандар серуенге шықты» шық - шық - шық. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. **Көркем сөз** Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, | Біртіндеп ұйқыдан ояту. Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. **«Ұшақ» жаттығуы.** Мақсаты: омыртқаның бұлшықет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшықеттерін күшейту. **Көркем сөз** | Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады. | жүру.<br>3. Ілгекті жолмен жүру.<br>4. Тастардың үстерімен жүру.<br>5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.<br>6. Табандар арқылы жүру.<br>**Көркем сөз**:<br>Балапандарым кәне ұйқыдан тұрайық.<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан | Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз. | Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық! | көмектеседі. **Көркем сөз** Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | оянады. | | | қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.10-16.40 | **Дамытушы ойын.** "Суретшінің қатесін тап". Мақсаты. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді | **Дамытушы ойын.** "Сынық телефон". Мақсаты. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні | **Дидактикалық ойын.** "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсаты. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық | **Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".** Мақсаты. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды | **Сөздік жаттығу.** "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсаты. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтар ды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы | санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы | мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап | эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай | дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар , түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокаточкаларғ а қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкін:<br>"Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады",<br>"Қояннның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді",<br>"Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғардан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте | отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды.<br>Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды.<br>Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға | алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады.<br>Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады.<br>Мысалы, "жел ш- ш-ш" немесе "у-у- у" деп дыбыстайды.<br>Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..<br><br>**Сюжетті-рөлдік** | жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".**<br>Мақсаты.<br>Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау салттары жайындағы білімдерін кеңейту; жақынға деген сүйіспеншілікке, достыққа | - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр.<br>- Аяқ - аяққиім, аяқтау.<br>- Шаш - шашбау.<br>- Көз - көзілдірік, Аякөз.<br>- Қап - қолғап; қаптау.<br>- Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары.<br>- Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Мектеп".<br>Мақсаты.<br>Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және т.б..<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сән көрсету подиумы".**<br>Мақсаты. Балалардың "сән көрсету" және "подиум жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель деген мамандық | ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Сұлулық салоны".<br>Мақсаты. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, | **ойын.**<br>"Көлік жөндеу шеберханасы".<br>Мақсаты. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, | тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Туған күнді атап өтуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды нақпішіндері, журналдан қиылған суреттері; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.<br>Шарты.<br>Педагог | қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Үстел мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | иесі жайында түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамға деген құрметке, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Подиум жолының макеті, түрлі киім үлгілері, киім үлгілерінің сызбалары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдын- ала түрлі сән журналдарын, | сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және моделдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына | төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен | балалармен бірлесіп, алдын- ала әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау салтының қайдан келгенін талқылайды.<br>Балалар, туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегі жасау керектігін жоспарлайды.<br>Содан соң қалаған | орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер.<br>Шарты.<br>Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эскурсияға ертіп апаруға болады.<br>Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын-ала қарап, мұғалім мен оқушылар жайында әңгімелеседі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, зерттейді, олар жайында әңгімелеседі. Әңгімелесулер барысында педагог сән көрсету, подиум туралы, киім үлгісінің дизайнері, фотосуретші, модель бала (қыз бала, ұл бала) туралы нақтылы түсініктерді ұсынады. Педагог көрнекі материалдарды дайындаған кезде балалар сән үлгілеріне көңіл аударуы керек. | қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында немесе оның алдында балалармен сұлулық салынанды қызмететететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысадыдәріха нада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын- ала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай | көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына | балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күні иесін балалар санамақ арқылы тағайындау мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеру тиіс. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, | мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында мұғалімнің рөлін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар дизайнерді таңдап, ол киім үлгілерін дайындайды, модель балаларға киім үлгілерін көрсетеді; көрсетілім өткеннен кейін, сахнаға шығып, құрметін білдіреді. Фотосуретші - модель (сән үлгісін көрсетуші) балалардың жүрісі кезінде оларды фотосуретке түсіріп жатады. Модель балалар өз киім үлгілерін подиум жолымен асықпай жүріп, көрермендерге | құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар өзара сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. Педагог мамандарға өз орындарын дайыпдап отыру жайында, ал | барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде | ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуінде бірнеше себеп болады: қонақтардың жақсы ниетті, дос болғандығы, тағамдарды дәмді болғандары, ойын-сауық шараларының қызықты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киім үлгісін ұсынады. Ұлдар мен қыздардың жүрісі бөлек болады, бұны ескеру керек. Қалған балалар көрермендер болып, өз орындарына қатарға отырады, көрсетілімді тамашалап, қошеметтейді. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын | тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетін көрсету жайында айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюда жаттықтырады. | қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. | дайындалғаны. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрақтар қояды, өзі журналист болып, ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: дизайнер болу үшін киім үлгісін әдемі салу керек, киімді әдемі тігу керек; модель (сән үлгісін көрсетуші) болу үшін әдемі жүріп, суретке, көрерменге киімнің үлгісін әдемі жағынан көрсету керек; фотосуретші суреттерін әдемі шығару керек; барлығы адамдар үшін; сәнді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету еңбегінде көп төзімділік қажет. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс16.40-17.00** | Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер". Мақсаты. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Барысы. Балалар геометриялық піщшіндерді | Саусақ театры. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау. | "Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына деген қызығушылықты тәрбиелеу. | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Күз" Мұқатай Жылқыайдарұлы. Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарханда таба нанға | "Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы. Нұр-Сұлтан - мемлекетіміздің астанасы, әдемі, үлкен қала. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа).<br>Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды<br>а) дөңгелектерден біреуін артық етіп, ұшбұрыштарды қойыңдар (үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);<br>б) мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды | | Барысы.<br>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады<br>және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. | Айналыпты алтын күз. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойыңдар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);<br>в) дәл осындай пішінді көрсетіңдер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіңдер.<br>Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады.<br>Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді. | | | | |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлау жаттығулары<br>**Еркін ойын: "Мысық пен тышқан".**<br>Мақсаты: балаларды, ойын шартын бұзбай, шапшаңдықпен ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машықтандыру.<br>Ойын барысы.<br>Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.<br>Мысықай аппақ қарасақ,<br>Құйрығы сұр, тамаша-ақ,<br>Жебедей-ақ ұшады,<br>Көзін жаймен қысады.<br>Тырнақтарын үндемей,<br>Ашқан кезде инедей,<br>Тышқандардың тықырын,<br>Мысықай естісе ақырын,<br>Аңдып аулап алады,<br>Мысықай біздің жарады. | **Саусақ жаттығуы «Достық».**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді).<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу).<br>Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>Санайық жаңаша<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ, | | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Нан қайдан пайда болады?"<br>Мақсаты.<br>Баланы логикалық ойлауға үйрету, үйлесімді сөйлеуді дамыту, сөздік қорын кеңейту. Нан, күнбағыс майы және сиыр сүті дүкендерде қайдан және қалай пайда болатыны туралы білімдерін толықтыру. | **Дамытушы ойын "Ғажайып нүктелер".**<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады.<br>Нүктелерді қосып, қарлығаштың суретін шығарады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Аңдып, аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді. | Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақпен және ортаңғы саусағыңызбен ұстап, үстіңгі жағынан сұқ саусағыңызбен ұстау.<br>Шеберлікті шыңдаңыз: майды нанға пышақпен жағу.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі – жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз – түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен - көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық: 9.00-9.15** | "Ас атасы — нан" тақырыбында әңгімелесу.<br>Мақсаты.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық алдында нанның суретіне қарап сөйлемдер құру.<br>Тыйым сөздер, мақал-мәтелдерді сөйлемге қосып айту. | "Құймақты жай" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру; көзді, визуалды қабылдауды дамыту.<br>Барысы.<br>Балалар картада көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін), ең кішісінен үлкеніне дейін және кері ретпен. | | Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>1. Ас атасы — нан.<br>2. Нан— тамақтың атасы, Ынтымақ — көптің батасы.<br>3. Нан бар жерде ән бар. | "Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту.<br>Барысы.<br>Балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | таңдайды. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>[р] дыбысы және Рр әрпін қайталау, әріп таңбасын жазуды қайталау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>""Біз дән егеміз". Ұн өнімдері. Ыдыс."<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Пәрменмен секірейік"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жыл құстарының ұшу бағыттары" | **Сауат ашу негіздері**<br>[о] дыбысы және Оо әрпі, әріп таңбасын жазу.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Нан тағамдарының сөресі"<br><br>**Музыка**<br>"Күй тыңдайық, балақай!"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Нан қайдан келеді?" | | **Математика негіздері**<br>"Үйірімге қосылған құстар санын санайық"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Нан қайдан келеді? пысықтау"<br><br>**Музыка**<br>"Көкек"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Үй жануарлардың төлдері (күшік)" | **Сауат ашу негіздері**<br>[о] дыбысы және Оо әрпін қайталау, әріп таңбасын жазуды қайталау.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Нан қайдан шығады?"<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Басына қапшық қойып, бір жақ жанымен жүру"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"А. Сарбөпин «Бір қап бидай» пысықтау" |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Күнді бақылау.**<br>**Мақсаты:** күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен | **Күннің биіктігін бақылау**<br>Мақсаты: күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Педагог балаларға | | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау.**<br>Мақсаты: үлкендер еңбегімен таныстыруды жалғастыра отырып, аула сыпырушы еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>**Көркем сөз** | **Құстарды бақылау (жалғасы)**<br>Мақсаты: құстарға деген сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету.<br>**Көркем сөз**<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.**<br>Мақсаты: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады.<br>Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады.<br>Педагог: "Қарақұс!" деп, | жұмбақ жасырады.<br>Таң мен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>(Күн)<br>**Көркем сөз**<br>Кең аспан ғой ай, күнің,<br>Қашаннан-ақ тұрағы.<br>Кейде кіріп бөлмеге,<br>Ол ойнады айнада.<br>Шомылады көлге де,<br>Шуақ шашып қайда да.<br>Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады. Аптап ыстықтан қар ериді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды. Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық байланыстар туралы сенімді бекіту.) Күн қайда шығады, күн қайда кетеді?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек жылынатынын анықтаңыз.<br>Жауап беріңіз, қай заттар тез қызады: қара ма, әлде ақ па?<br>Күнге ұзақ уақытқа қалай | | "Аула тазалықшысы" А. Меңдібай.<br>Балабақша ауласында,<br>Көмектесем мен де оған,<br>Таң атқаннан кешке дейін, Жинап қоқыс, қағаздарды.<br>Тынбай еңбек ететін<br>Құметтеймін, қадірлеймін,<br>Бар тазалық сақшысы.<br>Еңбексүйгіш адал жанды.<br>Ауланы да тазалайды,<br>Ағашты да бұтайды.<br>Су себеді гүлдерге де,<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Балалар біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді?<br>- Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды?<br>- Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады?<br>- Біздер ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз?<br>Аула сыпырушының да балабақшада өзіндік үлкен орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сендерге | аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажырата білуге үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және олардың құстар тіршілігіндегі маңызымен таныстыру.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар<br>Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балаларды өздерінің бақылаулары туралы әңгімелесуге шақыру. Ерекше және қызықты нәрсені байқаған балаларға алғыс айту.<br>**Еңбек: қоқысты алаңнан жинау.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады.<br>"Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.<br>Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)<br>**Болжам.** Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған | қарауға болады? (Қара көзілдірікпен)<br>**Еңбек: аула тазалаушыға алаңды тазартуға көмектесу.**<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. | | зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бүлдіруге болмайды.<br>**Еңбек: аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген бұтақтарды, жиналған қоқыстарды тасу.**<br>Мақсаты: үлкендер еңбегін бағалауға, көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз | ұжымда жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**"Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Қарлығашпын мен,<br>Адамның тұрағымын.<br>Мекен етіп тұрамын,<br>Тазалаймын үй - ішін.<br>Ел аузында мақтаулы,<br>Тазалықшымын төселген.<br>**Жұмбақтар**<br>Бұдыр-бұдыр балшықты,<br>Жинады да талшықты.<br>Ұқсатып қамытқа,<br>Үй салды жабыққа.<br>(Қарлығаш)<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс.<br>(Қараторғай)<br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі.<br>(Қарлығаш)<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ыстық болатынын білдіреді.<br>**Еркін ойын: "Қу түлкі".**<br>**Мақсаты:** жүгіру қабілетін дамыту. | Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Күн және планета" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: күннің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы білімдерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс: ұзындыққа секіру.**<br>Мақсаты: секіру қабілетін, күші мен ептілігін дамыту.<br>Еркін ойындар. | | "ұяларында" жасырынып тұрады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады.<br>Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді.<br>"Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. | белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Нысанаға тигіз"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.<br>**"Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: күштілікке,ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсіне білуге баулу.<br>**Жаттығу ойындары. "Кедергілер арасынан жүгіру".**<br>Мақсаты: кедергілер арасынан, затты құлатпай ирелеңдеп жүгіруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін жетілдіру.<br>**Мақал-мәтелдер**<br>- Ердің атын еңбек шығарар.<br>- Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.<br>Еркін ойындар. | **қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу,<br>Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: майлықты қолдануды дағдыландыру.<br>Нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: тағам дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.<br>Көркем сөз<br>Ей балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар, |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Велосипед жаттығуы. Аяқтарыңызды кезек-кезек сермеңіз, қолдарыңызды және аяқтарыңызды жоғары көтеріңіз.<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүріңіз.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас:15.50-16.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: төсек жинау қабілетін жетілдіру. Жайманы түзету, төсек жапқышты жабу.<br>**Көркем сөз**<br>Кешкі ас келді,<br>Балалар үстелге жайғасты. | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: қолды жуу ережелерін бекіту. Тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі**.**<br>**Көркем сөз**<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таң**даймын!** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: әдептілік ережелерін бекіту. Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару.<br>**Көркем сөз**<br>Нан – ардақты адал ас<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын. |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.10-16.40 | **Дидактикалық ойын.**<br>"Тергеушілер".<br>Мақсаты. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажет екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен әртүрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты алып, оған | | **Дамытушы жаттығу.**<br>"Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"<br>Мақсаты. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады).<br>Шарты.<br>Педагог балаларға | **Дидактикалық ойын.**<br>"Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап".<br>Мақсаты. Балаладың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту.<br>Құралдар.<br>Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған | **Дидактикалық ойын.**<br>"Суреттің тізбектегі орнын тап".<br>Мақсаты. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; зияткерлікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сипаттама береді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Отбасы".<br>Мақсаты. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог алдымен балалармен бірге күн | | бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда, ненің өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсаты. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындардағы әдептілік, тамақтану әдебі ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлерінің (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері | дыбыстық құрамының кестелері.<br>Ойынның екінші күрделенген нұсқасы.<br>Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады.<br>Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Жанармай бекеті".<br>Мақсаты. Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жанарамай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг; рульдер, машиналардың жанармай | топтамалары.<br><br>**Ө. Тұрманжановтың "Қайдан келдің бауырсақ?" өлеңінің сюжетін сахналау.**<br>Мақсаты. Нан өнімі туралы балардың білімдерін нақтылау, пысықтау; мәнерлеп сөйлеу, жеке тұлғасының қабілеттерін дамыту; шығармашылыққа, достыққа, нанды құрметтеу сезіміне тәрбиелеу.<br>Педагог екі баламен бірігіп Өтебай Тұрманжановтың "Қайдан келдің бауырсақ?"өлеңінің мазмұнын сахналауға дайындалады, балалардың назарына ұсынады.<br>Дастарханда шашылып, Жатты аппақ бауырсақ.<br>Бауырсаққа қызығып, Қарап тұрды көзін сап:<br>- Қайдан келдің, бауырсақ?-деп сұрады қуыршақ.<br>- Дүкеннен келдім нан сатқан,- деді оған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. | | мен құралдары.<br>Шарты.<br>Алдымен педагог аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін әртүрлі тағамдарды дайындау қызметі және оның маңызы туралы балалармен әңгімелеседі. Суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады.<br>Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады.<br>Педагог адамдардың келмей тұрып (балалар орындарында отырып), қызметкерлердің жұмысын бақылайды.<br>Барлық тағамдар | бактарының жасанды модельдері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Машинаның автобак үлгісі ретінде шырынға бос тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады.<br>Шарты.<br>Педагог жанармай бекетінің қызметі, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар туралы суреттер және бейнежазбаларды көрсетіп балалармен әңгімелеседі.<br>Балалар жанармай бекетінде кім және қандай қызмет атқаратынын келісіп, рөлдерді бөліп (санамақ арқылы да анықтауға болады), өздеріне қажет киімдерді, құралдарды алып орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу | бауырсақ<br>- Дүкенге келдің қай жақтан?<br>- Наубайдан келдім нан жапқан.<br>- Наубайға келдің қай жақтан?<br>- Диірменнен келдім ұн тартқан.<br>- Диірменге келдің қай жақтан?<br>- Даладан келдім кең жатқан.<br>Жер-анам менің көсілген,<br>Диқандар мені өсірген.<br>Сахналаудың соңында педагог балалардан нанның қайдан келетінін тағы да сұрай алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әзірленген кезде, балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады.<br>Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға тағамдарды әкеліп, соңында "төлемді" жасайды.<br>Балаларға "даяшы" , "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдалануы тиіс.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдарды татуы үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; "рақмет" және "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында | тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін.<br>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болуы керек, ол жұмысын жылдам және мұқият орындауға міндетті; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін сақтайды, бектте сіріңке жағуға немесе темекі шегуге болмайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану - адамның қоғамдық жердегі ережелерді орындаудағы негізгі міндеті. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | Күз мезгілінде табиғат құбылысында болатын ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>"Жауын" (Төленді Нұрмұхамедов)<br>Қызыл отты қамшысы<br>Көкке жарқыл шашады,<br>Еркебұлан тамшысы<br>Домаланып қашады.<br><br>Жаңбыр жауып өтеді:<br>Қуанады сарғалдақ.<br>Дала жайнап кетеді,<br>Бір шомылып алғанда-ақ! | | "Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.<br>Барысы.<br>Балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды. | "Мамандықты ата" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Бидайды өсіру және одан нан өндірумен айналысатын мамандық түрлері туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>Барысы.<br>Педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді, ... комбайнер және т.б..) | "Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.<br>Барысы.<br>Шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады. |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Ас атасы - нан" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>**18.00-18.30** | Кеңес.<br>"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | | "Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы. | Ата-аналарға арналған ұсыныс.<br>"Егер балаңыз сырқаттанып қалса ..." |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы балабақша** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы:** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу .апта күндері, айы, жылы** | **30.10-03.11.2023ж** | | | | |
| **Тақырыбы** | «Жыл құстары» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | Сейсенбі | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 30.10.2023ж | 31.10.2023ж | 01.11.2023ж | 02.11.2023ж | 03.11.2023ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен** | Ата-аналарға баланы ауа райына байланысты киіндірулерін айту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер): 8.10-8.20** | Еңбек: алаңды тазалау ұжымдық жұмысы. Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге, ұжымдық еңбектің құндылығын көрсете білуге. "Көп еңбегі көңілді" екенін түсіндіру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін | "Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсаты. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. | Еңбек: жолды, ауланы сыпыру. Мақсаты: тапсырмаларды орындауға деген ұмтылысты тәрбиелеу, оң нәтижеге қол жеткізуге бейімдеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: ағаштарды суару. Мақсаты: ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды тазалау. Мақсаты: шөп - арамшөптер мен сәндік гүлдерді ажырата білуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | | | | |
| | **"Құстардың ұшуы" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. **Үстел үсті ойыны:"Лото ".** Мақсаты: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ | **"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.** Мақсаты. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. **Дамытушы ойын "Камера".** Мақсаты. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе кез-келген басқа суреттер. Сипаттамасы. Балаға 5 секунд ішінде карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастау және онда не | **"Қараторғай ұялары" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Алаңда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан кем болады. Бұл – торғай ұялары. Барлық балалар – қараторғай. Олар алаңда емін-еркін жүгіріп – ұшып жүреді. «Үйге қайтыңдар» деген сигнал бойынша барлығы ұяларға жүгіреді. Ал балалардың ішінен біреуі ұясыз қалады. Осылайша ойын бірнеше рет қайталанады. | **"Бір, екі, үш, ағашқа жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: ағаштарды діңінен, жапырақтарынан тану. **Еркін ойын: "Керісінше айт!"** Ойын барысы. Балалар шеңбер құрады. Тәрбиеші ортада тұрып, доп лақтырып, айтады: "Көлшік – кішкентай, ал өзен- … (ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, | **"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықты бейнелейді. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын. Бұл – үй (жалаушалар тізбектеле жіп 40- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қол моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. **Еркін ойын: "Аққу-қаздар".** Мақсаты: ойын шартын бұзбай ойнауға | бейнеленгенін еске түсіруді ұсыну. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақтар қойылады (қанша, қандай түсті және т. б..). | Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде (балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралған кезде, бәрінің де ұясы бар болып шығады. **Көркем сөз** Тоқылдақтар тоқылдап Ешбір тыным көрмейді Ағашты қанша тессе де, Жұмысы бір өнбейді. **Еркін ойын: "Қателеспе".** Мақсаты: жылдамдықты дамыту; ойлау білімдерін бекіту. Ойынның барысы. Тәрбиеші күннің немесе тәуліктің әр түрлі әрекеттерін атайды. Балалар бір сөзбен жауап беруі керек: «Таңғы ас ішеміз», "Жуынамыз", | шыбық-жіңішке, ағаш-жуан, үстел-үлкен, ал орындық - кішкентай". **Көркем сөз** Қызыл, жасыл гүл ектік, Баптап күтіп түрленттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суғардық. Гүлдендіріп бөлмені, Бөлмеде гүл қаулады. **"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе- | 50см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық орналасқан. Тауық балапандарына тамақ (жем) іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, енесіне келеді **Еркін ойын: "Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын шарты. Ойынға қатысушы балалардың біреуі - қасқыр, екіншісі - құс бағушы болады. Қалған балалардың бәрі «Аққу - қаздардың» рөлін ойнайды. Балалар үлкен алаңға шығады. Алаңның оң жағында құс бағушы бала мен аққу-қаздар болып ойыншылар | | т.б... | теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды. Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен | Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер… Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылып, барсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын таңдайды және нені іздейтінін айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұратын жер сызықпен белгіленеді. Сол жақта қасқыр жасырынады. Ойын басталғанда құс бағушы аққу-қаздарды далаға шығарып жібереді. Аққу-қаздар сызықтан асып, алаңның ортасында шашылып жүреді. Қасқыр әзірше қозғалмай отырады. Біраз уақыттан кейін құс бағушы | | | түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады. | Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын және қай жерден тапқанын әңгімелейді. **Көркем сөз** Келіп көктем құстары, Бау - бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаздарды шақырады.<br>- Қаздар, қаздар, қаңқылда!<br>- Құлар, құлар, саңқылда!<br>- Тойдыңдар ма далада?<br>- Иә, иә, иә,<br>- Ендеше үйге қайтыңдар.<br>- Жоқ, жоқ!<br>- Неге?<br>- Қыр астында қасқыр бар.<br>Осы соңғы сөз айтылғанда ғана қасқыр қаздарды қуалауға ұмтылады. Ал аққу-қаздар үйге, сызықпен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілеген жерге қашады. Қасқыр оларды ұстауға тырысады. Ұсталғандар ойыннан шығып қалады. | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | 1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы.<br>Б.қ. - аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 - "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 - "Қарлығаштай қанат артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br><br>2. "Сағат тіліндей қозғалайық".<br>Б.қ.- аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею,<br>"Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br><br>3."Билетейік аяқты" жаттығуы.<br>Б.қ. - аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. ""Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас:**<br>**8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Біздерде бар қасықтар,<br>Ас ішерде асықпа!<br>Міне-табақ, міне-тамақ.<br>Бұл недеген сиқыр ғажап.<br>Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа кіріседі.Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарға отыруын бақылайды.<br>Егер бала үстелдегі дұрыс отыру қалпын сақтамаса, педагог оған барып, дұрыс отыруға кеңес бере алады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | Жыл құстары тақырыбында әңгімелесу. | Нан туралы тыйым сөздер, нақыл сөздер айту.<br>1. Нанды шашуға, жерге тастауға, басуға, рәсуа етуге болмайды. Нан - дәм басы, онсыз өмір жоқ. Сондықтан да | Құстар туралы қызықты мәлімет беру. | Құстар туралы тақпақтар жаттау. | Құстар туралы мақал-мәтелдер жаттау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дастарханға алдымен нан қойылады.<br>2. Жерде жатқан нан болса алып, адам баспайтын жерге қою керек.<br>3. Нанды төңкеріп қоюға болмайды. | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет: 9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[т] дыбысы және Тт әрпі, әріп таңбасын жазу."<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің "Ұсқынсыз үйрек" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары." | **Математика негіздері**<br>"Нан тағамдарының сөресін пысықтау"<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)."<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Үйлесімділікті сақтаймыз"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"А. Сарбөпин «Бір қап бидай»" | **Математика негіздері**<br>"Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда" пысықтау<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құруға қабілетті дауыссыз дыбыстар." | **Математика негіздері**<br>Қысқа қашаннан бастап дайындалу керек?<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Сауысқан мен көкек» ертегісі" пысықтау<br><br>**Музыка**<br>"Күзгі вальс" | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бір қатар етіп орналастырылған таяқтар арасымен жүгіру"<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Орман дәрігері» ертегісі"<br><br>**Музыка**<br>"Көкектің әні". |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>"Добым, добым, домалақ"<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жыл құстарының ұшу бағыттары"<br><br>**Математика негіздері**<br>"Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда" | | **Дене шынықтыру**<br>"Добым, добым, домалақ" пысықтау<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Орман дәрігері» ертегісі"<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Сауысқан мен көкек» ертегісі" | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Бидай астығы"<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>"[т] дыбысы және Тт әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу". | | |
| **Серуенге дайындық:10.55-11.10** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Құстарды бақылау (жалғасы)**<br>Мақсаты: біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға деген құштарлығын дамыту.<br>Әңгімелесу: жазда құстар көп | **Ауаны бақылау**<br>Мақсаты: балаларға ауаның қажеттілігі түсіндіру.<br>**Көркем сөз**<br>Жер шары дәу әсем.<br>Қоршаулы ауамен.<br>Ауасыз кім шыдар.<br>Ауасыз тұншығар.<br>**Жұмбақ**<br>Оңынан оқы, тіршілік нәрі.<br>Солынан оқы, тіршілік нәрі.<br>Онсыз адам, аң, құс та семер бір мезетте. (ауа)<br>**Әңгімелесу.** Ауаның қандай қасиеттері бар? (түссіз, мөлдір, иіссіз). Қалай ойлайсыңдар, ауа қайда жақсы - орманда ма, қалада ма? (Орман ауасы таза ғана емес, сонымен бірге емдік. Қаланың ауасы | **Құстарды бақылау Зерттеу: "Жазда құстар қалада не жейді?"**<br>Мақсаты: балалардың құстардың сыртқы келбеті, тіршілік көріністері, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін | **Құстарды бақылау: "Орман құстары".**<br>Мақсаты: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін | **Саябақтағы құстарды бақылау.**<br>Мақсаты: құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Аулаларыңда немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көрсе - жасырынып қалатына немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын қоныстайтынана да көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршіліктерін салыстыру, зерттеу. Құстардың қауырсындарын қарастыру.<br>Әңгімелесу:<br>- Сіз жақын жерде тұратын құстар туралы нені көп білдіңіз? Олар немен, қалай қоректенеді? Қайда ұшады және қайда ұя салғанды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болатынына назар аударыңыз, олар әр түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары | мүлдем басқаша: бензин мен автомобильден шыққан газдардың иісі шығады, шаң мен күйе бөлшектерімен ластанған. Мұндай ауа адамға да, өсімдіктерге де зиянды ). Ойлап көріңдерші, қаланың ауасы қай кезде таза бола бастайды? (жаңбырдан немесе қалың қар жауғаннан кейін, жаңбыр тамшылары мен қаршалар ауаны жуады, шаң мен күйені алады). Адамдар қала ауасын тазарту үшін не істеп жатыр? (адамдар қалада ағаш отырғызады, әсіресе терек ауаны жақсы тазартады).<br>**Еңбек: балалар алаңында жолдарды тегістеу.**<br>Мақсаты: балаларға және олардың тәрбиешілеріне көмек көрсету. | кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.<br>**Зерттеу барысы.**<br>- Құстар не жегенді ұнатады?<br>- Тамақты қайдан табады?<br>- Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік?<br>Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: жазда құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. | тәрбиелеу. Әңгімелесу.<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары)<br>- Ал құстар қай жерде көбірек өмір сүреді, қалада ма, орманда ма?<br>- Орман құстарының қандай түрін білесіңдер?<br>- Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде? | ұнатады? Бұл сізді әуесқой зерттеуші етеді!<br>**Еңбек: алаңға, жолдарға су шашу.**<br>Мақсаты: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануға үйрету.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту,ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, желеулер мен жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді аулайтындығына аудару маңызды. | **"Көрші ойыны" қимыл-қозғалыс ойыны.** Ойнаушылар екі екіден отырады да, бір ойыншы жалғыз қалдырылады. Ойын жүргізушінің мақсаты – сыңар қалған ойыншыға көрші іздеу. Ойын жүргізуші: «Саған кімнің көршісі керек?» деп сұрайды. Сыңар ойыншы: «Маған Ақылбектің көршісі керек», деп жауап береді. «Көршіңмен аразбысын, әлде татумысың?» деп сұрайды. Егер ол аразбын десе, сыңар ойыншыға келіп көрші болады. Татумын десе тату болғаны үшін, яғни көршісін бермегені үшін жаза тартады. Сыңар ойыншының ұйғаруымен көпшілік алдында өнер көрсетеді. Ал сыңар қалған ойыншы көрші | Тапсырма түсінікті ме? — Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына | - Барлық құстар жазда маңызды істермен айналысады. Олар балапандарын тамақтандырады. Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар жәндіктерді аулайды, балапандарды тамақтандырады. Әр жұп құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды тамақтандыру керек. Балапандар көп жейді және тез | санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Аз қимылды ойын: "Суық-ыстық".** Мақсаты: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қарлығаштардың ұясын көрсету, олардың ұяға балапандарға тамақпен қаншалықты келетінін ескерт. Жазда құстар балапандарын жәндіктермен қоректендіріңіз, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектесіңіз.<br>**Көркем сөз**<br>Жыл құстары келді деп,<br>Балдырғандар мәз болды.<br>Қос қанатты желпілдеп, | іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді.<br>**Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты: қимылдарды орындау кезінде өзін-өзі бақылауға үйрету.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | кедергі жасайсыңдар Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әр түрлі тамақ жейді; көптеген құстар жазда жәндіктерді аулайды.<br>**Еңбек: алаңнан малтатастарды жинату.**<br>Мақсаты: еңбекке деген ұмтылысты тәрбиелеу | өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне тамақ табуға, жауларынан жасырынуға үйретеді. Егер балапандар мұны білмесе, онда олар қыста өледі.<br>- Құстардың қандай пайдасы бар?<br>- "Орман дәрігерін" кім біледі?<br>- Орман құстарын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар.<br>"Түлкі мен тырна" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, табақша, құмыра.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға алдын-ала "Түлкі мен тырна" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.<br>Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды | Шарты.<br>Педагог балаларға "Шегіртке мен құмырсқа" мысалының мазмұнын қайталатып алады.<br>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.<br>Алғашында, автор рөлін педагог өзі алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады.<br>Артист балалар | Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екенін айтуы тиіс.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты.<br>Педагог ойыннан бұрын балалармен бірге зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді.<br>Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын талқылап алу керек.<br>Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады.<br>Кейіпкерлер өздеріне | құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды.<br>Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеке қатарға шығарып, кім кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, қошемет пен шапалақтарға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы талдау жасатады. | көрермендерге иіліп құрмет көрсетеді, олардың қошеметі пен мақтауына бөленеді. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | қажет киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алады, белгілі орындарға қонды-рады, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді.Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту.**(қарым-** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қатынас, танымдық, зерттеу, еңбек іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **"Лабиринт" дидактикалық ойыны.** Ойынның мақсат-міндеттер. Балаларды тез қимылдауға үйрету. Ойынның барысы. Балаларға дайын лабиринт (гүл мен шелек) беріледі, балалар тез-тез орындап шығады. **(танымдық іс-әрекет)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Бұзауым-ау, бұзауым!" Мақсат-міндеттер: бір реттік қағаздан жасалған тәрелкені жазық қағаз бетіне жапсырып, қағаздан бұзау дайындамаларын тәрелкеге тиістіріп жапсыруға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Бұл қашан болады?" дидактикалық ойыны.**Мақсат-міндеттер.Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгіл-деріндегі әртүрлі өзгерістерді табуға, суреттер бойынша жұмыс жасай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту.**(танымдық іс-әрекет)** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Тиіннің қысқа дайындығы" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалату, созу, қайшының көмегімен ойық жасау арқылы тиінге арналған жаңғақ жасауға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.** "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз. **(қарым-қатынас іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналар-ға кеңес)18.00-18.30 | «Балаларда шығармашылықтың дамуы» тақырыбын-дағы кеңес. | «Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Кеңес: «Балалар жарақаттарының алдын алу шаралары». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-баалабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.01 - 02.02.2024ж** | | | | |
| **Тақырып** | «Үй құстары» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.01.2024ж | 30.01.2024ж | 31.01.2024ж | 01.02.2024ж | 02.02.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):8.10-8.20** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, олардың сыртқы | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларға кезекші міндеттерін ниетпен, адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Үлкендерге көмектесуге, ниетпен еңбектенуге үйрету. |
| | түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымын бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтау, тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұйымдасып тату-тәтті еңбек етуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **(еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Үстел үсті ойын. "Ботаникалық лото"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дала гүлдері, сирек кездесетін гүлдер жайлы балалардың білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атап айтқызу.<br>Ойын шарты.<br>Гүлдерді гүлзарларға орналастыру. | **Үстел үсті ойыны. "Лото. Туған жер".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Суреттерді есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту.<br>Аң мен құсты ормандағы өз орнына орналастыру.<br>**(таным іс-әрекеті)** | **"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты.<br>Балалар шеңбер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, "Жер" деген кезде, | **Артикуляциялық жаттығу. «Торғайдың әні».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Педагог:<br>- Балалар, торғай қалай ән салады? | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу.<br>Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау және гүлзар бейнеленген. Көлемі 8×8см. Көкөністер, жемістер және гүлдер бейнеленген 10-15 дана карточка. Көлемі 5×5см. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** | | жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде, суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың аттарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды. Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады. "Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былғайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** | Тындаңдаршы. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, «Шіп-шіп» десіп отырар. (халық ауыз әдебиетінен) Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар. Ағаштарды қорғайды. (Ж. Сымақов) **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. "Адам қандай заттарды жасаған?" - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені жаратқан?". Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын: "Жер, су, ауа"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сезімін тәрбиелеу; шапшаңдыққа баулу.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | **Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен)**<br>1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - жоғарыға қарау, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қарау, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайталау<br>2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде<br>1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 -бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу,<br>4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау<br>1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну**.** **Көркем сөз**<br>Түс уақыты келгенде, Сөйлемейміз бәріміз.<br>Дастарханға жайғастық. Тамақ ішіп болған соң,<br>Тамақ ішу әдебін, Жинасамыз тағы біз.<br>Ішімізден ойластық. Тамақтану тәртібін,<br>Аяғымыз орнында, Есте сақтап алыңыз.<br>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | **Әңгімелесу:** | **"Әдепті өтініш"** | Балаларға | Техника әлемінде. | Балалардың эмоционалды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **"Демалыс күндерін қалай өткіздік".**<br>Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу.<br>Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың адамгершілік жағын көруге, олардың мәнін түсінуге үйрету. | эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалар заттарды электрлік және механикалыққа, дөңгелегі бар және дөңгелегі жоқтарға жіктей алады. | жағымды көңіл-күйі мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ө] дыбысы және Өө әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [ө] дыбысы мен әрпін таныстыру. Оның айтылу ерекшеліктерін атап өту және жазылу жолын үйрету. | **Сауат ашу негіздері**<br>"[з] дыбысы және Зз әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: [з] дыбыстарымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру.<br><br>**Математика** | **Математика негіздері**<br>"Заттардың салмақтарын салыстырайық"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) және қолдарға салып | **Математика негіздері**<br>"Балықтың салмағын өлшеу"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді меңгерту; заттарды | **Сауат ашу негіздері**<br>"[з] дыбысы және Зз әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: З әрпі бар сөздерді оқып, сауатты жаза білуге үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Жол реттеушіге көрсетейік"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>"Ақылды егінші" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Ақылды егінші" ертегісін қазақ тілінде мұқият тыңдауға, тірек сөздерді дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Кедергілерді өту эстафеталары"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды орындықтан еңбектеп өтуді жүрумен алмастыруға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Бөлме өсімдіктері"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жіктелуі туралы білімдерін бекіту; бөлме өсімдіктерінің түрлерімен таныстыруды | **негіздері**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың 1-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифрлар жайлы білімдерін тиянақтау; "үлкен", "кіші", "тең" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; заттар жиынын салыстыра отырып ">", "<" және "=" белгілерін қолдануды меңгерту.<br><br>**Музыка**<br>"Менің қамқорлығым"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп, айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Үй құстары" | заттың шамасын салыстыруға үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"[Ц] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: [Ц] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды бағытталуын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Кедергі заттар арасымен допты домалату".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кедергі заттар арасымен іші толтырылған допты домалатуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Қаңтар мен Ақпан» ертегісі" | салыстыру арқылы ауыр және жеңіл екендігі жайлы түсінік беру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Үй құстары" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Комбайншы боламын"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жол ережелері"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жолда жүру ережелерін ұстану және қоғамдық көлік тәртібін ұстану біліктерін жетілдіру; | тұтас ермексаздан көліктің шанағын жасауға, мүсіндеудің домалақтау, жалпайту, жаю, басу әдістерін қолдана отырып жеңіл автокөлікті мүсіндеуге үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Кедергі заттар арасымен допты домалатуды пысықтау".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, сол қолмен лақтыруға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Қаңтар мен Ақпан» ертегісі" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғастыру; бөлме өсімдіктерінің адам және қоршаған орта үшін маңызы туралы түсініктерді кеңейту. | Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. | Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. | жол белгілерін ажыратуға үйрету; жолда жүру ережелері туралы білімдерін түрлі жағдаяттарда жалпылау; өз орнын қоғам ортасында білу, түсіну қабілеттерін қалыптастыру. | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Терезедегі өрнектерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған көңілді суреттері» атты | **Мұз сүңгісін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу. | **Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Аспан және оның біздің планетамыздың өміріне әсері туралы түсініктерін кеңейту; аспан сферасының әсемдігі мен алуан түрлілігін қабылдауды дамыту. **Зерттеу.** Жылқыға ұқсайтын бұлттарды табу. | **Жылқыны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жануарларды белгілері бойынша салыстыруға үйрету; бақылау дағдыларын дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын** | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Құстар туралы білімдерін толықтыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аулада ұйымдасып жұмыс істеу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, орындалған жұмыс пен оның нәтижесінен қуаныш алуға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалма". (дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұжымдық жұмыс жасау.<br>*Көркем сөз.*<br>Бір топ бала<br>сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта қыр<br>қалып.<br>**Қимылды ойын. «Айлакер түлкі». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.<br>**Жорамал:** қыс аязды болса, жаз ыстық болады.<br>Жұмбақ.<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды. | Сұрақтар:<br>1) Мұз қандай болады?<br>2) Оның пішіні қандай? Сәбіз сияқты.<br>3) Мұз қалай пайда болады?<br>4) Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?<br>5) Олар қайдан пайда болады?<br>6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.<br>Мұзафар Әлімбаев.<br>**Қимылды ойын: «Қоянның үйшігі». (дене шынықтыру)**<br>Үйсіз қалған қоян. | **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бұталар мен ағаштардың түбіне қар күреу, төбешіктегі қарлардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрену, нәтижеден қуаныш алу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру.<br>**Еркін ойындар.** Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу. **(дене** | **қарапайым еңбек тапсырмалары:** балаларға арналған төбешік жасау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, тапсырмаларды өз бетінше үлестіре білуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпасын ұстап ал", "Үйшіксіз қоян". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Дәлдікті, зейінді, көзбен мөлшерлеуді дамыту; ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Сырғанау кезінде жаттығу; сырғанау кезінде еңкеюді үйрету. | Мақсат-міндеттер. Жүгіру, ептілікпен секіру қабілеттерін бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Мұз)<br>**Еркін ойындар.**<br>Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу. **(дене шынықтыру)** | Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату. Мақсат-міндеттер: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.<br>**Еркін ойындар.**<br>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу. **(дене шынықтыру)** | **шынықтыру)** | | |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну**. Көркем сөз**<br>Түс уақыты келгенде, Сөйлемейміз бәріміз.<br>Дастарханға жайғастық. Тамақ ішіп болған соң,<br>Тамақ ішу әдебін, Жинасамыз тағы біз.<br>Ішімізден ойластық. Тамақтану тәртібін,<br>Аяғымыз орнында, Есте сақтап алыңыз.<br>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. **Көркем сөз**<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар. Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br>Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстау, сипау арқылы тануға тырысады; | **Вариативті компонент. Жас зерттеуші**<br>"Менің мысығым"<br>Мақсат-міндеттер: мысыққа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру; мысықтың сыртқы түрі туралы білімін нақтылау.<br><br>**Дидактикалық ойын. "Тергеушілер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты. | **Дидактикалық ойын. "Не артық?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар. Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты. Жүргізуші бір | **Дидактикалық ойын. "Мен кіммін? Мен немін?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс, мамандық иесінің сипаттамасын естіп, оның не немесе кім екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу. | **Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: доп.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).<br>Алғашқы кезеңде ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, жүргізуші рөлін педагог атқаруы мүмкін.<br>Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | затты көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғанын, адамға қажеттілігі туралы баяндайды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".** Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектердің модельдері. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен | Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен әртүрлі заттар жатқан қораптан белгілі бір затты алып, оған сипаттама береді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені.** Мақсат-міндеттер. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; | топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ""Азық-түлік"" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, сөмкелер, | Шарты. Алғашында педагог, содан кейін қалауын білдірген балалар кезекпен шығып, қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын жасырады. Жұмбақты шешкен бала өзі жаңа жұмбақты жасырады. Жұмбақты жасыру мынадай түрде болады, мысалы, "Мен ақ халатты киемін. Қолымда ақ сөмке болады. Мені көріп біреулер қуанады, біреулер алаңдайды". **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".** Мақсат-міндеттер. | "Жер!" сөздерінің бірін дауыстап айтып допты баланың қолына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суастында мекендейтін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Жанармай бекеті".** Мақсат-міндеттер. Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдықтарды сататын сатушы туралы білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанарамай бекеті жазуы; жанармай құятын жасанды орын, автомобиль бағанасы мен ойыншық шланг; рульдер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар.<br>Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек жасау үшін, қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады. Өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын | жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу.<br>Құралдар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары.<br>Шарты. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтардың бірін таңдап, өз қалауларын атып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады.<br>Педагог диалогтарда | қорапшаларда немесе пластик қаптағы жармалар, әртүрлі макарондар, қатты азық-түліктер, сүт өнімдерінің қораптары (қап, ыдыстар), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары.<br>Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкен жайында суреттерді, бейнежазбаны көрсетіп, ""азық-түлік тауарлары"" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан | Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).<br>Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты | машиналардың жанармай бактарының ойыншық пішіндері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Автобак орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады.<br>Шарты. Педагог дайындық жұмысында жанармай бекетінің қызметі, жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар туралы суреттер мен бейнежазбаларды пайдаланып әңгімелеседі. Балалар жанармай бекетінде кім қандай қызмет атқаратынын келіседі (санамақ арқылы), өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азық-түліктің сақталу мерзімі, оларды таза өнім күйінде тұтыну туралы мәлімет беруі өте маңызды. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, | ұйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болып, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін сақтап, өртке қарсы қауіпсіздікті қатаң түрде қадағалауға міндетті. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтіп сақтаса, олар бұзылмайды, сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Теңіз асты | **Үстел үсті ойыны. "Сандар".** Міндеттері. | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Ақылды қоян" | **"Құстар" сөздік ойыны.** Дидактикалық | **Ұлттық ойын "Бес тас"** «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрғындары"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды топтастар ұжымымен бірігіп, теңіз асты әлемі сюжеті салуға үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | 1-ден 10-ға дейінгі реттік сан есімдерді оқыту; суреттегі нысандардың санымен салыстыруды үйрену; ерікті назар аударуға үйрету, шыдамдылықты тәрбиелеу.<br>Нұсқаулық.<br>Балалар сандардың суреттері бар 2-3 орталық блокты және 1-ден 10-ға дейінгі заттардың суреттері бар 10 фигурадан тұратын картаны алады.<br>Балалар бүкіл шеңберді алу үшін орталық блокты сәйкес фигуралармен байланыстыруы керек.<br>**(таным іс-әрекеті)** | Мақсат-міндеттер: балаларды жазық қағаз бетіне қоян қимаүлгісін орналастырып жапсыруға, ақ түсті қағазды жырту әдісі бойынша, қағазды ұсақтап жыртып, қоян қимаүлгісінің үстіне жапсыруға үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | міндеті.<br>Балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың сөйлеу тілін белсендіруді жалғастыру.<br>Ойын ережесі.<br>Құс болып жүрген балалар өз әрекетін тақпақтың сөздерімен сәйкестендіруі керек.<br>Құстар өз қалауымен басқа құстарды таңдай алады.<br>Ойын әрекеті.<br>Құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды бейнелейтін бас киімдерді қолдану.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.<br>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.<br>Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.<br>**(таным іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге** | Баланың қабілеті | «Қайрымдылық пен | «Айына бір рет | Ата-аналарға | Әрбір баланың тәрбиесі жайында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | жайлы әңгімелесу. | қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | отбасы күнін өткізу». | тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | сөйлесу. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.02 - 09.02.2024ж** | | | | |
| **Тақырып** | «Мамандықтар» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.02.2024ж | 06.02.2024ж | 07.02.2024ж | 08.02.2024ж | 09.02.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша жағымды және пайдалы етуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер):8.10-8.20** | жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануға, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Санамақ.**<br>Жиналған соң достары<br>Қазтай өзі басқарды,<br>Қызықты ойын басталды:<br>Бірі болды бақшашы,<br>Екіншісі - егінші,<br>Үшіншісі - бақташы,<br>Төртіншісі - теңізші,<br>Бесіншісі - балташы<br>Алтыншысы - аспазшы<br>Жетіншісі - | **Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу. «Не істейді?»**<br>Педагог балаларды жұптарға бөледі.<br>Педагог:<br>- Білесіңдер ме, балалар, мамандар кімдер үшін жұмыс істейді? Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар! Адамдар үшін қызмет етеді. | **Жаттығулар**<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Біздің қыздар секірді,<br>Оң аяқпен секірді,<br>Сол аяқпен секірді,<br>Алға қарай секірді,<br>Артқа қарай секірді,<br>Айналдыра секірді,<br>Айналдыра секіргішті<br>Биікке де секірді. | **Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы.<br>Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.).<br>Педагог: "Қазір мен сендерге бірнеше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылқышы<br>Сегізінші - сырнайшы,<br>Тоғызыншы - тігінші<br>Оныншысы - орманшы.<br>Ермек Өтеутілеуов.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | - Қазір біз жұптарға бөлінеміз: бірің - мамандық иесі, екінші біреуің - тұтынушы боласыңдар.<br>- Мамандық иелері тұтынушының тілегін орындайды.<br>- Мысалы, ол дәрігер болса, емделушіні емдеу керек.<br>- Аспаз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушыға тамақ дайындау керек.)<br>- Мұғалім болса, онда не істеу керек? (Оқушыны оқыту керек.)<br>- Шаштараз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушының шашын қию керек.)<br>Жарайсыңдар! Әрқайсы бетпердені киіп, сәйкес мамандықтың құрал-жабдықтарын алады:<br>- дәрігер - дәрігер (бетпердесі), тонометр, дәрумендер сауыты;<br>- шаштараз - | Екі саусақты кезек-кезек алға, артқа, солға, оңға секіртіп, үстел үстінде орындалатын жаттығу.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | сөзді оқимын. Алдарыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап алыңдар да, оны бөлек жерге қойыңдар", - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар суреттерді таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шаштараз (бетпердесі), ойыншық қайшы мен тарақ;<br>- аспаз - аспаз (бетпердесі), ойыншық пышақ, тақтайша, ойыншық көгөністер, мескей.<br>- мұғалім - мұғалім (бетпердесі) - әріп карточкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | **Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен)**<br>1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - жоғарыға қарау, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қарау, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайталау<br>2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде<br>1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 -бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу,<br>4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау<br>1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын<br>Балдәуренің Ықыласпен<br>қол жайсаң Көп тілекті<br>төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұрағаның алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын Әумин **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | «Мен кім болып, қайда жұмыс істейтінімді тауып көрші?»<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Менің арманымдағы мамандығым.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | "Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ə] дыбысы және Әə әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: [ə] дыбысын және Ә әрпімен таныстыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Мамандықтар жайында диалогтар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; қазақ тіліндегі "Қызықты мамандықтар" | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ə] дыбысы және Әə әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [ə] дыбысын және Ә әрпін қайталау. Ә дыбысынан басталатын сөздерді анықтау.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Балықтың салмағын өлшеу" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен | **Математика негіздері**<br>"Үй шаруасына қалай көмектесуге болады?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың он саны туралы ұғымдарын дамыту, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; он жиын санын құрайтын элемент түрлері жайлы түсініктерін жетілдіру.<br><br>**Қазақ тілі** | **Математика негіздері**<br>"Үй шаруасына көмектесеміз" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар туралы түсініктерін дамыту, оны тану, атай білу цифрларды дұрыс атап, ажырата білу іскерлігін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Құмырсқа | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ж] дыбысы және Жж әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысын және Ж әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Ж дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Жапсыру**<br>"Цирк қызметкерлері"<br>Мақсат-міндеттері: қағазды бүктеу әдісі арқылы жұмыс жасау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы).<br>Шарты.<br>Алдымен балалар өз еркімен балабақша қызметкерлерін тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жұмыстарын жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақытта әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші | смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кememен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай | жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. | болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді. Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды.<br>Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізіу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды).<br>Педагог аялдамаларды жариялап жатады.<br>Егер мүмкіндік болса,педагог дыбыстық хабарландыруды жазып қояды.<br>Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы | қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді.<br>Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі.<br>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.<br>Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс.<br>Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.<br>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне | Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | шақырылады.<br>Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу.<br>Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орындарын беру туралы өнегені көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобусқа отырып жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалу шарттарын қадағалау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.** Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.** Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу. **(сөйлеуді дамыту)** | Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу. **(көркем әдебиет)** | **"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".** Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | «Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама. | «Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды көресіздер?» | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:  А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.02 -23.02.2024ж** | | | | |
| **Тақырып** | «Салауатты өмір» | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.02.2024ж | 20.02.2024ж | 21.02.2024ж | 22.02.2024ж | 23.02.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):8.10-8.20** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсаты. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті)** | кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | |
| | Құрылыс ойындары: "Спорт алаңын құрастыру", "Қуыршаққа арналған спорт алаңы". **(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары. **(таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Үстел үсті ойындары: пазл, қосымша бет. "Спорт" және "денсаулық" туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | **Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - 4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар жасайды; 5 - 6 - ленталарды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7 - 8 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет | | | | |

| | |
|---|---|
| | қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында.<br>1 - оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2 - бастапқы калыпқа келу; 3 - 4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5 - 8 - лента ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; 9 - 10 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1 - аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге лента ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - 3 - алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, лента ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, ленталарды толқындату; 4 - тез тіктеліп, лента ұстаған қолдарын артына жіберу; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығу 8 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1 - тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, лента ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - келесі аяғымен жаттығуды қайталау (жаттығуды әр жағына 5 реттен қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1- 4 - лента ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу; лентамен толқынды қимылдар жасау; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығуды 4-5 рет қайталау).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 8-10 рет қайталанады).<br>8. Тыныс алу гимнастикасы.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | "Мен қандай спортпен шұғылданатынымды тауып көрші?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Дене мүшелері жайлы білімдерін толықтыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Спортты сүйетін отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | "Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Отбасында кім, қандай спортпен шұғылданады?" сөздік ойыны.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[п] дыбысы және Пп әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [П] дыбысын және П әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша п дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Тазалық сақтау гигиенасы".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың салауатты өмір салты жайлы түсініктерін дамыту; "Кір | **Сауат ашу негіздері**<br>"[п] дыбысы және Пп әрпін пысықтау".<br>Мақсат-міндеттер: [П] дыбысын және П әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша п дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Құстар мен гүлдер патшалағындағы "қосу" және "алу" белгілері"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "қосу | **Математика негіздері**<br>"Көктем келіп жеткенде"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерімен таныстыру, қарапайым есептерді құрастырып, шығаруды меңгерту; есептерді жылдам шығаруға жаттықтыру.<br><br>**Қазақ тілі** | **Математика негіздері**<br>"Көктем келіп жеткенде" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерімен таныстыру, қарапайым есептерді құрастырып, шығаруды меңгерту; есептерді жылдам шығаруға жаттықтыру. | **Сауат ашу негіздері**<br>"[б] дыбысы және Бб әрпі.<br>Мақсат-міндеттер: [Б] дыбысын және Б әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Б дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Сурет салу**<br>"Түнгі қала"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түнгі қала сюжетін салуға үйрету; тіке және көлденең жуан жолақтарды сызып, көлемі түрлі тіктөртбұрышты үйлердің пішінін бояу техникасына үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бұлттар секілді қалықтаймыз" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қожалақ баланың басынан кешкендері" өлеңімен таныстыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Кедергілердің арасынан фитболды домалату"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кедергі заттар арасымен фитбол домалатуға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Салауатты өмір салты қағидалары"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам өміріндегі ең бастысы-денсаулық туралы білімдерін бекіту; балалардың өмірлік маңызды органдарына дұрыс қарау қабілетін дамыту. | ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерімен таныстыру, қарапайым есептерді құрастыруда қолдануға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Үлкен қоңырауды көтерейік"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айжыратып, топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу, би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білу, музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін шыңдау.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Дәрумендердің керемет күші"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға дәрумендер туралы | "Білгіштер әлемінің тапсырмалары".<br>Мақсат-міндеттер: дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін тиянақтау;<br>"Денсаулық - зор байлық", "Дені саудың – жаны сау" - деген қағидаларды балалардың бойына сіңіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Фитболмен ойнайық"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бағытсыз ірелеңдеп жүгіру; жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындап адымдап жүруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Алдар көсе Ханды қалай емдейді?"<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тыңдауды, мазмұның ашу. Өз ойын толық | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Дәрумендердің керемет күші" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, дене дамуына қосатын үлестері, адамға күш-қуат беретіндігін айту.<br><br>**Музыка**<br>"Көктем әндері"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көктем туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Дәрілік өсімдіктер"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық, оны сақтау туралы түсініктерін кеңейту, | Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден аттап жүруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Алдар көсе Ханды қалай емдейді?" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тыңдауды, мазмұның ашу. Өз ойын толық айтуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түсінік беріп, дене дамуына қосатын үлестері, адамға күш-қуат беретіндігін айту. | айтуға үйрету. | өз денсаулығын күте білуге үйрету. | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қыс мезгілінде күн туралы түсініктерін тереңдетуді жалғастыру; табиғаттың жансыз объектілеріне қызығушылықты қалыптастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; қайың мен тау гүліне апаратын жолды тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жеке және ұжымдық | **Тірі және ойыншық шыршаларды салыстыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балаларға тірі ағаштың негізгі ерекшеліктерін көрсету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қуыршақтарды шанамен сырғанату үшін қарды бір орынға жинау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | **Суықторғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы түсініктерін кеңейту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдарды сыпырғышпен сыпыру.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы",** | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Желдің бағытын анықтау дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құрылыс жасау үшін қарды бір жерге жинау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Тапсырманы жақсы орындауға үйрету; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Қарға мен ұя". (дене** | **Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Айналамыздағы өзгерістерді байқауға үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдан ұжым болып қарды тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйіңді тап", "Балапандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Шеңберге секіруді және бұйрық бойынша секіруді үйрету, өз үйлерін табу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** секіруге үйрету, тепе-теңдікті дамыту. **(дене шынықтыру)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** секіруді үйрету, тепе-теңдікті дамыту. **(дене шынықтыру)** | **"Қояндар мен қасқырлар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, моториканың дамуына ықпал ету** (жүгіру, секіру, қарды нысанаға лақтыру). **(дене шынықтыру)** | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез жауап бере отырып, бүкіл учаске бойынша жүгіруге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Шанаға отырып, аяқпен итерілу арқылы жалаушаға жылжуды үйрету. | үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>*Көркем сөз*<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Педагог жаттығуды алдымен белгілі ырғақпен санап отырады, балалар санау реті бойынша демді мұрынмен ішке | **Дидактикалық ойын.**<br>"Дұрыс па? Бұрыс па?" (Сын есім арқылы сипаттау)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануарлардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау; дұрыс нұсқаны айтуға | **Дамытушы ойын.**<br>"Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған | **Дамытушы жаттығу.**<br>"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.<br>Шарты.<br>Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың біріне кезекпен тұрып тепе-теңдікті сақтау.<br>Алғашқы | **Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".**<br>Мақсат-міндеттер. Сандар тізбегі жайындағы балалардың білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тартып, ауызбен қайта шығарады. Балалардың тыныс алу реті қалыптасқаннан кейін педагог санауды жылдамдатып, балаларға жиі тыныс алудың жаңа үлгісін ұсынады. Тағы бір амал ретінде ақырын санауға болады. Бұл кезде балалардың тыныс алуының тереңдігін қадағалау керек. Жаттығуды барысында белгілі санамақты, тақпақты, әнді айтқызу арқылы ұйымдастыруға болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер. | ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар", "қар ыстық емес, суық", "туған күнде көңіл-күй мұңлы емес, көңілді болады", "ағаштың діңгегі өскенде жіңішке емес, жуан болады", т.б.. Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | бейнелердің сызбалы суреттері. Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Аурухана".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің | жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Спорт залы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың спорттық жаттығу залы туралы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушысының атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері. Шарты. | **"Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық емхана жайында әңгімелесу керек.<br>Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек.<br>Балалар ветеринарлық емханада |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенді құрметтеу, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. | **Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ойыншық дәрі-дәрмектер. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты | ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар.<br>Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене | Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстарында спорттық жаттығулар, жаттықтырушы қызметінің мәнін суреттер, бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелейді.<br>Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс.<br>Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін | қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы тиіс.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер болатынын, медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың сатылатынын анықтайды.<br>Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады.<br>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті,** | мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек.<br>Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер | қолдана алады.<br>Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін ойнайды, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады.<br>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | ететінін анықтайды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Мақал-мәтелдер жаттату.**<br>1. Әлсіз денеге ауру ұялайды.<br>2. Таза ауа – жанға дауа.<br>3. Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық.<br>4. Денсаулық – зор байлық.<br>5. Тазалық – саулық негізі.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **Жаңылтпаш айтқызу.**<br>Екі шөжем қанаттана алмады,<br>Қанаттана алмағаны - салақ қарағанымнан, -<br>Дұрыс тамақтана алмады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер"**<br>Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).<br>Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандарын | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Дәрумендер – денсулықтың қамқоршысы"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті ермексаздардан көкөністерді мүсіндеуде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көрсетеді). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет. | «Салауатты өмір сүру – салтымыз» отбасылық спорттық сайыстар. | Психолог кеңесі: «Баланың сөйлеу тілін дамыту». | Медбикеден кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| **Апталық тақырып: « Менің сүйікті ауылым»** | **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбежай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы:** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі : күні, айы, жылы** | **26.02 - 01.03.2024ж** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.02.2024ж | 27.02.2024ж | 28.02.2024ж | 29.02.2024ж | 01.03.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналарға "Бала жиі ашуланатын болса ..." тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер):8.10-8.20** | құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті)** | үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | іліп қоюды үйрету. Ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу, ересектерге көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **«Түрлі - түсті гүлдер»** Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер. Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын | **Ұлттық ойын. Теңге ілу** Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге | Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **(сурет салу)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Қарлығаш - біздің досымыз" Мақсат-міндеттер: балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып келетінін айтып, жапсыруға | **«Жіпті орау» музыкалық-дидактикалық ойын** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету. Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер. Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады. Тарқатылған түрлі-түсті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданады.<br>Ойынның бірінші нұсқасы:<br>Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді. Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті | салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.<br>**(дене шынықтыру)** | | үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | жіпті көңілді әуенді тыңдап тұрып орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.<br>Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, екі топқа бөлінеміз. Әр топтан екі баладан шығып, көңілді музыканың әуенімен қолдарыңдағы жіпті орай бастайсыңдар. Қай топтың баласы тез, әрі көп жіп ораса, сол топ жеңіске жетеді.<br>**(музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұнағанын талқылауға болады.Ойынның екінші нұсқасы: Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді. Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. *Көркем сөз*<br>Нан – ардақты адал ас, Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Кәрі, жас одан аттамас. Жерде жатса баспаңдар,<br>Ақ дастархан үстінде, Теріп алып, қастерлеп,<br>Қол жумай оны ұстамас. Торғайларға тастаңдар. Ө.Тұрманжанов **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | Көктем жаршысы - құстар тақырыбында | Көктемнің ерекшеліктері туралы | Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу. | Көктем туралы тақпақтар жаттау. | Көктем туралы ән айту. **(қарым-қатынас іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық:9.00-9.15** | әңгімелесу. Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері** "[б] дыбысы және Бб әрпіе қайталау". Мақсат-міндеттер: [Б] дыбысын және Б әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Б дыбысын дұрыс айтуға үйретуді пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Құстар - көктемнің жаршысы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 8-наурыз мерекесімен ауызша құттықтау ерекшеліктерімен таныстыру; сөйлемдер үлгілері негізінде қазақ | **Сауат ашу негіздері**<br>"[х] дыбысы және Хх әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға [х] дыбысы мен әрпін таныту, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Көктем мезгілінің есептері"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшем көмегімен ұзындығы түрлі жолақтарды салыстыруға, сандар құрамы тізбегін құрастыруда жаттықтыру; тең туралы ұғымдарын | **Математика негіздері**<br>"Көңілді көктем дыбыстары"<br>Мақсат-міндеттері: балаларды жолақтардың көмегімен ұзындықты өлшеп, салыстыруға үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"[Р] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: [Р] дыбысының артикуляциясын нақтылау, буында, сөзде, сөйлем ішінде | **Математика негіздері**<br>"Көңілді көктем дыбыстары" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттері: балаларды жолақтардың көмегімен ұзындықты өлшеп, салыстыруға үйретуді пысықтау.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Менің анам" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Ауылымды сағындым"<br>Мақсат-міндеттер: | **Сауат ашу негіздері**<br>"[х] дыбысы және Хх әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға [х] дыбысы мен әрпін таныту, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегі желісін еске түсіре отырып, мүсінделінген пішін бөліктерін біріктіру арқылы оларды бір-біріне жапсыру және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жаттығу:8.20-8.35** | 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. *Көркем сөз*<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | Балаларға | Балаларға эмоционалды | **Шона Смаханұлы** | Балаларға эмоционалды | **«Көңіл - күйдің** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Космосқа ұшамын».**<br>«Сәт сапар!» деп,<br>достар берген<br>Гүлге толып құшағым,<br>Асамын да асқар өрден,<br>Космосқа ұшамын.<br>Болса-дағы қанша көркем,<br>Көкте қайтіп жай табам?!<br>Ораламын асыл өлкем -<br>Отаныма қайтадан.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **кездесуі»**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: мейірімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу.<br>Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады.<br>Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды.<br>**(әлеуметтік-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ё] дыбысы және Ёё әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды Ё ё дыбысы және әрпімен таныстыру.<br>Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"[И] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: [И] дыбысын сөздің басында, ортасында кездесетінін ұғындыру, айтылуын дұрыс меңгерту, көру және есту қабілетін дамыту. | **Сауат ашу негіздері**<br>"[в] дыбысы және Вв әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Үй жануарларының өрістегі жолдарын салыстырайық"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттардың шамасын салыстыруда шартты өлшемді пайдалануға баула, сызғыштың сипатымен таныстыру; қоршаған объектілерді топтастырып, қосу, алу және тең ету амалдарын есепте көрсетуге | **Математика негіздері**<br>"Өрістегі төлдерді санадың ба?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару барысында қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Отан деген не? А.Пушкинннің "Балықшы мен балық" туралы ертегісін әңгімелеу". | **Математика негіздері**<br>"Өрістегі төлдерді санадың ба?" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару барысында қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: | **Сауат ашу негіздері**<br>"[в] дыбысы және Вв әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br>"Зымырайды зымыран"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды дайын тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер пішінді қағаздар арқылы зымыранның бейнесін құрастырып, жазық қағаз бетіне желімнің көмегімен жапсыруға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>"Гимнастикалық бөрене үстінде жаттығу жасау"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық бөрене үстінде тепе-теңдік сақтай отырып жаттығу жасауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Төрт түлік мал"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. | талпындырту.<br><br>**Музыка**<br>"Ғарышкерлер жыры"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билей білу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. | Мақсат-міндеттер: "Отан оттан да ыстық "мақалы, суреттерге сүйене отырып, диалогтарда қарапайым сөйлемдер құруға жаттықтыру; А.С. Пушкиннің "Балықшы мен балық" ертегісінің негізгі мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтаймыз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш | ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру.<br><br>**Музыка**<br>"Атамекен"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жер - ортақ үйіміз!"<br>Мақсат-міндеттер: Жер планетасы және ғаламшардағы адамдардың өмірі туралы түсініктерін | сақтаймыз" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау". (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету. | қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту. | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Тақпақ.<br>Ұшып, қонып жүр торғай,<br>Жем іздейді.<br>Серігіне табасын жегізбейді,<br>Құттай дәнді қиядан көзі шалып,<br>Байғұс сірә көрмейді өгіздерді.<br>Бақылау. Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған | **Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Жұмбақтар.<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс.<br>(Қараторғай)<br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы,<br>Достарға аялы. (Құс ұясы)<br>**Бақылау.** | **Құстардың ұяларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>"Шым тостаған".<br>Далаға кім тастаған?<br>(Құстың ұясы)<br>**Бақылау.** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, | **Ұяны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Ши түбінде шым кесе.<br>(Ұя)<br>Тақпақ.<br>Құстар ұя салады,<br>Жасауға жұмсақ ұяны.<br>Жабағы жүнді жияды,<br>Жайлы қып жасап ұяны<br>Жұмыртқасын салады.<br>**Бақылау.** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. | **Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау (Ақселеу). (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Тақпақ.<br>Үлбіреген бақбақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>"Уф!"-десем бақбақ,<br>Ұшасың ғой қаптап.<br>**Бақылау.** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді.<br>**Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене шынықтыру)**<br>Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Еңбек.** "Құстарды тамақтандыр". **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзіне | Көктемнің келуімен жәндіктердің жануына байланысты, құстар көбейеді. Қар ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын). (дене шынықтыру)**<br>Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыс. Көшеттерді отырғызу. Балаларды | балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жанында ән айтып отырады.<br>**Қимылды ойын. «Кім шақырды?» (дене шынықтыру)**<br>Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу. **(еңбек іс-әрекеті)** Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету | Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру.Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарға гүл тұқымын себу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Құммен ойын.<br>Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. **(дене шынықтыру)** | бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар.** «Үй».<br>Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру. | **Өз бетімен ойындар. «Гараж».**<br>Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру. | тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.<br>**Өз бетімен ойындар. «Ғарышкер». (шығармашылық іс-әрекет)**<br>Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу. | |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | "Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; | **Дидактикалық ойын. "Жаман - жақсы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу | **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. | **Ұлттық ойын. Асықты тігіп ойнау**<br>Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай | **Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>1-нұсқа.<br>Педагог жұмбақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.<br>Ойынның нұсқалары көп.<br>Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.<br>Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, | Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін, Бояу үшін теңге | белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейінболады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асықататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады. Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен | қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды немесе құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа.<br>Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен қимылдарды көрсетеді.<br>3-нұсқа.<br>Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.<br>Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…»<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Еркін ойын:** | тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Кememен саяхат".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға кememен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі | беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала | шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.<br>**(дене шынықтыру)** | Мақсат-міндеттер. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Мұздату".**<br>Мақсаты: ерікті реттеу дағдыларын, ережелерге бағына білу қабілеттерін дамытуға арналған ойын.<br>Ойын барысы. Балалар әуеннің ырғағына секіріп, ойнап жүреді. Кенеттен әуен тоқтайды. Ойыншылар кідіріске ұшыраған күйінде қатып қалуы керек. Егер қатысушылардың біреуі қозғалып қойса, ол ойыннан шығарылады. Олар тек бір қатысушы қалғанға дейін ойнайды. | жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, | "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**(дене шынықтыру)** | | пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кememен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды.<br>Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді.<br>Педагог кемедегі даяшы, | | | терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды.<br>Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді.<br>Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді.<br>Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі.<br>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді.<br>Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі.<br>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.<br>Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс.<br>Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, | | | тұрады.<br>Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс.<br>Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.<br>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.<br>Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады.<br>Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. | | | салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | | ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдері белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, | **Өлең жаттау.**<br>Бала тілін дамыту.<br>Көкке ұшамын -<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңына ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>(Тұманбай Молдағалиев)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.**<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын...<br>Мен ғарышкер боламын.<br>Ж.Смақов<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Сергіту сәті.**<br>"Ғарышқа самғап ұшайық."<br>- Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы!<br>Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау),<br>Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау).<br>Қанаттарды кең жайып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. **(шығармашылық іс-әрекет)** | балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | | (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") - Зууу! Зууу! Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды. |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | «Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| Апталық тақырып: «Ағаштың қасиеттері» | ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.04 - 12.04.2024ж** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 08.04.2024ж | 09.04.2024ж | 10.04.2024ж | 11.04.2024ж | 12.04.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | «Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер):8.10-8.20** | жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. **(еңбек іс-әрекеті)** | тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Глобус" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалақтау әдісін қолдана отырып "глобусты" мүсіндеуге, | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түйе" Мақсат-міндеттер: балаларды түйенің пішінін салуға үйрету; трафаретті бастырып жалпы сұлбасын, түйе | **Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап».** Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану. Ойын барысы. | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Түйеқұс" Мақсат-міндеттер: балаларды дәстүрлі емес материал: мақта табақшаларынан қағаз бетіне түйеқұсты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>**"Боямақты бояйық".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Көктем мезгілін бояу. **(шығармашылық іс-әрекеті)** | ермексазды жағу арқылы құрлықты бейнелеуге үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын: «Қоқыстан тазалау» (балалар 2топқа бөлініп үстел үстінде)**<br>Шарты: Ғаламшарды қоқыстан тазарту керек, ол үшін мына геометриялық денелерді пішініне қарай топтастыруымыз керек. **(дене шынықтыру, еңбек іс-әрекеті)** | арқасының үстіне алтыбұрышты пішінді бастыру техникасын игерту. **(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>Түйені зерттеу<br>Мақсат-міндеттер.<br>Түйенің тіршілігін, қорегін, сипатын сипаттау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын «Аш қасқыр» (қазақтың ұлттық ойыны)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жүгіру дағдыларын жетілдіру. «Аш қасқыр» — кең жазықта ойналатын халықтың ең көне ойындарының бірі. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Алдымен ойынға жиылған | жапсыруға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Ұлттық ойын. Бос орын**<br>Балалар шеңберді айналып малдас құрып отырады. Қолына қамшы ұстаған жүргізуші ойыншылардың бірінің қасына тоқтайды және қамшыны соның артына қойып кетеді. «Бұл жер тар, өз орныңды тап!» деген сөздерді айтады. Ойыншы қамшыны алады және жүргізушіні қуа жөнеледі. Егер оны ұстап алса, қамшымен ақырын ұрады. Ал жүргізуші сол ойыншының орнына отырып алуы тиіс. Егер отырып алса, ойыншы ойынды жүргізеді. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жастар орталарынан біреуін «аш қасқыр» деп белгілейді. Сонан соң алаңның бір шетінен шеңбер сызып, оны қасқырдың апаны деп атайды. Осының бәрін орындап болған соң, ойыншылар өздеріне басқарушы етіп бір ойыншыны тағайындайды. Қалған ойыншылар басқарушының артынан тізіліп тұрады да бірінің белдігінен бірі ұстасады. Ойын басталады. «Аш қасқыр» шабуылға шығады. Ойын басқарушы екі қолын жайып, оның қарсы алдынан шығып, кес-кестеп, бөгет жасайды. «Қасқыр» қайтсе де «қойларды» ұстауға тырысады. Егер бұл | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «аң қасқырдың» қолынан келсе, ұстаған «қойларды» өзінің апанына «апарады», олар сол «апанда» ойын біткенше қала береді. Ойын соңғы ойыншыға дейін ойнала береді де, қайта басталады. **(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | **Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

<table>
<tr><td>Таңғы ас:8.35-9.00</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз<br>Тағы міне, таң атты, Түлкіге қою айран,<br>Дайын дәмді тағамдар. Тышқанға дәндер салам.<br>Үлпілдеген тиінге, Ақ қоянға тәтті нан,<br>Жарып берем жаңғақты. Тосап беремін араға.<br>Қою сүтті беремін, Таңғы ботқа береміз,<br>Мысық пенен күшікке. Бақшадағы балаға.<br>Салт-дәстүр. Асату. Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15</td><td>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз сүйікімді баламыз!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td>Жүректен жүрекке<br>Балалар шеңберге тұрып төмендегі өлең жолдарын қайталайды:<br>Күніміз ашық болсын!<br>Түніміз тыныш болсын!<br>Ауамыз таза болсын!<br>Суымыз мөлдір болсын!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td>«Көңіл-күйді анықтау»<br>Ойынның мақсат-міндеттер:<br>мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді.<br>Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.</td><td>«Әдепті сөздер шеңбері»<br>Ойынның мақсат-міндеттер: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | Қайырлы күн, балалар! **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері** "[э] дыбысы және Ээ әрпі". Мақсат-міндеттер: Э э дыбысы мен әрпін | **Сауат ашу негіздері** "[э] дыбысы және Ээ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Э э дыбысы мен әрпін | **Математика негіздері** "Ағаштар жайлы сен не білесің?" Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды | **Математика негіздері** "Ағаштар жайлы сен не білесің?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды | **Сауат ашу негіздері** "[ц] дыбысы және Цц әрпі". Мақсат-міндеттер: балаларға [ц] дыбысы мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"[Э] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: [Э] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Қолды алға-артқа сермеп, құм | таныстыруды қайталау, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйретуді пысықтау.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Баубақшаның ағаштарына суды қалай жеткіземіз?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттар топтамаларын салыстыруда "кем", "артық", "тең" белгілерін пайдалана білуге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Атамекен, ақ мекен"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әннің сөзі мағынасын түсіне білу, музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін | салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Бердібек Соқпақбаев "Ағаштар неге ашуланды" әңгімесі. Ағаш түрлері"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды Б.Соқпақбаев "Ағаштар неге ашуланды" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; ағаштарға күтіммен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды | салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диологтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып | әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру.<br><br>**Құрастыру**<br>"Құрылыс ғаламшары"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары білеу, арка, призма, текше, цилиндрды пайдалана отырып ғарыш кемесін құрастыруды үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | толтырылған қапшықты лақтыру"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қолды алға-артқа сермей отырып, құм толтырылған қапшықты нысананың ортасына лақтыруға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Ағаштың қасиеттері"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көктемдегі маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; ағаштардың бүршік жаруы туралы ақпаратты өздігінен толықтыруға машықтандыру. | мұқият тыңдай білу, музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білу; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айта білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диологтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту. | арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі".<br>Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету. | әңгімелеуін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>"Көгілдір көктем"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жас бағбандар"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру; еліміздің көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту. | және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі". (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Тастардың алуан түрімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. **Зерттеу**. Балабақша аймағындағы тастарды табу: сұр, дөңгелек, үлкен және кішкентай. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Зейінді белгілі бір | **Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Табиғаттың жансыз құбылыстары туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақшадағы жұмыстар, қоқыс жинау, сыпыру жолдары. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылыстарын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Таңертең орманда", "Құстар".** | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жел туралы ойларын нақтылау. **Зерттеу.** Құбылнаманың көмегімен желдің бағытын анықтау; желбағарды пайдаланып желдің күшін анықтау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау, бірлескен күш-жігермен тапсырмаларды орындау қабілеттерін бекіту. | **Су қоймасын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Мұздың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Мұздың қалыңдығын мұз өлшегішпен өлшеу (келесі серуендерде су қоймасындағы мұздың еруін бақылау). **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыстан тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ересектерге | **Топырақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Топырақ қабаты - шымтезекпен таныстыру. **Зерттеу.** Құрғақ және сулы шымтезек кесектерін салыстыру; ұлғайтқыш арқылы шымтезек неден тұратынын бақылау; топырақ қайда тез кебеді және неге? **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақша жүйекшелеріне және ағаштардың түбіне шымтезек тасу. **(еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер. | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер):8.10-8.20** | Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті)** | жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Үстел үсті ойыны. "Дойбы".** Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. | **"Қауіпті өсімдіктер"** Мақсат-міндеттер: балаларға таныс емес қауіпті өсімдіктерді қолданудың қауіпсіздік ережелерін білуге үйрету; қауіпті өсімдіктердің түрлерімен таныстыру; табиғат аясындағы жеуге жарамды өсімдіктерді қолдану шараларын білуге үйрету. **(қарым-қатынас іс-** | **Ұлттық ойын. Теңге ілу** Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Жазғы демалыс" Мақсат-міндеттер: балаларды жазғы демалыс туралы ұғымдары мен ой-қиял жасау нәтижесінде, өз еркімен қағаз бетіне сюжетті жоспарлап, салуға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекеті)** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Шегіргүл - бөлме өсімдігі" Мақсат-міндеттер: балаларды гофрленген қағаздың түрінен шегіргүл гүлін құрастыруға үйрету; жырту, ұсақтау әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. **(шығармашылық іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(танымдық іс-әрекет)** | **әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Бояу қағазының суреттерін бояу.** Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(шығармашылық іс-әрекет)** | он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы | | | | |

| | |
|---|---|
| | қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. **(дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын<br>Балдәуренің Ықыласпен<br>қол жайсаң Көп тілекті<br>төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сұрағаның алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын Әумин **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".**<br>Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту. | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысың, асыл күн,<br>Армысың, асыл жыр.<br>Армысың, көк аспан,<br>Армысың, достарым,<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шаттық шеңбері**<br>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз бейбіт күн.<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Күнге шаттана қараймыз.<br>Қуана қолымызды соғамыз,<br>Осылай күнге жылу | **Шаттық шеңбері**<br>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шашамыз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар".<br>Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Жаз мезгілі. Орман ертегісі".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі, жазғы және жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; В.Бианкидің "Құйрықтар" ертегісінің негізгі мазмұнымен таныстыру. | **Сауат ашу негіздері**<br>"Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар".<br>Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Жазғы қызықтар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту.<br><br>**Музыка**<br>"Қош бол, балабақша!"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау | **Математика негіздері**<br>"Жазғы қызықтар" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Сиқырлы дыбыстар мен әріптер".<br>Мақсат-міндеттер: логикалық ойындар, жаттығулар арқылы балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру; жаз туралы | **Математика негіздері**<br>"Жазғы қызықтар" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>Өткен тақырыптарды пысықтау.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>Өткен тақырыптарды пысықтау. | **Сауат ашу негіздері**<br>"Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар".<br>Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Сұлу көбелек"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, ермексазды есу, домалақтау әдістерін пайдалана отырып көбелекті мүсіндеуге үйрету.<br><br>**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>Өткен тақырыптарды пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>"Доға астынан өту кезінде топтасу"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды доға астынан өту кезінде топтасуға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>Өткен тақырыптарды пысықтау. | кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>Өткен тақырыптарды пысықтау. | схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Доға астынан өту кезінде топтасуды пысықтау"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтың оң бүйірімен (3 рет), одан соң 180 градусқа бұрылып, сол бүйірімен секіру; көлбеу бөрене бойымен жүру және жүгіруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Кел жаттайық Т. Молдағалиев «Жаз келіпті»"<br>Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>Өткен тақырыптарды пысықтау. | **Көркем әдебиет**<br>"Кел жаттайық Т. Молдағалиев «Жаз келіпті»" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Гүл бағын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Гүл бағы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны гүл көшеттерін отырғызуға дайындау тілегін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс) **(еңбек іс-** | **Велосипедті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Велосипед жайлы білімдерін кеңейту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты бұтақтар мен тастардан тазарту). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс дағдыларын дамыту. | **Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімдерін толықтыру; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылуды қалыптастыру; балаларға табиғаттағы барлық өсімдіктердің маңызы барын түсіндіру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек** | **Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. **Ересек адамдармен** | **Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру. **Зерттеу.** Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл - қозғалыс ойындары: "Үйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Құстар". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Келесі кім?" ойын жаттығуы. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға допты қашықтыққа лақтыру дағдыларын жетілдіру. | **тапсырмалары** (учаскені қоқыстан тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа күш-жігерін жұмсап жетуді үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?"(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жылан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту. | **тапсырмалары:** аумақты ескі жапырақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалу". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Сол және оң аяққа секіру қабілетін дамыту. |
| **Серуеннен** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау | | | | |

| | |
|---|---|
| **оралу:12.35-12.50** | дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын<br>Балдәуренің Ықыласпен<br>қол жайсаң Көп тілекті<br>төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұрағаның алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын Әумин **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Ауыр тастарды көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп, қайта түсіру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".** Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый | **Ритмикалық жаттығу** Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (адымдайды) Адыммен біркелкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді) Біз жауынгер баламыз. (қолдарын басының тұсына қояды) Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (адымдайды) Тізіліп біркелкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын басының тұсына қояды) Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын басының тұсына қойып, адымдайды) **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".** Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".** Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".** Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік арқылы анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атауға қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды үлгілері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтар).<br>Шарты.<br>Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды.<br>Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды.<br>Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді.<br>Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,** | | қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері.<br>Шарты.<br>Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды | Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын | бірлесіп әрбір отбасында туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау дәстүрі қайдан келгенін талқылайды.<br>Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды.<br>Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды.<br>Туған күн иесін балалар санамақ арқылы тағайындауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күн иесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | | қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің | аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. | болып үлгеру тиіс. Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың адал ниетті дос болуы, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалғаны. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **"Қағаздан бүктеу" жұмысы.**<br>Тақырыбы: "Піл".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жануарлардың пішіндерін қағаздан бүктеп жасауды үйрету.<br>**(жапсыру)** | **Бала тілін дамыту. "Жазда" (Рамазан Тышқанбаев)**<br>Шулы өзенге барайық,<br>Орын таңдап алайық.<br>Ақ сазанға ау құрып,<br>Болат қармақ салайық.<br><br>Жүр, балалар, тұрмалық,<br>Гүл терелік, қыр барып.<br>Өкінбейік, даланың | **"Қағаздан бүктеу" жұмысы.**<br>Тақырыбы: "Кеме".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету.<br>**(жапсыру)** | **Бала тілін дамыту. "Жаз" (Ілияс Жансүгіров)**<br>Жерің анау,<br>Жасыл жолақ кілемдей.<br>Желің мынау,<br>Жігіт айтқан өлеңдей.<br>Көлің анау,<br>Той ғып жатқан ауылдай.<br>Күнің мынау, | "Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қызығынан құр қалып. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | Елжіреген енеңдей. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | «Мектепке дайынсыз ба?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу. | Жобаны қорытындылау. | Балабақшамен қоштасу. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| Апталық тақырып. Жаз келді -Алақай! | ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.05 - 31.06.2024ж** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.05.2024ж | 28.05.2024ж | 29.05.2024ж | 30.05.2024ж | 31.05.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарға жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды | **"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және тағы басқа әрекеттер):8.10-8.20** | топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тапсырманы мұқият және жылдам орындау. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым іс-әрекеті)** | тапсырманы мұқият және жылдам орындау. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".** Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез | **Үстел үсті ойыны "Лото".** Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін топтастырып, кімнің киімі екендігін айтады және әр киімнің | **«Әліппе-лотосы».** Мақсат-міндеттер. Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру. Ойынның барысы. Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп беріледі. Ойын | **Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".** Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып | **«Әліппе-лотосы».** Мақсат-міндеттер. Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру. Ойынның барысы. Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп бе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | атауларын атап шығады. **(танымдық іс-әрекет)** | бастаушы қапшықтан текшелерін алады, әріпті ойынға қатысушыларға кезекпен береді. Карточкадағы әріпке сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол жеңіске жетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** | сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол жеңіске жетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | **«Эмоцияларды жаттықтырамыз»**<br>Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балалардан:<br>- күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық | **«Эмоциялар**<br>Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді кө<br>Тәрбиеші балалардан:<br>- күзгі бұлт Сияқты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз бейбіт күн.<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Күнге шаттана қараймыз.<br>Қуана қолымызды соғамыз,<br>Осылай күнге жылу шашамыз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | сиқыршыны;<br>- күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы;<br>- балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп<br>жіберген адамды;<br>- орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен<br>қорыққан мысықты;<br>- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен<br>бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны;<br>- көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды;<br>ауыр жүк әкелген жылқыны;<br>жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | Қуанамыз, күлеміз,<br>Бар әлемді сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достармен бір жүреміз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | түнеруді;<br>ашулы адамды;<br>зұлым сиқыршыны;<br>- күлімдеген Күннің көзін; қу түлкіні;<br>қуанышты баланы;<br>- балмұздағын тартып алған ызалы баланы;<br>көпірдегі екі жіберген адамды;<br>- орманда адасып кетіп қорыққан мысықты;<br>- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк | қс<br>қ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен б ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоциялары н көрсетуді сұрайды. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Жазғы-сауықтыру бағдарламасы** | **Жазғы-сауықтыру бағдарламасы** | **Жазғы-сауықтыру бағдарламасы** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | | | | | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады? (Қоңыз)<br>**Бақылау.**<br>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту.<br>Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап. (Бақбақ)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Балалалардың ойын ережелерін | **Шықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Маржандарым тығылды,<br>Таң атқанша ағылды. (Шық)<br>**Бақылау.** «Шық» деп аталатын өлі табиғаттағы құбылыс жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Шықтың тек таң ата шығып, күн көтерілгенде еріп кететініне назар аудару. Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын. «Менің көңілді добым». (дене шынықтыру)**<br>Доппен ойнау әдістерін бекіту, қимыл-қозғалыстарын дамыту ептілікке баулу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту.<br>**Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру)**<br>Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау.<br>**Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру. | сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар. Айналмамен ойнау. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау. | **Еңбек.** Ауылдағы жұмыс. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Өсімдіктердің солып қураған жапырақтарын алып тастау. Қолданған еңбек құралдарын ретке келтіріп өз орнына қоюға дағдыландыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. **(дене шынықтыру)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Сюжетті-рөлдік ойын.** | **Дидактикалық ойын.** | **Сюжетті-рөлдік ойын.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **"Балабақша".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Балабақшада жұмыс жасайтын мамандардың құралдары (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы).<br>Шарты.<br>Балалар балабақша қызметкерлерін өз еркімен тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бір бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не | **"Жақсы - жаман".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп.<br>Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды | **"Мектеп".**<br>Мақсат-міндеттер. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер.<br>Шарты.<br>Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады.<br>Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді істейтінін анықтап, балалардың орнын алмасуын бағыттап жатады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың";<br>"Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын-ала қарап, мұғалім мен оқушылар жайында әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында мұғалімнің рөлін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Дидактикалық ойын. «Ғажайып нүктелер».**<br>Нүктелерді қосып гүлдің суретін салады.<br>Нүктелерді қосып қар ұлпасының суретін шығарады.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Кемпірқосақтың түстері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. | **Бала тілін дамыту.**<br>"Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)<br>Сен де қудың көбелек,<br>Мен де қудым көбелек,<br>Жүйрік екен керемет,<br>Ұстатпады, не керек?!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(шығармашылық іс-әрекет)** | | | |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | Балаларының жетістігі жайлы ата-аналарына айту; үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу. | | | | |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **03.06.-07.06.2024ж** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.06.2024ж | 04.06.2024ж | 05.06.2024ж | 06.06.2024ж | 07.06.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгі-мелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы** | **Еңбек:** алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. | **Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту. | **Еңбек:** алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен | **Еңбек:** табиғи материал жинау. Мақсаты: еңбек дағдыларын жетілдіру, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. | **Еңбек:** гүлзарлардағы гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер):8.10-8.20** | Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу **(еңбек іс-әрекеті)** | қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау жаттығулары **(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Мысық пен тышқан".** Мақсат-міндеттер: балаларды, ойын шартын бұзбай, шапшаңдықпен ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машықтандыру. Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. **(дене шынықтыру)** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру. Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға | **Үстел үсті ойыны."Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. **(танымдық іс-әрекет)** | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тышқанды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.<br>Мысықай аппақ қарасақ,<br>Құйрығы сұр, тамаша-ақ,<br>Жебедей-ақ ұшады,<br>Көзін жаймен қысады.<br>Тырнақтарын үндемей,<br>Ашқан кезде инедей,<br>Тышқандардың тықырын,<br>Мысықай естісе ақырын,<br>Аңдып аулап алады,<br>Мысықай біздің жарады.<br>«Аңдып, аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап | **Еркін ойын: "Тыйым салынған қозғалыстар".**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Ойын барысы. Ойыншылар шеңберге тұрады, ортада - педагог. Ол олардың қайсысына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды.<br>Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4 - 5 қайталаудан кейін өзгерту керек. | қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады. Бұл ойынды бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдану мүмкін.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. | **"Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары.**<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдік, ептілік, қозғалыс жылдамдығын сезімін дамыту; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Кім епті?"**<br>Мақсат-міндеттер: допты лақтыруға және ұстауға машықтандыру.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Кім жылдам жүгіреді?" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шектеулі аумақта жылдам жүгіруге жаттықтыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Төбеде доп қуу".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынға қатысушылардың барлығы екі топқа бөлінеді. Әр топтың ойыншылары бірінің артына екеуден сапқа тұрады. Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен бірі 3-4 метр жерде тұрады. Капитандар бір - бір волейбол добын алады да, оны екі қолымен төбелеріне көтереді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді. **(дене шынықтыру)** | **(дене шынықтыру)** | Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою | | Жетекшінің «Бастаңдар» деген командасы бойынша олар допты басынан асыра артындағы ойыншыға, осы әдіспен келесі ойыншыға береді. Ойын одан әрі қарай жүгіреді, сөйтіп өз тобының алдына келіп тұрады. Доп тағы да колонаның соңына кетеді. Ол топ капитандарының қолына екінші рет қайта тигенше ойын осылай айнала береді. Капитан өз орнына келіп, бірінші болып, допты жоғары көтергенде команда ұтып шығады. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жинаған бала жеңімпаз. Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Міне, бүгін ойнадық<br>Ойнадық та, ойладық.<br>Көжектер боп жүгіріп,<br>Сәбіздерді жинадық.<br>Бүгін жаттығу жаңаша,<br>Қалмадық біз оңаша,<br>Біздің балабақшада,<br>Күнде осындай тамаша!<br>Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені.<br>1. "Жіпті соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру.<br>1-2- жіпті жоғары көтеру, оған қарау.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу.<br>2. "Бұрылу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу.<br>2- бастапқы қалып, сол жаққа орындау.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру.<br>1-2- сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау.<br>3-4- бастапқы қалып.<br>4. "Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау.<br>1- жіпті ұстаған күйде жоғары созу.<br>2- оңға еңкею.<br>3- бастапқы қалып.<br>4- сол жаққа орындау.<br>5. "Бүгілу, майысу".<br>Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда.<br>1-3- артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі.<br>**Көркем сөз**<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын! | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **Жаңылтпаштарды қайталау.**<br>Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-** | **"Ғимараттарды неден салады?" сұрақ жауап жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс материалдар туралы түсініктерін тиянақтау; | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін | **Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-** | **Отбасы туралы мақал-мәтелдерді қайталау.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін дамыту; халық ауыз әдебиетеіне қызығушылықты арттыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті)** | ой шапшаңдығын жетілдіру. ғимараттар түрлерін ауызша айтуға немесе ғимараттар салынған суреттерді көрсетуге болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **әрекеті)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Гимнастикалық орындық үстінде еңбектейміз" Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу; балаларда тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қызыл телпек" орыс халық ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні түсіндіру арқылы, мазмұндап айтуға үйрету; өз ойларын толық айтуға, әңгімелеуге дағдыландыру; есте сақтау қабілетін дамыту, тілін, сөздік | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қалашық тұрғындарына арналған дәмді ас" Мақсат-міндеттер: Заттар топтарын салыстыру қабілетін нығайту; заттарды ұзындығы мен қалыңдығы бойынша салыстыру қабілетін қалыптастыру; | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Менің қаламдағы жаз" Мақсат-міндеттер: Балалардың жаз белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру, сұрақтарға толық жауап беру қабілетін дамыту, жұмбақтарды шешуге үйрету, балаларды табиғаттағы жазғы | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Балалық шаһар" Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі ғимараттарды сызба бойынша салуға үйрету, сөздік қорды кеңейту, ғимараттардың мақсаттары туралы және олардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелесу арқылы, балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту, топта жұмыс істеу және дос құруға қамқорлық жасау дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру. | қорын молайту; кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатынастарын бағалауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жол ережесі сақтайық!"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы | сөздерді сөйлеу барысында қолдану дағдыларын дамыту: ұзын-қысқа, бірдей ұзындық; жуан-жіңішке, қалыңдығы бойынша тең; берілген қасиеттері бар заттардың тобын құру қабілетін бекіту; тапсырмаларды өздігінен орындауға қызығушылықты арттыру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Түнгі қала"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға дәстүрден тыс бейнелеу – граттаж техникасын таныстыру, түстер палитрасына сәйкес қаланың кешкі бейнесін беруді, заттарды кеңістікте дұрыс орналастыра | өзгерістерді атап өтуге үйрету; есте сақтау, ойлау, өз ойларын дұрыс және сауатты айту қабілетін дамыту; жазда табиғатта мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. | тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. | білуге үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейіндерін дамыту; туған қалаларына сүйіспеншілікке, өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі | **Жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсаты: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру;балалардың жәндіктердің алуан түрлілігі туралы білімдерін кеңейтуді; жәндіктерді айқын белгілері бойынша ажыратуға және атауға үйрету: түсі, мөлшері, | **Құмырсқаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: құмырсқалардың пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту. | **Өрмекшіні бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: өрмекшілердің пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейтуді жалғастыру.<br>**Жұмбақ**<br>Тоқыған ауы - шыбынның жауы.<br>(Өрмекші) | **Шыбынды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: шыбынның пайда болу ерекшеліктері туралы білімдерін және түсініктерін кеңейту<br>табиғат туралы шынайы түсінік қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>**"Шыбындар"**<br>Қабырғаны жағалап,<br>Қуалаймыз сабалап.<br>– Шыбындар, нас, кірсіңдер,<br>Мұнда неге жүрсіңдер?!<br>Бір қап кір бар аяқта,<br>Жабысасың аяққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшін құндылығын көрсету.<br>**Көркем сөз**<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. **(еңбек іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, жылдам жүгіру, кеңістікті бағдарлауын жаттықтыру.<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, | өзіндік ерекшелігі дене бөліктері, қозғалыс режимі<br>Экологиялық міндет: жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Әңгімелесу-тәжірибе.**<br>Қоңызды қарастыру: басы, мұрты, аяқтары, қанаттары. Ол қанаттарын қалай көтеретінін және қалай ашатынын байқаймыз, жәндік қозғалады, ұшады және отырады.Тірі тіршілік иелерінің жанында өздерін сабырлы ұстау керек екенін ескертеді. Қоңыз бен қырықаяқты аулауды ұсынады, картон парағына құм қабатын құйюды ұсынады - жәндіктер жүгірсін. Қоңыз бен қырықаяқ құмда қандай іздер қалдыратынын салыстыру. | *Жұмбақ жасыру.*<br>Қатар - қатар қара нар,<br>Аспанменен бара бар,<br>Алды биік, арты жар. /Құмырсқа/.<br>*Көркем сөз*<br>Қаламайды құмырсқа<br>Қаңғыруды, билеуді.<br>Тыным алмай, ырысқа<br>Толтырады илеуді.<br>Тапқан заты ауыр боп,<br>Түссе бірі әлекке,<br>Қауымдасқан бауыр кеп,<br>Келеді тез көмекке.<br>Ауыртпалық көрмедім<br>Олар алып жықпайтын.<br>Қиындық аз дер едім<br>Түбі жеңіп шықпайтын.<br>Неге?<br>Айтсақ дұрысын: | **Көркем сөз**<br>Сегіз аяқ өрмекші,<br>Біздің бақта не көрмекші?<br>Бұрышта отырады,<br>нағыз қарақшы,<br>Торына түскен шыға алмайды, айтпақшы.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Үлкейткіш әйнекті алып, өрмекшіні зерттеу. (Өрмекшінің басында көзі және аузы бар, ал кеудесі төрт жұп аяғына тіреледі).<br>**Еңбек:** кіші топ балаларына ауланы тазартуға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікті, балаларға көмектесуге деген ұмтылысты дамыту.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | Қонасыңдар етке де,<br>Танау менен бетке де. (Ж. Смақов)<br>Шыбын - қосқанатты зиянды жәндік. Ұшқан кезде қанаты арқылы ызыңдаған дыбыс шығады. Жабайы табиғатта және адамдар мекендейтін аймақтарда мекендейді. Дәмді аяқтары арқылы сезеді. Біздің күнделікті көріп жүрген шыбынның тұмсығы сұйықтық ішуге бейімделген, қатты заттарды сілекеймен ерітіп жібітіп барып ішеді. Шыбындар лас жерлерге жұмыртқаларын тастап тез өніп өседі. Шыбындарға қарсы күрес тазалық.<br>Шыбындар өте зиянды жәндіктер! Шыбындар көптеген ауыр жұқпалы ауруларды таратады. Олардың жауы: өрмекшілер, бақа, құрбақа, кесіртке. Шыбындарға қарсы күрес тазалық.<br>**Еңбек:** гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерді күтуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тазалықты іздесең, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)<br>**Болжам:** Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді.<br>**Еркін ойын.**<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. | Тәжірибеден кейін жәндіктер босатылады.<br>**Көркем сөз**<br>1. Ұзын құйрық инелік,<br>Инелікке тимелік.<br>Верталетты жасады,<br>Иненіктен ұйреніп.<br>2. Гулден сорып бал жинап,<br>Терлеп жанын кинады.<br>Және өзіне жиғанын,<br>Адамдарға сыйлады.<br>**Еңбек:** балаларды алаңдағы жұмысқа тартуды жалғастыру; суару, қопсыту, арамшөптерді жұлу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу<br>**"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | Демей ұсақ, ірісің,<br>Бірі істейді бәрі үші,<br>Бәрі істейді бірі үшін! (Қадыр Мырза Али)<br>**Еңбек:** алаңдағы жерді қопсыту.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындау тәртібіне баулу.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір- | Мөлдір судан аласың.<br>Жиі-жиі жуынсаң,<br>Аппақ, таза боласың.<br>Тазалықты іздесең,<br>Сабын, сүлгі керегі.<br>Бірі жуып шашыңды,<br>Бірі сүртіп береді.<br>Тазалықты іздесең,<br>Айна,тарақ керегі.<br>Бірі тарап шашыңды,<br>Екіншісі көреді.<br>**"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды.<br>Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын | Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, әділ ойнауға тәрбиелеу; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>**Халық болжамы:** өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі.<br>**Жаңылтпаш**<br>Шын еңбекшіл – өрмекші,<br>Өрмекші - шын еңбекші.<br>**"Ляйлек пен бақа" жапон ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың секіре білу мүмкіндіктерін жетілдіру.<br>Бұл жапон ойынын 4 немесе одан да көп адам ойнай алады. Ол | қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп | бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**Еркін ойындар:** "Бір - екі", "Үндемей өт". **(дене шынықтыру)** | Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау.<br>Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады.<br>**"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жабдығы: асық.<br>Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тигізсе, сол шетке шығады. Қу түлкі". | үшін асфальтқа шығанақтар, аралдар мен мүйістер салынған үлкен көл салу керек. Ойыншылар бір жүргізушіні таңдайды - «ляйлек», ал қалғандары барлық ойыншылар «бақаға» айналады. «Бақалар» «суға» отырады, «құрлыққа» шығуға құқығы жоқ. «Ляйлек» жағалау бойымен жүріп өтіп, «бақа» ұстауға тырысуы керек. «Ляйлек» «аралдан» «аралға» секіруге құқылы, бірақ «суға» кіре алмайды. Соңғы ұсталған «бақа» «ляйлекке» айналады. Еркін ойындар. | кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. **Ескерту:** педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. **Жеке жұмыс:** баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу Еркін ойындар. | Мақсат-міндеттер: нақты, ырғақты, дұрыс қалыпта және қимылдарды үйлестіре отырып жүруге үйрету. **"Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты ұстау және оны басқа белгі бойынша жылдам лақтырып, ұстап ала бере білуді жетілдіру. | көп ұзамай, шеберде отырған кез-келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: өзін үстел үстінде дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту.<br>*Көркем сөз*<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын - жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі;<br>балалардың өзін-өзі бақылауы.<br>*Көркем сөз*<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыру әдетін жетілдіру.<br>*Көркем сөз*<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Гигиеналық дағдылар: "Тазалық-денсалық кепілі".**<br>Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын-жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балаларды өзін-өзі бақылауға дағдыландыру.<br>*Көркем сөз*<br>Тиін жаңғақ жарады,<br>Ешкі шөп жеп барады.<br>Құстар дәнді шоқиды,<br>Ұлу отыр қоқиып.<br>Сүйекті жеп күшігім,<br>Ара балды сорады.<br>Жемге тойған бұзауым,<br>Қамаулы тұр қорада.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>*Көркем сөз*<br>Жылы сумен қолымды,<br>Тазалап мен жуамын.<br>Қолыма алып сабынды,<br>Алақанды жуамын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)** | | |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | **Біртіндеп ұйқыдан тұру (музыка ақырын ойнап тұр).**<br>Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық!<br><br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті, | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу.<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку.<br>Табанды шынықтыру массаждары:<br>1. «Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>2. Табанға арналған | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>**Көркем сөз**<br>Әдемі ирек жолдармен, | Біртіндеп ұйқыдан ояту.<br>Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары.<br>**«Ұшақ» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: омыртқаның бұлшықет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшықеттерін күшейту.<br>**Көркем сөз**<br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын. | Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>**Көркем сөз**<br>Көздеріңді ашыңдар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>3. Ілгекті жолмен жүру.<br>4. Тастардың үстерімен жүру.<br>5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.<br>6. Табандар арқылы жүру.<br>**Көркем сөз**:<br>Балапандарым кәне ұйқыдан тұрайық.<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол | **"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, "Жер" деген кезде, жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде, суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды. Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады. "Ауа" дегенде кезде | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу. Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, | **"Менің ғажайып бұлтым" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы. Балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тыныштalып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын: "Күн қояндары".** Мақсат-міндеттер: | **"Төртінші артық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Тәрбиеші төрт сөз айтады, балалар артығын атау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Ұшты - ұшты" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынның мазмұны. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеңімпаз болып саналады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былғайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Мектеп" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың мектеп туралы білімдерін кеңейту және нақтылау. Балаларға рөлді жүзеге асырудың экспрессивті құралдарын (интонация, мимика, қимылдар) игеруге көмектесу. Балалардың оқуға деген ынтасын арттыру. **(қарым-қатынас іс-** | зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. "Адам қандай заттарды жасаған?" - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені жаратқан?". Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, | балалармен бірге бағыттарды нақтылаңыз: жоғары, төмен, жанына. Әр түрлі қимылдарды орындауға үйрету. **(дене шынықтыру)** | айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты (қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты (қол көтермейді)<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты (қол көтермейді)<br>Ұшты - ұшты ұшақ ұшты (қол көтереді) **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын: "Жер, су, ауа"** Мақсат-міндеттер: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу; шапшаңдыққа баулу. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Жаңылтпаш** Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатка тақпақ, Жатта тақ-тақ **(қарым-қатынас іс-** | **Жәндіктер туралы жұмбақтарды жаттау.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Бар екен бір мақұлық | **Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу | **Шығармашылық уақыты: "Ғажайыптар қалашығы".** Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті)** | ұннан майда,<br>Өз басын айдайды екен қиын жайға,<br>Ұстасақ үгітіліп жоғалады,<br>Дамылдап отырмайды ешбір жайға. (Көбелек)<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс. (Шыбын)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | қабілеттерін жетілдіру.<br>Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті)** | балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | **Күндізгі жарықтың ұзақтығын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жаз күнінің өте ұзақ, ал түннің қысқа | **Жәндіктерді бақылау (жалғасы). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жәндіктердің әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Экологиялық міндет: | **Жәндіктерді бақылау (көбелектер). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көбелектердің тіршілігі жайындағы білімді толықтыру; бақылау арқылы жаңа | **Өрмекшіні бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: өрмекшілердің пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейтуді | **Шыбынды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: шыбынның пайда болу ерекшеліктері туралы білімдерін және түсініктерін кеңейтуді жалғастыру, табиғат туралы шынайы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін көрсету; күн ерте шығады және ұзақ уақыт жарқырайды.<br>Экологиялық міндет: балалардың жаз мезгіліне тән белгілері, қоршаған әлем туралы білімдерін бекіту.<br>Әңгімелесу:<br>- Балалар, жаздың басталуымен не байқадыңыз?<br>Балаларға «таң», «күн батуы» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді. (Күн)<br>**Еңбек:** ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: | балалардың жәндіктердің әртүрлілігі туралы идеяларын жүйелеу.<br>**Көркем сөз**<br>**"Көбелек".**<br>Мен тимеймін, жасқанба,<br>Дос болайық, көбелек.<br>Жайнап тұрған бақшамда,<br>Гүлдерімді көре кет.<br>Тұтқиылдан састыра,<br>Жаңбыр жауса себелеп.<br>Тақиямның астына,<br>Тығыла ғой, көбелек.<br>(А. Сәрсенов)<br>**"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа | ақпараттарды алуға баулу.<br>Күн сайын жәндіктер көбейіп келеді: масалар, көбелектер, қоңыздар.<br>Көбелектердің бірнеше түрін (капустница) ажырата білуге үйрету.<br>Көбелектердің қанаттарында өте әдемі өрнек бар - ол ең әдемі табиғатпен жаратылғандардың арасында.<br>Көбелектердің қанаттарын ұстауға болмайды, өйткені олар нәзік тозаңмен жабылған, оны өшіру оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмайды**.**<br>Балаларға көбелектер жұмыртқалайтынын түсіндіру, содан кейін өсімдіктердің жапырақтарын жейтін осы жұмыртқалардан | жалғастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Сегіз аяқ өрмекші,<br>Біздің бақта не көрмекші?<br>Бұрышта отырады, нағыз қарақшы,<br>Торына түскен шыға алмайды, айтпақшы.<br>Ахметова Д.<br>Тәрбиеші өрмекші туралы жұмбақ жасырады, сұрақтар қояды:<br>Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай керең құлағы.<br>Сөйтіп жүрген көп жерге,<br>Аспалы торлар тұрады. Ол не? (Өрмекші)<br>Тоқыған ауы – шыбынның жауы. (Өрмекші)<br>- Өрмекшілердің пайдасы қандай? (Олар жәндіктерді жейді.)<br>- Өрмекшілер жәндіктерді немен аулайды? (Олар торлар тоқиды.)<br>- Өрмекшілер өрімді қаншалықты жиі тоқиды? (Күн сайын, өйткені ол | түсінік қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс.<br>(Шыбын)<br>- Төбеде шыбындар қалай жүреді? (Шыбындардың аяқтарында жабысқақ түкті төсемдер бар; шыбын жеңіл және жастықшалар кез-келген бетке өте жақсы жабысатындықтан, шыбын кез-келген жерде қалуы мүмкін.)<br>- Неліктен шыбындарды зиянды жәндіктер деп атайды?<br>- Шыбындардың қандай зияны бар? (Олар микробтарды таратады.)<br>- Шыбындар қалай көбейеді? (Олар жұмыртқалайды.)<br>- Шыбындар қайда жұмыртқалайды? (Көңде, қоқыста.)<br>- Шыбындардың қандай жауы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. | тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды. "Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу. Көңілді шыбындар Жан-жаққа ұшады. Өрмекші бұрышта Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар! Зуылдап ұшыңдар! Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады.<br>**Еңбек:** алаңды тазартуда сыпырушыға | құрттар шығады. Кейінірек құрттар іштен бөлінген жіппен оралып, қуыршаққа айналады, ал қуыршақтардан көбелектер қайта пайда болады**.**<br>**Жұмбақ**<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек )<br>Тәрбиеші жәндіктерді сипаттайды, балалар болжайды**.**<br>**"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: суреттейтін әңгіме құруға, зейінді, келісімді сөйлеуді дамытуға, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға дағдыландыру**.** | жел мен жаңбырдан тез бұзылады.)<br>- Өрмекшілер немен қоректенеді? (Шыбындар, көбелектер, масалар.)<br>- Өрмекшілер жыртқыш па? (Иә, олар басқа жәндіктермен қоректенеді.)<br>- Өрмекшілерде қашан балалайды? (Жаздың соңында.)<br>Жаңа туылған өрмекшілер қай жерде өсіріледі? (Өрмекші ана оңаша жерде тордан тығыз кокон тоқып, оған бірнеше жүз жұмыртқа салады. Көп ұзамай олардан жаңа туған өрмекшілер шығады. Олардың барлығы жайлы жылы ұяда тұрады, өрмекші анасы кішкентай жәндіктерді тамақтандырады, ал кокон оларды суықтан, жаңбырдан, желден | бар? (Өрмекшілер, инеліктер.)<br>- Шыбынның мұрны бар ма? (Жәндіктердің мұрындары жоқ; олар аяқтары мен мұрттары арқасында жанасады, иіс сезеді және дәмін сезінеді. Мұрттары - сенсор мүшесі. Ол температураны, ылғалдылық пен иісті сезінеді.)<br>- Шыбынның қанша көзі бар? (Көздің екі түрі - қарапайым және күрделі: олар бір уақытта алдында, артында және астында көре алады.)<br>- Шыбын қайда және қалай қыстайды?<br>**Еңбек:** құмсалғышты тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Олар барлығы қосылып, төмендегі өленді айтады:<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Шолпан атты қыз керек, - дейді. | көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: үлкердге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту<br>**Еркін ойын: "Ыстық картоп". (дене шынықтыру)**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: доптың шеңбер бойымен жылдам өтуін қамтамасыз ету.<br>Ойын барысы.<br>Ойыншылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындыққа тұрады. Шеңбер бойымен жүру. Бір ойыншының қолында ыстық картоп добы бар. Белгі бойынша балалар допты бір бағытта шеңберге айналдырып, мүмкіндігінше жылдам жүргізушінің допты алып кетуіне жол | **Еңбек:** ойыншықтарды жуу (өңдеуге жарайтын), төсенішке кептіру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жұмысқа деген оң көзқарасты, тапсырмаларды жауапкершілікпен тәрбиелеу**.**<br>**"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үлестіру қабілеттерін жетілдіру. Педагог ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беріп тұру мүмкін. | қорғайды.)<br>- Өрмекшілер күзде қайда жоғалады? (Қыстың басталуымен өрмекшілер ескі дүмбілдердің жарықтарына тығылып, көктемге дейін ұйықтап кетеді.)<br>- Өрмекшілердің мінез-құлқына сүйене отырып, ауа-райын қалай болжауға болады?<br>(Өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі.)<br>- Өрмекшінің денесі неше бөліктен тұрады? (Екі бөлітен-кеуде және іш.)<br>**Еңбек:** гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерді күтуге тәрбиелеу.<br>**"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** | ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді.<br>Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті.<br>Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды.<br>Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады.<br>Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.<br>**"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | бермеуге тырысады. Жүргізуші шеңбер бойымен қозғалады және оны беру кезінде допты алуға тырысады. Кім жетекші допты алады, ол шеңбердің артында тұрады.<br>Ойын ережелері. Допты көрші ойыншыға беру, ешкімді өткізбеу. | Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді есті жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс. Сондай-ақ, демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады.<br>**"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. | Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бірінші, екінші болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды. "Қақпан" болып жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер құра жүріп, өлең айтады:<br>Қасқыр түссе қораға,<br>Ұстамас оны бола ма?<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>"Қасқыр қақпан" құрайық.<br>Берік қақпан сынбайды,<br>Қасқырларды ұстайды.<br>Қасқыр, қасқыр, келіп көр!<br>Қақпан, қақпан, берік бол!<br>Соңғы сөздерден кейін қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді. | ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>**"Кеглиді көзде", "Допты қуып жет" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін, кеңістікті бағдарлау, жүгіре білу қабілетін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтап сызықты басып жүгіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: төзімділікке, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>Еркін ойындар. | | | Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп керіп, жүгіріп жүреді.<br>Ойын басқарушының (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар" қолдарын тез түсіріп, отыра қояды.<br>"Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер сыртына ытқып шығып кету.<br>Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады.<br>Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады.<br>Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары бойынша, ойыншыларды "қақпа" және "қасқырлар" тобына келісіп таңдайды.<br>**"Судан аттап өт"** | үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: қабырғаға доппен ойнау техникасын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қозғалыс координациясын дамыту; қимылды тапсырмаларды орындауды үйрету, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастыру. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | Ата-аналармен «Тазалық - денсаулық кепілі» тақырыбында әңгімелесу. | «Неліктен қыста жәндіктер болмады?» тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жәндіктер" тақырыбында әңгіме. | Ата-аналармен күн тәртібін сақтау туралы сөйлесу | Ата-аналармен "Демалыс" тақырыбында әңгімелесу |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 10.06-14.06.2024ж | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.06.2024ж | 11.06.2024ж | 12.06.2024ж | 13.06.2024ж | 14.06.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі туралы әңгімелесу; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы** | **Еңбек:** ойын алаңын сыпыру. Мақсат-міндеттер: тәртіпті сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. | **Еңбек:** аула тазалаушыға ауланы тазартуға көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ықыласты, еңбекке | **Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер: балалардың еңбекке деген құштарлығын ояту. Кезекшілік: табиғат | **Еңбек:** гүлзардағы топырақты қопсыту, қажет болса суару. Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, гүлдерге қамқорлық жасауға, еңбекке жауапкершілікпен | **Еңбек:** көгөністерді суару. Мақсат-міндеттер: көгөністерді күтуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер):8.10-8.20** | Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын | **"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды жаттықтыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Мысық мен тышқандар".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда төзімділікті, қимылдарды сөзбен үйлестіре білу, ептілікті дамыту. Жүгіру мен иілу жаттығулары, | **"Әткеншек" қимылды ойын-жаттығулары, қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сөздерді іс-әрекетпен үйлестіру мүмкіндігі.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын "Қасқыр мен қояндар".**<br>Мақсат-міндеттер: шапшаңдықты, жылдамдықты және кеңістікті бағдарлауды дағдыландыру.<br>Ойын барысы. Ойынға | **"Кім кім болды?" дидактикалық ойыныы.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, қиялын дамыту.<br>Сипаттама: бала мұғалім атағаннан бұрын болған жағдайды атауы керек.<br>Мысалы:<br>- Ата кім болды? (Ұл)<br>- Ағаш не болды ? (Өркен)<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын: "Аралар".**<br>Бір топ бала қол ұстасып, шеңберге түрады да үш-төртеуі ортаға шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Өз орныңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту және көру зейінін дамыту<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Құмдағы суреттер".**<br>Құмның беті тегіс және | Ойын іс-әрекеті.<br>Ойынды қалаған бала жиналғанда, бір тұтас бейне-сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақнамаларының бірін таңдап ала алады. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп бөліктерді бір тұтас суретке жинау керек.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: секіруден жаттығу жасау,ептілікті | шеңбер бойымен тұру және шеңбер бойымен жүру. Сөйлеуді дамытуға ықпал ету.<br>Ойын барысы. Ойын азғана балалар тобымен бөлмеде (кілем үстінде) немесе далада, жұмсақ шөпті алаңда өткізіледі. Қырынан қойылған гимнастикалық сатының, рейканың немесе кендір жіптің көмегімен тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады.<br>Тәрбиеші былай дейді:<br>Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып. | қатысушылардың біреуін қасқыр етіп таңдап алады. Қалған балалар қоянның ролін бейнелейді.<br>Алаңның бір жағында қояндар өздеріне үйшік жасап жатады (дөңгелектер сызады). Ойын басында қояндар өздерінің үйлерінде тұрады, қасқыр - алаңның екінші шетінде (сайда). Тәрбиеші былай дейді:<br>Шоқақ, шоқақ жүгіріп,<br>Қояндар кетіп барады.<br>Тұрған көгі құлпырып,<br>Көгалды іздеп табады.<br>Шөпті жалмап жеседі,<br>- Қасқыр жоқ па? - деседі.<br>Тың-тыңдайды абайлап.<br>Қояндар үйлерінен жүгіріп-жүгіріп шығады да, алаңда ойнай бастайды. Олар біресе екі аяқтап секіреді, біресе тізерлейді, шөп жұлады, қасқыр келіп қалған жоқ па екен деп | Олар "аралар".<br>Баудағы кім?<br>Баудағы кім?<br>Ара болсаң ызыңда<br>З-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж-ж.<br>Жұмыс істе тығылма.<br>"Жұмыс істе тығылма" - деген сөзді естіген аралар заматта-ақ тоқыма тоқығандай, ағаш жарғандай, еден сыпырғандай т.б. қимылдар жасайды.<br>Топ, топ ара ұшады,<br>Үстімен де бұтаның.<br>Астымен де бұтаның<br>Үстімен де бұтаның.<br>Балалар осылай әндетіп, "аралардың" қимылын қайталайды да: "Тап болсаң бір жалқауға, алып кел оны ортаға", - деп хормен айтады. "Аралар" осы сөзді айта жүріп, өздерінің қимылын қайталай алмаған "жалқауларды" ортаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ылғалды болуы керек және оған таяқшамен немесе бұтақпен бір нәрсе салуды тапсырыңыз.<br>"Суретшіге" тек бір минут ішінде қателіктерін түзетуге рұқсат етіледі.<br>Бұнда әріптер мен сандарды да жазуға болады.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | дамыту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Соқыр теке"**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз,<br>Орамалмен көзін байлаймыз.<br>Қалғанымыз оны түртіп қашамыз,<br>Тым қырағы, сақ боламыз аса біз.<br>Ұмтылады ол оң мен солына,<br>Тырысамыз түспеуге оның қолына.<br>Кім ұсталса, соның көзі байланар,<br>Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? - деп, ойынға қатысушы | Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші:<br>Тынышталыңдар, тышқандар,<br>Бекерге шулап күлмеңдер.<br>Ұйқыда жатқан мысықты<br>Оятып алып жүрмеңдер, - дейді.<br>Бұл - мысыққа берілген сигнал; ол орындықтан түседі, төрт аяқтан тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып "мияу" дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды.<br>Ойындарды басқа | жан-жағына қарайды.<br>Тәрбиеші соңғы сөзін айтқан кезде қасқыр сайдан шығады да қояндарды ұстауға ұмтылып, қуа жөнеледі (тиісейін деп).<br>Қояндар өз үйлеріне қарай қашады. Ұстаған қояндарын қасқыр сайға қарай алып кетеді.<br>Қасқыр қетісімен тәрбиеші өлеңнің тексін қайталайды, ойын басынан қайталанады.<br>2-3 қоянды ұстағаннан кейін басқа қасқыр белгіленеді<br>Балалар үйшікті бір-біріне жақын жасамауын бақылау керек.<br>**(дене шынықтыру)** | шығарады. Енді шеңбер жасап тұрғандар бәрі дауыстап:<br>Ай-ай жалқау бұл құмар,<br>Жалқауды тез қуыңдар.<br>Сөйтіп жалқауды сұқ саусақтарын шошайтып тұрып аластайды. Бұдан кейін ойын қайта басталады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балалар бытырап қашады. Ал, көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалар арасында алақандарын соғып, дыбыс беріп қояды. Ойында ұсталған бала - ойынды одан әрі жүргізеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады. Алғашқыда мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балаларды, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркем сөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Ірімшікті кеміріп,<br>Тышқан отыр керіліп.<br>Мысық сүтті ішіп -ап,<br>Бет жұмайды ерініп.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар .<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне деген қайырымдылыққа тәрбиелеу; сабынның қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: хош иісті, көпіршиді, тазартады.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар,<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы,<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **"Қатені түзе"дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: | **"Су" тақырыбындағы әңгіме.**<br>Мақсат-міндеттер: | **Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз"**<br>Мақсат-міндеттер: | **Дидактикалық ойын: "Жыл мезгілдері".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері | **Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала".**<br>Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл-қозғалысты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету.<br>Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | балаларға судың қоршаған объектілердің құрамында бар екендігін дәлелдеуге машықтандыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | қайталау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Кім қалай жүреді?"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру; балаларда бір сызыққа қойылған | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"'Үш торай" орыс халық ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру, кейіпкерлердің мінез-құлықтарымен | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Су -өмір нәрі"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың су туралы түсініктерін кеңейту; судың қажеттілігі, оның адамның, құстың, | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Су - тіршілік көзі"<br>Мақсат-міндеттер: Су және оның табиғаттағы, адам өміріндегі мәні туралы бұрын алған білімдерін бекіту, күрделі сөйлемдерді қолдана отырып сұрақтарға | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Аквариумдағы балықтар"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың шашыны қиғаш етіп екі үшбұрышқа кесу дағдыларын бекіту, үшбұрыштардан балықтың бейнесін өз бетінше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату; заттарды аттап өту; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру. | таныстыру; жағымды, жағымсыз жақтарын ажырата білуге үйрету; тілін, сөздік қорларын дамыту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Ақ жаңбыр"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. | жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы екенін түсіндіру. Су табиғаттың баға жетпес сыйы екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалану, лайламау керектігін және судың барлық қасиеттерін түсіндіру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Тұңғиық теңіз түбінде"<br>Мақсат-міндеттер: Кеңістіктегі қатынастарды бекітуге жағдай тудыру; қағаз бетінде бағдарлай білу біліктіліктерін қалыптастыру, заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сөзбен айтқызуды | жауап беру қабілеттерін қалыптастыру; мағыналары қарама-қарсы сын есімдерді құрастыру қабілетін бекіту; шығармашылық әңгімелеуде таңдалған оқиға желісін ұстану қабілетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту; топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу, серіктестің пікірін ескеру, өз пікірін қорғау, өз ісін дәлелдеу, суды үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | құрастыру; судың қасиеттері туралы, балықтардың тіршілік ету ортасы туралы білімдерін бекіту; қайшымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; өзбетінше жұмыс жасау барысында алдында алған білімдері мен дағдыларын қолдануға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үйрету (сол жақта, оң жақта, төменде, жоғарыда, сол жақтағы жоғарғы бұрышта); сөздік қорларының кеңейюіне ықпал ету; ойлау, көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларды суды ұқыпты ұстауға үйрету. Судың қасиеттері туралы ойларды нақтылаңыз: құю, басқа температураға ие; суда кейбір заттар батып | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: судың тірі табиғаттағы маңызын көрсету; су туралы білімді толықтыру және оны адамдар қалай пайдаланады; балаларды ағын суды | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты ұстау туралы есте сақтау. **Тәжірибе: "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады".** Кранды ашыңыз, ағып | **Жаңбырды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде | **Шықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту - шық туралы әңгімелеу. Экологиялық міндет: әр түрлі табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру, табиғат сұлулығын көре |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетеді, басқалары жүзіп кетеді.<br>Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйықтық, ол құйылады, ол әр түрлі температурада болуы мүмкін (ол күн сәулесінде қызады, ағын суықтан суық болады). Су мөлдір, онда бәрін көруге болады. Ыстық күні су бассейнде тез қызады, тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар суға шомылады. Асфальтқа шашылған судың қаншалықты тез кебетінін бақылау. Суға қандай заттар батып, не қалқып жүргенін анықтау. Неліктен суға немесе суға батып бара жатқанын анықтауды | үнемдеуге үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Ақсың, сұрсың,<br>қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>Әңгімелесу:<br>- Балалар, бүгін біз су туралы әңгімелесеміз. Су туралы айтыңызшы, ол қандай?<br>- Мөлдір, сұйық.<br>- Салқын және ыстық болуы мүмкін.<br>- Балалар, кімге су керек?<br>- Ағаштар, құстар, жануарлар, балықтар, адамдар.<br>- Бізге балабақшада су керек пе?<br>- Иә, керек.<br>- Су бізге не үшін қажет? | жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стаканға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары, қызыл). Судың түсі бояудың суға қандай түсті қосылуына байланысты.<br>Қорытынды.<br>- Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез-келген түске оңай бояуға болады)<br>**Көркем сөз**<br>Самал жел, бізді желдетші,<br>Күн нұры, бізді жарқырат. | түсініктемені бекіту(су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер тамшылар кішірек болса - жауын сіркірейді,ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса-тікелей, қисық). Жазда жауын әр түрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін –бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын атаған жөн. Жерден жоғары ауа өте суық, ол жер буынын суытады. Жазда жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту. | білуге үйрету.<br>**Жұмбақ**<br>Мөлдіреген жүзімді,<br>Ұстап едім, езілді. (Шық)<br>Тәрбиеші таңертеңгі шыққа назар аудартады, "шық" баламасын айтуды ұсынады (мөлдір, таза, сергітетін)<br>**Көркем сөз**<br>Су – тіршілік білсеңдер,<br>Судан ырыс күткен жер,<br>Суды лайлап түкірме!<br>Деп үйретер үлкендер.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсыну.<br>*Көркем сөз*<br>Су – тіршілік<br>білсеңдер,<br>Судан ырыс күткен<br>жер,<br>Суды лайлап түкірме!<br>Деп үйретер үлкендер.<br>**Еңбек:** балалар барлық ойыншықтарды жуу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ойыншықтарды жуып, өңдеп, төсенішке жатқызып, қойып кептіру әрекеттерін дағдыландыру.<br>**"Теңіздер толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста білдіру қабілетін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап | - Жууну үшін, гүлдерді суару үшін, киімді, еденді, ыдыс жуу үшін, асханада таңғы, кешкі ас дайындау үшін..<br>- Иә, сусыз жер бетіндегі барлық тіршілік жойылады. Су - тіршілік, суды қорғау керек. Барлығы «Суды құтқар!» дейді.<br>- Мұның нені білдіретінін кім біледі?<br>- Бұл суды дұрыс және ақылмен жұмсау деген сөз. Кранды ашық қалдырмаңыз.<br>- Ал егер кран дұрыс жұмыс істемесе және одан су тамшылап жатса? Не істеу керек?<br>- Оны тезірек жөндеу керек.<br>**Еңбек:** гүл бақшасын арамшөптен тазарту.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: өз жұмысының нәтижесін | Таза ауа, дем берші,<br>Мөлдір су, бізді<br>салқындат.<br>**Дидактикалық ойын "Батады-батпайды".**<br>Мақсат-міндеттер: заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.<br>**"Су қандай?" —** балалар суды сипаттайды.<br>Мақсат-міндеттер: салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу:<br>**"Сумен ойындар" -** үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құйады, | **Көркем сөз**<br>Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>Жау аяма нөсерле,<br>Сенсіз бір түп өсеме?<br>Құйып, құйып өтпесең<br>Бұлт жөніне көшер ме?<br>**Жұмбақтар:**<br>Тіл былдыр, үні сылдыр. (Жаңбыр)<br>Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай)<br>**Мақал-мәтел:**<br>Жаңбыр жауса – жер ырысы.<br>**Еңбек:** қолөнерге арналған жағалаулардан қызықты малтатастарды жинау.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ортақ мақсат үшін саналу жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады.<br>Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады.<br>Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады.Тәрбиеші теңіз толқиды 1-2-3 дегенде балалар әртүрлі пішін жасап қатып тұра қалады. Қозғалып қойған бала ойыннан шығады.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады, | көріп, қуана білуге тәрбиелеу.<br>Сумен тәжірибе жасаңыз: әр түрлі ыдыстардағы су көлемін салыстырыңыз; балалар судың өзіндік формасы жоқ екеніне көз жеткізеді.<br>**"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту,ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен | қуыршақтарды жуындырады және т.б.<br>**Еңбек:** ойыншықтарды жуу (оларды өңдеуге болады), төсеншке жаю, кептіру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап,<br>«Айгөлек» әуенін айта келе:<br>Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Осы топтың ішінен,<br>Анар атты қыз (Асан | балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды,ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы": | үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды. Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады.<br>Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзіңді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады. "Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады.<br>**"Көлшіктен секіру" қимылды ойын-жаттығулары (2 топқа бөлініп қатысады). (дене шынықтыру)**<br>Шарты: жердегі көлшіктерден өтіп (обруч немесе мата) белгіленген шартты жерге тез жету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**Жеке жаттығу:**<br>дымқыл шөпте және жылы құмда жалаңаяқ жүру. **(дене шынықтыру)** | тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.<br>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді<br>Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.<br>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**"Кегльді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ | атты ұл ) керек! - деп шақырады.<br>Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту керек.<br>Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек.<br>Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Олай болса, бұл баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін аңғарамыз.<br>**"Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсете білу.<br>Еркін ойындар. | - Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар | Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Еркін ойындар. | | таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: лақтыру нақтылығын, ептілікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: майлықты қолдануды дағдыландыру.<br>Нанды қопсытпау, орындықты итеру, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тағам дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану ас құралдары, майлық; үстел басында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Көркем сөз**<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тыныш болу әдетін дамыту.<br>Көркем сөз<br>Ей балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар,<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру** | Велосипед жаттығуы. Аяқтарыңызды кезек-кезек сермеңіз, қолдарыңызды және аяқтарыңызды жоғары көтеріңіз. Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүріңіз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шаралары: 15.20-15.50** | Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың құбылыстар туралы білімдерін бекіту; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші кез-келген маусымға тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың, жыл мезгілінің атауын табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, сонымен қатар | **"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып "Жер" деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын | **Біз не істегенімізді айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, елестету қабілетін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Ойын барысы: 1-нұсқа. Тәрбиеші ыммен жұмбақтарды көрсетеді, балалар затты, жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе отырған (тұрған) әр бала кезек- | **"Не, қалай естіледі?" дидактикалық ойыны. (Табиғат құбылыстары)** Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарының қандай дыбыстарды дыбыстайтынын ажыратуға, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдана отырып, табиғи дыбыстарды білдіруге шақыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, қиялын дамыту; әдептілікке, зейінділікке тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: табиғат құбылыстарының дыбыстық жазбалары. Ойын барысы: тәрбиеші балалардың алдына түрлі жетондар қойып, өзіне таңдап алуды ұсынады. | **"Аңдардың әңгімесі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын кеңейту, артикуляциялық дағдыларын дамыту. Ойынды жүргізу үшін балаларға доп дайындау жеткілікті. Балалар сапқа тұрады, ал тірбиеші олардың алдында тұрып, балаларға ойын ережелерін айтады: ол жануарлардың атын атап, допты бірінші ойыншыға лақтырады. Бала допты ұстап, осы жануардың қандай дыбыстар шығаратынын атап, допты жүргізушіге қайтаруы керек. Содан кейін доп келесі ойыншыға лақтырылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыс қандай себеппен болғанын түсіндіруге шақыру керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Кім тез жинайды?" ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: көгөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер | атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.<br>"Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "Су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде қолдарын былғайды, "Жер" дегенде қолдарын төмен түсіреді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, | кезек қимыл көрсетеді. Барлық балалар жұмбақты шешуге тырысады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Зообақ" сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жабайы жануарлар туралы, олардың сыртқы түрі, әдеттері, тамақтануы туралы білімдерін байыту. Балалардың зообақ қызметкерлерінің міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларда құрылыс материалын қолдана отырып ойын сюжетін шығармашылықпен дамыту, онымен әр түрлі тәсілдермен | Таңбалаудағы құбылысты белгілей отырып, оны аудиожазбалар арасынан табу керек. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білген соң, оның дыбыстарын артикуляция арқылы көрсетуге тырысады. Мысалы, «жел ш-ш-ш» немесе «уу-уу-уу» сияқты естіледі. Жаңбыр «тақ-тоқ-тақ-тоқ» және т.б.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Табиғи қорық" сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға қорық, "Қызыл кітап" туралы түсінік беру; қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, мал дәрігері туралы түсініктерді бекіту; орман мамандары ормандар мен жануарларды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау; | Ойын саптағы соңғы ойыншы допты қабылдағанда және тапсырманы орындағанда аяқталады.<br>Ойынның екінші нұсқасын ойнатуға болады: жүргізуші дыбыстарды атайды, ал балалар айтқан жануарды болжауы керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын: "Допты тап"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын,ептілігін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салынады.<br>Балалар екі топқа бөлініп тұрады.Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады.Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы. Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында-олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердін ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші | әрекет ету қабілетін қалыптастыру.<br>Сөйлеуді дамыту, сөздік қорын байыту.<br>Жануарларға деген мейірімді, қамқор қатынасты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: ойын алдында тәрбиеші балалармен бірге хайуанаттар бағындағы суреттерді қарайды, әлемде қорғалатын жануарлар туралы бейнеролик көрсетеді. Педиатриялық ветеринар, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (амфибия маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде екенін, олардың қандай құралдарды қолданатынын талқылау қажет Балалар өздері | еңбексүйгіштікке, жануарларды құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші балалармен бірге дайындық жұмыстары кезінде табиғи қорық туралы суреттерді қарайды, Қазақстанның қорықтары туралы бейнематериалдар көреді. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, мал дәрігері сияқты мамандардың не істеп жатқанын талқылауы керек. Табиғи қорық (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесетін тапсырма береді; ауру жануарларды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы жыртқыштарға оқ атады, олардың саны көбейді), ол қандай құралдарды пайдаланады.<br>Тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: адам жабайы табиғаттағы өмір | лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. . ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барып, торғайларды ұстайды /қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді. **(дене шынықтыру)** | хайуанаттар бағында жұмыс істейтін мамандарды таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киімдер мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі бір жерлерге барып, қойнайды. Мамандар құстар мен аңдарға арналған орындарды тексереді, көмектерін көрсетеді. Тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: адам құрып кету қаупі төнген жануарлар үшін жауапкершілікті сезінуі керек, жабайы табиғаттағы тіршілік заңдылықтарын бұзбай, оларға қамқорлық жасап, олардың өмір | заңдылықтарын бұзбауы керек, оны қадағалау, көмектесу және қорғау қажет. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сүруіне қолайлы жағдай жасау қажеттілігі туралы сөйлесуі керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Қызықты логикалық есептер шығару.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру. **(танымдық іс-әрекет)** | **"Су" тақырыбына суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, шығармашылыққа баулу. **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шығармашылық уақыты: "Қағаздан қайықты бүктеу арқылы құрастыру".** Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды ұнаған суреттердің негінде жаңа ертегі, оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады. Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмектесіңіз. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | **Суды бақылау (жалғасы). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суды ұқыпты ұстауға үйрету.<br>Судың қасиеттері туралы ойды нақтылаңыз: ол ағады, температурасы басқа, кейбір заттар суға батады, басқалары жүзеді.<br>Әңгімелесу.<br>- Балалар, қане, судың қандай болатыны еске түсірейік. Сендерге оңай әрі қызықты болу үші, мен сендерге қандай бөтелкелер дайындағанымды қараңдар. Әрине, балалар, су сұйық, ол ағады, оның | **Суды бақылау. Сумен тәжірибе. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: су туралы түсініктерді кеңейту.<br>- Балалар, үлкен ваннамызға кішкене теңіз түбін орналастырайық.<br>- Теңіздер мен мұхиттарда нелер тұрады?<br>- Әрине, әр түрлі балықтар, теңіз жұлдыздары, маржандар, ұлулар, медузалар, ракушкалар.<br>- Алдымен, суға ракушкаларды тастайық.<br>- Қалай ойлайсыңдар, олар суға батады ма, жоқ па? Олар суға | **Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: суық мезгілде судың жиынтық күйі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Бақылаудың барысы<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br>- Судың қандай қасиеттерімен таныссыз?<br>- Судың пішіні бар ма?<br>- Өзенде, көлде, теңізде, шалшықта су мөлдір ме?<br>- Егер сіз оны суыққа шығарсаңыз немесе мұздатқышқа салсаңыз, су не болады?<br>- Су мөлдір. Ол арқылы нысандар көрінеді. Су сұйық. Оның өзіндік | **Көлшікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жансыз табиғат құбылыстары - судың буланууы туралы білімдерін кеңейту.<br>Экологиялық міндет: балалардың судың қасиеттері туралы білімдерін байытуды жалғастыру, табиғаттықоғауға тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**Қимылды ойын:** қағаз қайықтармен ойын.<br>Мақсаты: балаларға қуаныш сыйлау<br>**Еңбек:** алаңдағы суды ағызу үшін ойық жасауға | **Суды бақылау (қорытынды). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қоршаған әлемді жақсырақ білуге көмектесу; балаларды әртүрлі күйде суды зерттеуге үйрету; ойындар мен тәжірибелер арқылы балаларды судың физикалық қасиеттерін анықтауға үйрету; тәжірибе нәтижелері бойынша балаларды өз бетінше қорытынды жасауға үйрету; баланың табиғатпен қарым-қатынасы кезінде оның адамгершілік және рухани қасиеттерін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу: балалардың судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | температурасы әр түрлі болуы мүмкін (ол күн астында қызады, ағыннан суық).<br>- Су құйылған бөтелкелеріңді қараңдар. Су мөлдір, онда бәрін көруге болады. Неліктен біз су ішеміз?<br>- Суды шөлімізді қандыру үшін ішеміз. Өмір сүру үшін барлық тіршілік иелері суды қажет етеді: жануарлар да, өсімдіктер де және, әрине, балықтар.<br>- Балалар, сендер шөлдедіңдер ме? Жаз ыстық, сендерге көбірек су ішу керек. Бөтелкелеріңді ашыңдар, судың дәмін татыңдар. Ол қандай?<br>- Адамдар суды не үшін пайдаланады? Иә, жууну керек.<br>- Гигиенаңызды сақтау | батады, өйткені олар судан ауыр<br>- Бізде қанша ракушкалар бар екенін санаңдар. Дұрыс барлығы бесеу.<br>- Малтатастар батып кете ме, жоқ па? Иә, дұрыс, олар да судан ауыр. Барлығын бір-бір тастан алып, суға тастаңдар.<br>- Қараңдаршы, менде қандай әдемі әйнектер бар. Оларды да суға салайық. Суға батты ма? Ой, бірақ әйнек жоқ. Олар қайда кетті?<br>- Әйнек мөлдір, сондықтан оларды суда көре алмайсыз.<br>- Теңіз түбі дайын, теңізге балықтарды жіберейік. Суға батты ма?<br>- Жоқ!<br>- Неліктен?<br>- Олар резеңкеден | пішіні жоқ, ол құйылатын зат пішінін алады. Тегіс жерде су жайылып кетеді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су - мөлдір, лас су - мөлдір емес. Тек лас судың иісі шығады. Ауа температурасы 0 °С-тан төмендегенде - су қатып қалады.<br>**Зерттеу қызметі.**<br>Педагог балаларды тәжірибені өткізуге шақырады. Шыны ыдысқа су құйып, қақпағын мықтап жауып, мұздатқышқа салыңыз. Көп ұзамай құмыра жарылып, оның орнына мұз бөлігі пайда болады. Мұздатылған су - мұз - сұйық суға қарағанда көбірек орын алады, сондықтан құмырадағы мұз қысылып, оны жарып тастады. Мұз | көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: ересектерге барлық мүмкін болатын көмек көрсетуге үйретуді жалғастыру<br>**Жаңылтпаш**<br>Суда сең келеді,<br>Сегіз серке тең келеді.<br>Суға сақалын мала, сілке,<br>Суға сақалын мала, сілке.<br>**"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т. б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер | нақтылау (су сұйық, ол ағады, құйылады; су мөлдір, түссіз, суда ауа бар; судың түрі жоқ).<br>- Сусыз өмір сүре аласыз ба?<br>- Сусыз өмір сүру мүмкін емес.<br>Айтыңдаршы, кімге су керек? ...<br>- Суды қорғау керек!<br>**Көркем сөз**<br>Су жүргізер тіршіліктің тамырын,<br>Су жоқ болса тіршілік болмас бауырым,<br>Судың біздер біле тұра маңызын<br>Көп болған соң ұмытамыз қадірін.<br>**Еңбек:** гүлзарлардағы гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: су құйғыштан суаруды үйретуді жалғастыру; жұмысты тиянақты атқаруға бейімдеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшін. Сондай-ақ, жазда суда шомылу үшін. Ыстық күні су тез қызады, өзенде, тоғанда, көлде.<br>**"Жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі жүгіруді, бағдарлауды дамыту.<br>**Жұмбақтар**<br>Ұзын-ұзын ұз келеді,<br>Ұзын бойлы қыз келеді.<br>Қасы қалтырап,<br>Көзі жалтырап. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**Еңбек:** ағаш діңдерінің жерін босату. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қопсытудың өсімдіктер үшін маңыздылығын түсіндіру.<br>**"Өрмекші мен** | жасалған, ал резеңке судан жеңіл, сондықтан олар батып кетпейді.<br>- Бізде теңіз бар. Өзімізді жағада жүргендей етіп елестетейік. Аяқ киімдеріңді шешіп, жалаң аяқ жүріңдер. Құм жылы, аяққа жағымды.<br>**Көркем сөз**<br>Су деген - өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Болмас еді шөп-шалаң,<br>Болмас еді тірі жан.<br>Сол себепті балалар,<br>Ысырап қылмайық суды.<br>**"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді көңіл-күйді сақтау, белсенді | шалшықтарда, өзендерде, тоғандарда алғашқы аяз түскен бойда пайда болады. Күн сайын мұз қабығы қалыңдай түседі.<br>- Мұзды жылы бөлмеге кіргізгенде не болады? (Ол ериді.)<br>**Көркем сөз**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>**Еңбек:** балабақша алаңын тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: күректермен, зембілдермен жұмыс істеу дағдыларын бекіту; өз жұмысыңды ұтымды ұйымдастыруға, ұжымда достық қарым-қатынаста жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Сиқырлы таяқ"** | құрып, көздерін жұмып тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатынасушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. | **"Бұлттар неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, заттарды қабылдау қабілеті.<br>Ойын үшін әртүрлі пішіндегі бұлттардың бейнесі бар карточкаларды дайындау керек. Бұл карточкалар балаларға таратылады. Олар кескіндерге қарап, бұлттың қалай көрінетінін айтып беруі керек.<br>Бұл әрекетті мектепке дейінгі жастағы балаларды аспанға қарап, бұлттарды сипаттауға шақыра отырып, серуендеу кезінде жасауға болады. Ойынның тағы бір нұсқасы: мұғалім кез-келген затты атайды, ал балалар оған ұқсас бұлт салуы керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты-міндеттер түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды.<br>"Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады.<br>"Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу.<br>Көңілді шыбындар<br>Жан-жаққа ұшады.<br>Өрмекші бұрышта<br>Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар! | әрекетке баулу.<br>**Еңбек:** құмнан қоқысты бөліп алып, қопсытып, құмсалғышқа жинату.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: өзіңің және жолдастарыңың жұмысын құрметтеуге және бағалауға үйрету.<br>**"Доп ұстаған пингвиндер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіруді қиындатып, екі аяқпен, көзді жұмып, алға секіру, затты екі аяқтың ортасына қысып қозғалу.<br>Қауіпсіз жолды ескеру.<br>**Еркін ойындар.** | **қозғалмалы халық ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда тапқырлықты, ептілікті дамыту.<br>Жас және орта жастағы балалар (40 адамға дейін) ойнайды. Ойнау үшін ұзындығы 1 м таяқша қажет.<br>Сипаттама. Диаметрі 4-5 м шеңбер салынады.Ойыншылар шеңбер бойымен тұрып, реттік нөмірлер алады. Үлкен шеңбердің ішіне диаметрі 2-3 м шеңбер салынады.Жүргізуші (жеребе бойынша) қарды таяққа жабыстырады. Таяқшаны күзетуге күзетші тағайындалды », ол кіші шеңберде тұрады. Жүргізуші | **"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>Еркін ойындар. | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Өткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зуылдап ұшыңдар! Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады.<br>**"Доппен ойын" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: спортпен айналысуға деген құштарлығын дамыту.<br>Еркін ойындар. | | шеңберден тыс жерде ойыншының нөміріне өз қалауы бойынша қоңырау шалады. Шақырылған адам «күзетшіні» қимылдармен алшақтатып, таяқ ұстауы керек. «Күзетші» оны кішкене шеңбермен ұстап алуға немесе майлауға тырысады. Егер ойыншы таяқ ұстаса. ол ұпай жинап, орнына қайта оралады. Егер «күзетші» оны ұстап алса, онда олар рөлдерді ауыстырады. Ең көп ұпай жинаған - жеңімпаз атанады.<br>**"Суық - ыстық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: аяқтың ішкі бөлігімен допты соғу жаттығулары; жүрудің | | Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бұрын игерілген түрлерінде дұрыс техниканы игеру. **"Допты лақтыр" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсаты: шапшаңдыққа, алғырлыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: төзімділікті дамыту. Еркін ойындар. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?" | Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы сөйлесу. | "Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **17.06-21.06.2024ж** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.06.2024ж | 18.06.2024ж | 19.06.2024ж | 20.06.2024ж | 21.06.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар** | | **Еңбек:** гүлзарларды суару.<br>Мақсат-міндеттер: ересектерге барлық мүмкін көмек көрсету; өсімдіктерге | **Еңбек:** жолды, ауланы сыпыру.<br>Мақсат-міндеттер: тапсырмаларды орындауға деген ұмтылысты тәрбиелеу, | **Еңбек:** ағаштарды суару.<br>Мақсат-міндеттер: ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін | **Еңбек:** құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: шөп - арамшөптер мен сәндік гүлдерді ажырата білуге, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және тағы басқа әрекеттер):8.10-8.20** | | қамқорлық жасауға үйрету.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | оң нәтижеге қол жеткізуге бейімдеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Шымшық торғайлардың балапандары мен** | **"Қараторғай ұялары" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу.<br>Алаңда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан кем болады. Бұл – торғай ұялары. Барлық балалар – | **"Бір, екі, үш, ағашқа жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштарды діңінен, жапырақтарынан тану.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Керісінше айт!"**<br>Ойын барысы. Балалар шеңбер құрады. | **"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу.<br>Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықты бейнелейді. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын. Бұл – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша белгілі кеңістікте жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар, "торғайлар" ролін сомдайды, санамақ арқылы "мысықты" таңдайды. "Торғайлар" алаңның бір шетінде, орындыққа шығып отырады. "Мысық" екінші жақта ұйықтаған болып отырады.<br>Белгі бойынша "торғайлар" алаңға жүгіріп шығып, (қанаттарын жайып) жүгіріп жүреді. Мысық тез "ояна қалады", "мияу-мияу" деп, керіліп алады да | қараторғай. Олар алаңда емін-еркін жүгіріп – ұшып жүреді. «Үйге қайтыңдар» деген сигнал бойынша барлығы ұяларға жүгіреді. Ал балалардың ішінен біреуі ұясыз қалады. Осылайша ойын бірнеше рет қайталанады. Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде (балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралған кезде, бәрінің де ұясы бар болып шығады.<br>**Көркем сөз**<br>Тоқылдақтар тоқылдап<br>Ешбір тыным көрмейді<br>Ағашты қанша тессе де,<br>Жұмысы бір өнбейді.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Қателеспе".**<br>Мақсат-міндеттер: | Тәрбиеші ортада тұрып, доп лақтырып, айтады: "Көлшік – кішкентай, ал өзен- … (ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, шыбық-жіңішке, ағаш-жуан, үстел-үлкен, ал орындық - кішкентай".<br>**Көркем сөз**<br>Қызыл, жасыл гүл ектік,<br>Баптап күтіп түрленттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суғардық.<br>Гүлдендіріп бөлмені,<br>Бөлмеде гүл қаулады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; | үй (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық орналасқан.<br>Тауық балапандарына тамақ (жем) іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, енесіне келеді<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың".**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>Педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шымшық торғайдың балапандарын қуа жөнеледі. Олар үйдің төбесіне немесе ұяларына, өз орындарына бару керек. Ұстаған шымшық торғайлар балапандарын мысық өз үйіне әкетеді.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын:**<br>**"Орныңды тап".**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіруге жаттықтыру, төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br><br>Таспен атып торғайды | жылдамдықты дамыту; ойлау білімдерін бекіту. Ойынның барысы. Тәрбиеші күннің немесе тәуліктің әр түрлі әрекеттерін атайды. Балалар бір сөзбен жауап беруі керек: «Таңғы ас ішеміз», "Жуынамыз", т.б...<br>**(дене шынықтыру)** | кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды. Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" міндеті - түрткен | тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер… Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылып, барсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын таңдайды және нені іздейтінін айтады. Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын және қай жерден тапқанын әңгімелейді.<br>**Көркем сөз**<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау - бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>**(дене шынықтыру)** | | баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Бойыңды сергек тік ұста,<br>Емін – еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Сол қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Оң қол да бос тұрмасын,<br>Шеңбер жасап зырласын.<br>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>5.1. қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу.<br>5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды жүйелі түрде жүзеге асыруға деген қызығушылығын сақтау, тазалық әдеттерін | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: үстелге дұрыс отыру, ұқыпты тамақтану, тамақты қасықпен ғана қабылдау, майлықты қолдану қабілеттерін бекіту; тамақтану мәдениетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; балаларды үстел басында өзін дұрыс ұстауға, мұқият тамақтануға, басқа | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға дағдыландыру; әжететханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту.<br>**Көркем сөз** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру, жеке бас гигиенасына деген оң көзқарасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ.<br>(І.Жансүгіров)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | балаларға кедергі келтірмеуге үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Ағын суға шомылсақ.<br>Жақсы бала аппақ,<br>Жаман бала сатпақ.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | | **"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, | **"Ал егер?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, көру | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте | **"Құстар қалай үн қатады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту.<br>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | зейінділігін дамыту. Балаларға суретте көрсетілген немесе сөзбен баяндалған оқиғаның ары қарай қалай жалғасатынын болжауға мүмкіндік беріледі. Балалар өздерінің ой-пікірлерімен бөліседі. | сақтауды, зейінді жетілдіру.<br>Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады.<br>Бұл ойынды бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдану мүмкін. | дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту.<br>Педагог балаларға құстардың суреттерін қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады. Аққу сұңқылдайды, қиқулайды. Әупілдек әупілдейді. Әтеш шақырады. Байғыз шұрылдайды. Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдықтайды Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін уілдейді. Көкек көкектеді. Күркетауық күркілдейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш шықылықтайды. Құр құрылдайды. Қырғауыл құрқылдайды. Сауысқан шықылықтайды. Сұңқар саңқылдайды. Тауық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қыт-қыттайды. Тауыс шақырады. Тоқылдақ тоқылдайды. Торғай шиқылдайды, шырылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Үкі уілдейді. Шағала шаңқылдайды. Шымшық шиқылдайды. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"В. Сутеев "Үш мысық" (әңгімелеу)"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені зейін қойып тыңдауға үйретуді жалғастыру; әңгімені мазмұндай білуге үйрету; тілдерін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорларын молайту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Тотықұстың туған күні"<br>Мақсат-міндеттер: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. Геометриялық фигураларды дұрыс атай білу қабілетін дамыту: шеңбер, үшбұрыш, квадрат, тіктөртбұрыш. 6 ішінде алға және артқа ретімен санау қабілетін дамыту. Геометриялық фигура: сопақ туралы білімдерін | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Орман құстары"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың орман құстарының әртүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту; ойлау, сөйлеу, дербестік, себеп-салдар байланысын құру қабілетін дамыту; құстарға ұқыпты қарауға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Қалықтаған құс"<br>Мақсат-міндеттер: Бірнеше бөліктен тұратын құсты жасауға үйрету, контур бойымен кесу және қағазды баянмен бүктеу қабілеттерін бекіту, ұсақ мотори канды дамыту, танымдық қабілеттерін белсендіру, жабайы табиғат өкілдеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Орман тұрғындарының әні"<br>Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту. | қалыптастыру. Жаттығу кезінде тәуелсіздікті дамыту.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Қалықтаған бүркіт"<br>Мақсат-міндеттер: Суретте ұшқан құстың бейнесін бере білу, сәйкес түстерді таңдай білу, құсты бетте әдемі орналастыра білу біліктіліктерін қалыптастыру; сурет салуда түрлі техникаларды қолдану және акварель бояуларын, балауыз мелдерін, түрлі-түсті қарындаштарды біріктіре білуді үйрету; қарапайым қарындашпен нобай жасай білу біліктіліктерін, көру қабілеттерін дамыту; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру; тиянақтылыққа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу:<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? | **Құстарды бақылау: көкек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көкектің жаздағы тіршілігі туралы білімді дамыту; іздемпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагогтің әңгімесі<br>- Балалар, мен сендерге ұя салмайтын, балапандарды тамақтандырмайтын құс туралы айтқым келеді. Сендер бұл құстың атын білесіз бе? Ол көкек. Көкектің жүні сұр және қара жолақтары бар. | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Ой толғау: "Орман құссыз, құстар ормансыз өмір сүре алмайды"**.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. Балаларды | **Жыл құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту; құстарға деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу; тірі ағзаның белгілерін ажырата білу.<br>- Жазда құстарға қорек жеткілікті, олар балапандарды шығарады және тамақтандырады. Күзде жем мөлшері айтарлықтай азаяды. Біріншіден, жәндіктер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды?<br>- Неліктен құстардың сайрағаны естілмейді?<br>- Құстар ұя салды, енді құстарды не мазалайды? (Жұмыртқа салу, балапан шығару.)<br>- Ал жұмыртқаны ұяда кім жылытады, қорғайды?<br>- Ұядағы жұмыртқаны күзетіп, жылытып жатқанда оны кім тамақтандырады?<br>- Ұяда балапандар пайда болды, бірақ олар әлі де ұша алмайды. Балапандарды кім тамақтандырады?<br>Педагог балалардың назарын торғайларға аударады. Балалар торғайлардың мінез-құлқын бақылайды. | Орманда алыстан көкектің дауысы естіледі. Көкектің әнін барлығы естиді, бірақ бұл құсты көру қиын: көкектер әдетте биік ағаштың басында, тығыз жасыл бұтақтарда жасырынады.<br>Көкек ұя салуды білмейді, сондықтан жұмыртқаларын басқа құстарға салады. Көкектер жаман ата-аналар, бірақ олар біздің ормандарымызға үлкен пайда әкеледі: бұл құстар басқа құстар тигізбейтін түкті шынжыр табандарды құртады. Түкті шынжыр табандар, әсіресе жібек құрттары - орманның қауіпті жауы - олар өсімдіктердің жапырақтарын, сабақтары мен бүршіктерін жейді, ал | тәрбиешімен және басқа балалармен әртүрлі тәжірибе алмасуға тырысуға шақыру.<br>Әңгімелесу.<br>- Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер?<br>- Қазір орман күнтізбесі бойынша ұялар айы. Неліктен ол осылай аталды?<br>- Неліктен халықта: орман құссыз және құстар ормансыз өмір сүре алмайды деп айтады?<br>- Орман құстарға не береді? (Орман құстарға жауларынан паналауға, ұя үшін құрылыс материал, тамақ береді)<br>- Орманда құстар не үшін қажет? (Құстар зиянды жәндіктерді жояды, орманды әнмен | жоғалады, өсімдіктер біртіндеп құрайды, жемістер мен тұқымдардың саны азаяды. Көптеген құстар үйірге жиналып, содан кейін жылы аймақтарға ұшады.<br>Алдымен жәндіктермен қоректенетін құстар ұшады, содан кейін жемістер мен өсімдіктердің дәндерімен қоректенетін құстар ұшады.. Бұл құстардың барлығы жыл құстары деп аталады..<br>**Көркем сөз**<br>Қараторғай, қараторғай,<br>Ұша түс биік самғай.<br>Болса да кіп - кішкентай.<br>Алады бақты қорғай.<br>Қонағым қол басындай,<br>Мінезі қорғасындай.<br>Өзі кіп - кішкентай,<br>Ол қараторғай.<br>**"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Міне біздің торғайлар. Торғай жұбы бірге ұя салады, содан кейін жұмыртқаларды бір-бірден инкубациялайды. Екі аптадан кейін ұяда кішкентай балапандар пайда болады. Ата-аналар кішкентайларын тамақтандыру үшін таңертеңнен кешке дейін шыбын, маса және басқа жәндіктерді аулайды. Торғайлар тез өседі, ал он күннен кейін ата-аналар балапандарына торғай өмірінің барлық қыр-сырын үйрете бастайды. Содан кейін торғай жұбында жаңа балапандар болады. Суық ауа райы басталғанға дейін оларды құстар мектебінде өсіріп, оқытады. | орман кеуіп кетуі мүмкін. Жаздың ортасында, шілдеде, көкектер ыстық Африкаға ұшып кетеді.<br>**Көркем сөз**<br>Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді көңілді.<br>Бау – бақшада, орманда,<br>Құстар әні көңілді.<br>Жыл құстары келді деп,<br>Балдырғандар мәз болды.<br>Қос қанатты желпілдеп,<br>Көлге үйрек – қаз қонды.<br>**Еңбек:** көгөністерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: көгөністерді күтуге үйрету.<br>**"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға | безендіреді)<br>- Орман құстарының қандай түрін білесіңдер?<br>Балаларды серуендеу кезінде құстарды бақылауға шақыру. Серуен аяқталғаннан кейін балалардан бақылауларымен бөлісуін сұрау. Құстарды дұрыс бақылаған балаларға алғыс айту.<br>**"Үкі" саусақ жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қол моторикасын дамыту. Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады («Орман»))<br>Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Көркем сөз**<br>Құстар тойын құттықтар,<br>Қуанамыз қолдаймыз.<br>Ұя жасап құттықтап,<br>Біз оларды қорғаймыз.<br>**Еңбек:** құм жәшігінде құмды қопсыту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" | дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын шарты.<br>Балалардың ішінен бірін "қасқыр" етіп сайлайды, қалғаны "аққу-қаздарды" сомдайды.<br>"Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың бірі болып, ойынды жүргізу мүмкін.<br>Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді:<br>- Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға)<br>- Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!)<br>- Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!)<br>Құсшы:<br>- Суға ұшып келіңдер! Ошаққа абайлап | кетеді»))<br>Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері»))<br>Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі»))<br>Әрі-бері отырды да (қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады)<br>**Ойын "Құстар дауысы"**<br>Қарға ұшар қарқылдап,<br>Торғай ұшар шырылдап.<br>Көгершін ұшар гуілдеп,<br>Қарлығаш ұшар шық-шыттап.<br>**Еңбек:** арамшөптерді жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: | шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды".<br>"Түлкі!" деген белгі естілген кезде, "түлкі інінен шығып, тауықтарға шабады, ұстап алуға ұмтылады".<br>"Тауық пен балапандар қораға қаша жөнеледі".<br>"Ұсталынды" деген - баланы қолмен түртіп қалу. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды.<br>Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады. Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек болады.<br>**"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қоныс аударатын құстар туралы білімдерін бекіту.<br>**Еңбек:** гүл суару. **(еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. | жетіңдер!<br>Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді!<br>"Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-қаздар", "қасқырға" көмектеседі. Сөйтіп, аққу-қаздар азайып біткенше, ойын жалғасады.<br>**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре (секіре) білу қабілетін жетілдіру.<br>**Еркін ойын: "Бақшада". (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | көкөністердің, гүлдердің өсуіне арамшөптердің зияны туралы білімдерін бекіту; еңбекке санылы қарауға үйрету.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. | **іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бақша гүлдеріне дұрыс күтім жасауды үйрету.<br>**Еркін ойын: "Құс пен мысық".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнай білуге дағдыландыру; жүгіру түрлеріне машықтандыру.<br>Балалардың дербес ойын әрекеті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Еркін ойын: "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтап сызықты басып жүгіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: төзімділікке, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>Еркін ойындар. | Мақсат-міндеттер: сөздер мен қимылдарды үйлестіруге үйрету; ойындағы өз рөлін адал орындау қабілетін дамыту. | Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.<br>Педагог ойынның | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**"Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты ұстау және оны басқа белгі бойынша жылдам лақтырып, ұстап ала бере білуді жетілдіру. | |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Гигиеналық өзін-өзі | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: қолды ұқыпты жуу қабілетін нығайту.<br>Қолды сабынмен мұқият | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өздігінен сүлгілерін тауып, бет пен қолды мұқият | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | күту дағдылары, дұрыс отыруды,<br>дастархан басында ас құралдарын дұрыс пайдалануды қадағалау.<br>**Көркем сөз**<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | жуу маңызды, денсаулыққа қажет екенін түсіндіру.<br>**Көркем сөз**<br>Тазалап жүр тісіңді,<br>Кішкене де ыңғайлы,<br>Тіс щеткасын пайдалан.<br>Тазалауға болмайды,<br>Щеткасымен басқа адам.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | сүрту дағдысын жетілдіру.<br>Сүртіп болған соң сүлгіні орнына ілуліге қалыптастыру; жуар алдында, жеңдерің түру, бетті жу, суды шашпау.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі – жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз – түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен - көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | жалғастыру.<br>Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | | **"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту.<br>Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға | **"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.<br>Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету.<br>Міндеттері: балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Педагог | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету.<br>Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Торғайлар мен** | «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…».<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**“Құстардың ұшып келуі” қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, | балалар тобын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы ағаштардың жапырақтарына мұқият қарауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіңдер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады. Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Көпіршіктерді үрлеу" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға үлкен көңіл-күй сыйлайды!<br>Ең бастысы - шыдамды болу және балаларға сабын көпіршіктерін үрлеуді үйрету. Көпіршіктерді үрлеу арқылы сәбилер өкпесін жаттықтырады. Сонымен қатар, бір қалыпта үрлеу оңай шаруа емес! Көпіршікті қуу әсіресе көңілді болады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **мысық"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында-олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердін ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден | алаңның барлық жеріне ұшады. “Боран” деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші “Боран тынышталды” деген кезде ағаштардан түседі де ұша береді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады.<br>**(дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. . ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды /қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді. **(дене шынықтыру)** | | | |
| | | **Кітап бұрышындағы жеке жұмыс.** Мақсат-міндеттер: кітапқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Суретшінің қателіктерін тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту және 10-ға дейін санауды бекіту. **(қарым-қатынас іс-** | **"Кім алғыр?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: бөлшектерден бүтіндік жасау қабілетін дамыту. | **"Болады - болмайды" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту. **(қарым-қатынас іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Шығармашылық уақыты: "Қағаздан балапанды бүктеу арқылы құрастыру".** Масқат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштарлығын жетілдіру. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады. Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | | **Құстарды бақылау. (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Зерттеу: "Жазда құстар** | **Құстарды бақылау: "Орман құстары". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Саябақтағы құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құстарға деген сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажырата білуге үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және олардың құстар тіршілігіндегі маңызымен таныстыру. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар | **қалада не жейді?"** Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың сыртқы келбеті, тіршілік көріністері, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу. **Зерттеу барысы.** - Құстар не жегенді ұнатады? - Тамақты қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: жазда құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. Тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. | Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу. Әңгімелесу. - Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары) - Ал құстар қай жерде көбірек өмір сүреді, қалада ма, орманда ма? - Орман құстарының қандай түрін білесіңдер? - Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде? - Барлық құстар жазда маңызды істермен | құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Аулаларыңда немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көрсе - жасырынып қалатына немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын қоныстайтынана да көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршіліктерін салыстыру, зерттеу. Құстардың қауырсындарын қарастыру. Әңгімелесу: - Сіз жақын жерде тұратын құстар туралы нені көп білдіңіз? Олар немен, қалай қоректенеді? Қайда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балаларды өздерінің бақылаулары туралы әңгімелесуге шақыру. Ерекше және қызықты нәрсені байқаған балаларға алғыс айту.<br>**Еңбек:** қоқысты алаңнан жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ұжымда жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**"Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз** | Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар<br>Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әр түрлі тамақ жейді; көптеген құстар жазда жәндіктерді аулайды.<br>**Еңбек:** алаңнан малтатастарды жинату. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысты тәрбиелеу<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | айналысады. Олар балапандарын тамақтандырады. Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар жәндіктерді аулайды, балапандарды тамақтандырады. Әр жұп құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды тамақтандыру керек. Балапандар көп жейді және тез өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне тамақ табуға, жауларынан жасырынуға үйретеді. Егер балапандар мұны білмесе, онда олар қыста өледі.<br>- Құстардың қандай пайдасы бар?<br>- "Орман дәрігерін" кім біледі?<br>- Орман құстарын | ұшады және қайда ұя салғанды ұнатады? Бұл сізді әуесқой зерттеуші етеді!<br>**Еңбек:** алаңға, жолдарға су шашу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануға үйрету.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>-"Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады | гүлден бір жапырақшаны жұлып алып, бір тілек айтады.<br>Жапырақшам ұш-ұш, батыстан шығысқа қарай, солтүстік арқылы, оңтүстік арқылы шеңберге оралу.<br>Жерге тиген бойда, менің тілегімді орында.<br>Соңында бәріне арналған ең жақсы тілек байқауын өткізуге болады..<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет)** | жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>-"Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды | | бойымен жүріп өтіп, «бақа» ұстауға тырысуы керек. «Ляйлек» «аралдан» «аралға» секіруге құқылы, бірақ «суға» кіре алмайды. Соңғы ұсталған «бақа» «ляйлекке» айналады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын: "Менің бұлтым"**<br>Мақсат-міндеттер: қиялды, зейінді, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту. (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).<br>Ойын барысы. Балалар ашық жерде, шөпте жайлы орналасады, тынышталып, көздерін жұмады.<br>Тапсырма. Шабындықта демалуды елестетіп көріңіз. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **"Суретші қай жерден қателесті?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Баланың ой-өрісін дамыту, сурет бойынша сәйкессіздіктерді табуға машықтандыру. Барысы. Тәрбиеші суретшінің "Жаз" тақырыбында сурет салғанын айтады. Бала бәрін дұрыс салғанын тексеруді сұрайды. Бала көктемде болмайтын көріністерді тауып, оның қай маусымда болатынын | **Қалаған ертегіні мазмұндау.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Қалаған ертегіні мазмұндау.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Мезгілге сай киінеміз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: киіну тәртібін пысықтау; мезгілге сай киінуді қайталау; сөздік қорды жетілдіру. Педагог сән журналдарын да ұсына алады, балалар суреттегі адамдардың киімлерін атап жатады. **"Көмекшілер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: әртүрлі мамандықтарға арналған құралдарды анықтауға дағдыландыру. **(қарым-қатынас іс-** | **"Жаңылтпаш пен тақпақтарды қайтала" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздерді, сөз тіркестерін аяқтау, есте сақтауға машықтандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Шығармашылық уақыты: "Кемпірқосақ".** Мақсат-міндеттр: балалардың тастар, бұтақтардан жазықтықта кемпірқосақ құрылысын жасауға деген құштарлығын жетілдіру. Педагог балаларға "кемпірқосақты" бояуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | | | **әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | ұсынады. **(шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.<br>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады.<br>Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | **Аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: аспанды бақылауды жалғастыру; көргенді бұрын байқалғанмен салыстыру, қорытынды жасау.<br>Экологиялық міндет: жазғы аспанның сұлулығына тамсануға үйрету.<br>Әңгімелесу. Жазда аспан әрқашан ашық | **Күндізгі жарықтың ұзақтығын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: жаз күнінің өте ұзақ, ал түндердің қысқа екенін көрсету. Күн өте ерте, биік шығады және ұзақ уақыт жарқырайды.<br>Экологиялық міндет: балаларды жаздың сипаттамалық белгілерімен таныстыру, қоршаған әлем туралы | **Аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: аспанды бақылауды жалғастыру; көргенді бұрын байқалғанмен салыстыру, қорытынды жасау.<br>Экологиялық міндет: жазғы аспанның сұлулығына тамсануға үйрету. | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: желдің күшін анықтауға үйретуді жалғастыру; балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>**Бақылаудың барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады, сұрақтарға жауап беруді ұсынады.<br>Өртесең де ерімейді,<br>Не тот басып шірімейді,<br>Өн бойына су сіңбейді, | **Жәндіктерді бақылау (көбелек). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көбелектің пайда болуы, өмір салты, оның мәні туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылаудың барысы<br>**Көркем сөз**<br>«Көбелектің жыры» Н. Айтов<br>Қанатымды бір қағым,<br>Демде қайта жоғалам.<br>Десе гүлді дала бар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және көк емес, оның үстінде бұлттар бар, кейде олар үлкен жаңбырлы бұлттарға жиналады.<br>- Бүгін аспан қандай? Сіз не көріп тұрсыз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттарды немен салыстыруға болады? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оның жануарлар мен өсімдіктер әлеміндегі баламаларын табуға шақыру.<br>**Көркем сөз. Жұмбақ**<br>Төңірегі тең көрініп,<br>Теген жатыр төңкеріліп,<br>Жас та сиған, кәрі сиған,<br>Астына оның бәрі сиған. (Аспан)<br>**Еңбек:** ағаштардан жерге түскен бұтақтарды жинау. | білімдерін бекіту.<br>Түзету міндеті: күннің бөліктерін атауға үйрету, өлең жаттауға жаттығу.<br>**Көркем сөз**<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қыз қолында гүл жүрсін,<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>(М.Әлімбай)<br>**Болжам**<br>1. Күн көзін бұлт шалса, жаз жаңбырлы болады.<br>2. Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңінде ыстық болады.<br>3. Күн батарда көк жиек ашық болып, қызыл шапақ шашса, ауа-райы жылынады.<br>**Еңбек:** қоқысты тазарту үшін ұжымдық еңбек. | | Ылғал тартып, ірімейді. (Тас)<br>- Жел қалай қалыптасады? (Ауа жерден қызады, жоғары көтеріледі, ал салқын ауа төменге батады. Ауаның бұл қозғалысы- жел тудырады.)<br>- Желдің қандай болады? (Күшті және әлсіз.)<br>- Қатты желдер қалай аталады? (Дауыл, тайфун, торнадо.)<br>- Бүгін жел бар ма? Бұл қаншалықты күшті?<br>Зерттеу қызметі<br>Компас пен флюгерді пайдаланып желдің бағытын анықтау. (Флюгер қайда бұрылды - сол жақтан жел, ал желдің бағыты компастың жебесімен анықталады).<br>- Желдің күшін қалай анықтауға болады? (Қағаз және секундомермен).<br>- Желдің қай жағынан | Қос қанатым талмайды.<br>Мені көрсе балалар,<br>Қыр соңымнан қалмайды.<br>**Әңгімелесу.** Педагог алуан түрлі-түсті көбелектердің қаншалықты әдемі, көңілді екенін байқауға кеңес береді: сары лемонграсс, қара қызыл есекжем, көк құстар, қырыққабат ақтары, ирисценциялар және інжу-маржан.<br>Көбелектердің, дене мүшелерінің пайда болуын қарастырыңыз, олардың не жейтінін біліңіз. Балаларды көбелектер қанаттарының мөлшері мен түсі бойынша ерекшеленеді деген тұжырымға жетелейді. Көбелектер қанаттарында өте әдемі өрнек бар - бұл табиғатта жасалған ең әдемі өрнек. Олардың екі жұп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру. | **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру; жұмысты соңына дейін жеткізе білуге баулу.<br>**"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т. б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тырысады. Ойынды басқарушының берген | | соғып тұрғанын қалай анықтауға болады? (Компасты қолдану: егер солтүстіктен болса- суық, оңтүстіктен болса - жылы.)<br>**Еңбек:** ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйретуді жалғастыру, істелген жұмыстан рахат алу.<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда | қанаттары бар.<br>Бірақ, көбелектердің қанаттарынан ұстауға болмайды, өйткені олар нәзік тозаңмен жабылған, оны сүрту оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмай қалады.<br>Көбелектердің 6 аяғы бар, олардың көмегімен гүлдерге және олардың бойымен қозғалады.<br>Көбелектер гүлден гүлге ұшады, сондықтан олар тозаңды алып жүреді.<br>Тозаңданатын өсімдіктердің тұқымы көп болады.<br>Тәрбиеші балаларға көбелек туралы жұмбақтар жасырады.<br>Бар екен бір мақұлық<br>ұннан майда,<br>Өз басын айдайды екен<br>қиын жайға,<br>Ұстасақ үгітіліп<br>жоғалады,<br>Дамылдап отырмайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала | бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатынасушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естіртe дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. | | өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. | ешбір жайға. ( Көбелек )<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады.<br>( Көбелек )<br>**"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, сөздік қорын, дамытуға үйрету.<br>Тәрбиеші жәндіктерді сипаттайды, балалар болжайды.<br>**Еңбек:** балаларды қоқыс жинауға шақырыңыз (таяқшалар, бұтақтар, қағаз бөліктер).<br>Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу, балабақша ауласын тазартуға және қоршаған табиғатты аялауға тарту.<br>**"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: түрлі бағыттарға, қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа,ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке- | **"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдарды үстелсте білуді, есту зейінін дамыту.<br>Еркін ойындар. | | **Қимылды ойын: "Жел". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: табиғаттағы қатынастар тұжырымдамасын бекіту; мұғалімнің бұйрықтарын мұқият тыңдауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** доппен жаттығу. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: допты жоғарыға, жерге лақтырып, қағып алуға үйрету.<br>Еркін ойындар. | үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды. "Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу.<br>Көңілді шыбындар<br>Жан-жаққа ұшады.<br>Өрмекші бұрышта<br>Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар!<br>Зуылдап ұшыңдар!<br>Д. Ахметова.<br>Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа | | | | тағайындап алуға болады.<br>Мақсат-міндеттер: шашырап жүгіруді, белгі бойынша бағытты өзгертуді үйрету.<br>**Қимылды ойын: "Жылан" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бір-бірінің қолдарынан ұстап жүгіруге, жүргізушінің қимылын дәл қайталауға, бұрылыстар жасауға, кедергілерден өтуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді. Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | Ата-аналарға кеңес: "Баланы өзіне-өзі қызмет етуге тәрбиелеу". | Ата-аналармен әңгімелесу: "Жазда ашық ауада серуендеудің маңызы". | Ата-аналарға кеңес: "Баланы өзіне-өзі қызмет етуге тәрбиелеу". | Ата-аналарға кеңес: "Күн ваннасы деген не?" | Ата-аналар қеңес: "Күн соққысынан қалай қорғануға болады?" |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.07.-05.07.2024ж** | | | | |
| **Апта күндері** | Дүйсенбі | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 01.07.2024ж | 02.07.2024ж | 03.07.2024ж | 04.07.2024ж | 05.07.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Сауалнама: "Балаңызды үй жұмыстарына шақырасыз ба?". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):8.10-8.20** | **Еңбек:** ауланы тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларына қалыптастыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** гүлзардағы топырақты босату, суару.<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, оларға қамқорлық жасауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** қажет болған жағдайда ағаштардың жан-жағын қопсыту.<br>Мақсат-міндеттер: оны не үшін жасау керектігін түсінуге баулу; тамырын зақымдамай, мұқият қопсытуға дағдыландыру.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** алаңды тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: өз алаңына қамқорлық жасауға, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **Еңбек:** алаңды ұсақ бұтақтардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, мәселені соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Үстел үсті ойыны."Лото".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Өзіңе жұп тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір-бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Ішінде-сыртында" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: «үлкен» - «кіші», «ішіндегі» - «сыртындағы» ұғымдарын байланыстыруға үйрету.<br>Ойын барысы. Балаға бір-екі заттың атын атап, оның ішінде не болатынын және сыртында не болатынын айтуын сұрау. Мысалы: үй - жастық, котлет - кастрөл, жүрек - мысық, балық - өзен, қант - шай және т.с.с. содан кейін рөлдерді | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.<br>Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ | **"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету. Міндеттері: балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Балаларды топтарға бөлу. Тәрбиеші балаларға ағаштағы жапырақтарды мұқият қарап, содан кейін жерден сол жапырақтарды іздеуге уақыт береді. Кім көп және жылдам тапса, сол жеңеді.<br>**(қарым-қатынас іс-** | **"Жеміс-жидектер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: Жеміс-жидектер туралы білімдерін бекіту. Балалардың жеміс-жидектердің атын атай алады ма? Бір бірінен ажырата алады ма, соны тексеру. Балалардың қолымен ұстап, ажырату көзбен көріп тану, иісінен ажырату қабілетін дамыту. Мына сөздерді қолдану. Піскен, піспеген, тұздалған, тұздалмаған, қысқа, дөңгелек, сопақ.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Ыстық картоп" қимыл-қозғалыс** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауыстырыңыз – балаларға мүмкіндік беру. **(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Өз жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген | қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Айна" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: зейіні мен қиялын дамыту; қимылдардың реттілігін есте сақтауға жаттықтыру. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда | **әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Суық-ыстық" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. **(дене шынықтыру)** | **ойыны.** Мақсат-міндеттер: доптың шеңбер бойымен берілуін қамтамасыз ету. Ойыншылар шеңберге тұрады, ойыншылардың бірі допты қолына ұстайды. Музыка әуенімен немесе дабыл дауысы бойынша балалар допты шеңбер бойымен бір-біріне береді. Музыка тоқтаған бойда, қолында доп бар ойыншы ойыннан шығады. Ойын жеңіске жеткен 2 ойыншы қалғанға дейін жалғасады. Допты беру кезінде лақтырмау; допты қолынан түсіріп алғандар ойыннан шығарылады. **(дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Ойыншылар екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші ойнауға белгі берісімен, әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізуге тырысады. Доптары бір-біріне тиген ойыншылар ұпай жинайды. | еркін орналасады және келесі тапсырмаларды орындайды: жүргізушінің артынан бір қимылды қайталау; жүргізушінің артынан бірқатар қозғалыстарды белгілі бір ретпен қайталау; құстың, жәндіктің қимылын қайталау. Үздік ойыншы жалпы дауыс беру арқылы анықталады және оған сыйлық немесе ұпай беріледі. **(дене шынықтыру)** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынның соңында қай жұптың ұпайы көп болса, сол жұп жеңіске жетеді. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Үстелге дұрыс отыру, ұқыпты | **Гигиеналық дағдылар**<br>Нанға майды пышақпен жағу | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларда мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру, өзіне-өзі | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды үстел үстінде өзін дұрыс ұстауға, ұқыпты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамақтану, тамақты қасықпен ғана қабылдау, майлықты қолдану қабілеттерін бекіту; тамақтану мәдениетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ. | дағдыларын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | қызмет ету, үстелге дұрыс отыруды дағдыға айналдыру, ас құралдарын дұрыс пайдалану.<br>**көркем сөз**<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | тамақтануға үйрету, басқа балаларға кедергі жасауға болмайтынын, ересектердің рұқсатынсыз үстелден тұруға болмайтынын түсіндіпу.<br>**Көркем сөз**<br>Мүйізді ешкі келеді,<br>Балаларға ереді.<br>Сүт ботқаны жемесең,<br>Келіп сені сүзеді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (І.Жансүгіров) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".** Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту." **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру. **(танымдық іс-әрекет)** | **"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру;ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. **(дене шынықтыру)** | **"Фант" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу.** "Жаз келді алақай!" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; спорттық ойындар арқылы кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Кемпірқосақ жолымен"<br>Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдеріне тән белгілерді, айлардың атаулары және олардың реттілігі туралы білімдерін тиянақтау , берілген дыбысқа арналған сөздер ойлап табуға, жалпылау мен жіктей білу дағдыларына жаттықтыру; логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Түрлі-түсті доғалар"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды дәстүрден тыс тәсіл «дымқыл» бетте сурет салумен таныстыру; акварель бояуын қолдану дағдыларын бекіту; өз түсінгендерін, әдемі құбылыстарды түрлі бейнелеу құралдарымен, шығармашылық таныта отырып суреттеу біліктіліктерін дамыту; сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| **Білім беру** | **Дене** | **Көркем әдебиеттен** | **Қоршаған ортамен** | **Құрастырудан ойын-** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Қолды жан-жаққа соз"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру; балаларда заттар арасымен жүру; биіктіктен секіру дағдыларын дамыту; негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту. | **ойын-жаттығу**<br>"Б.Майлин "Жау-жау, жаңбыр""<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстары туралы мағлұмат беру; өлең жолдарын түсініп, мәнерлеп жатқа айтуды үйрету; байланыстыра сөйлеуге, тілдік қорларын молайту; табиғатты сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Астана нұры"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жидектер"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жидектердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атауға үйрету, сыртқы түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың жидектердің қайда және қалай өсетіні туралы білімдерін бекіту (бақта, орманда, жерде, бұтада, ағашта); есту қабілетін, байланыстырып сөйлеуді дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Егін жинау аптасы"<br>Мақсат-міндеттер: Күннің бөліктері туралы білімдерін бекіту. Бір | **жаттығу**<br>"Карлсонға арналған тосап"<br>Мақсат-міндеттер: Қажет емес бөліктерді өз күшіммен кесуді үйрету, шығармашылық және табиғи материалды түрлендіру қабілетін дамыту, «Жемістер мен жидектер» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, сөздік қорын байыту және белсендіру, ұжымдық жұмысқа деген қызығушылықты тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әжемнің тосабы (бояуларды араластырып, жаңа түстер шығару жолымен)"<br>Мақсат-міндеттер: | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | аптадағы күндер тізбегі туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту. 7 ішінде алға және артқа қарай санау қабілетін дамыту.Қоршаған ортаға деген қызығушылықты тәрбиелеу. | Бояуларды араластыру арқылы ашық және қою қызыл түстерді шығаруды таныстыру; араластыру тәсілдерінің реттілігін бекіту; бояумен жұмыс жасау, түстерді дұрыс таңдау дағдыларын дамыту; зейіндерін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; іс-тәжірибе көмегімен түрлі мәселерді шешімін табу, практикалық тәжірибе негізінде қорытынды жасау біліктіліктерін қалыптастыру; ізденімпаздылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Бақбақ өсімдігін бақылау.** | **Қарақатты бақылау. (қарым-** | **Гүл егілген алаңқайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-** | | **Арамшөптерді бақылау. (қарым-** | **Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бақбақ туралы білімді нақтылау (гүлденудің басталуына назар аудару); табиғатты белсенді түрде қорғауға; дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Өте берік тамыры,<br>Бақбақ гүлі ерекше.<br>Сарғыш гүлді сәл ірі.<br>Ақ ұлпа тәрізді.<br>Әңгімелесу.<br>Бақбақ барлық жерде өседі: | **қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бұтаны ағаштан ажырата білу қабілеттерін бекіту; балабақша аумағында өсетін жидек бұталарымен - қарақатпен таныстыру.<br>Көркем сөз<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма.<br>Бірде – бірін жұлғызба,<br>Қасыңдағы балаға.<br>Әңгіме. Қарақат жидектері кішкентай қара шарларға ұқсайды. Қарақат - әр түрлі жапырақтары бар көпжылдық бұта. | **әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Кешкілік пе, күндіз бе,<br>Үзіп алсаң сен бір гүл,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Үзіп алсам мен бір гүл,<br>Туған жерді далаға,<br>Не қалады сиқынан,<br>Тастағалы жүрміз бе?<br>Қызыл-жасыл жердің бұл,<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма.<br>Бірде – бірін жұлғызба,<br>Қасыңдағы балаға.<br>**Әңгіме.** Гүл біздің өмірімізге қуаныш сыйлайтын әдемілік әлемі. Қатар-құрбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз. Мерекелерде аналарымызды қуанту үшін гүл ұсынамыз. | **қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктер туралы білімдерін молайту. Арамшөптердің зияны туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Көркем сөз**<br>Жеміс біткен бау - бақта,<br>Желі жайды жан - жаққа.<br>Бақта құстар сайрайды,<br>Құйқылжытып жан – жаққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып,<br>Арамшөпті жұламын.<br>Әңгіме. Жан-жағымызда өсіп тұрған қызылды-жасылды | **болады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құбылыс - бұршақпен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шалғындарда, егістіктерде, орман шеттерінде, сайдың беткейлерінде, күн мен өмірге деген сүйіспеншіліктің символы сияқты. Бақбақтың ұзын, қалың тамыры топыраққа мықтап жабысып қалған. Бақбақтың әр жапырағы өз бағытына қарайды. Жапырақтың мөлшері гүл өсетін жерге байланысты. Өсімдік жерден ылғалды неғұрлым көп қабылдайтын болса, соғұрлым оның | Көктемде қарақат бұталарында кішкентай қоңырауға ұқсас гүлдер пайда болады. Бақшада қарақат басқа жидек дақылдарына қарағанда ерте гүлдейді. Қарақат жидектері шілде айында піседі. Дәмді, тәтті және қышқыл, шырынды. Бұл өсімдіктің құрамында «С» дәрумені (витамині) көп екен. Қарақат жидектері мен жапырақтары емдік қасиетке ие. Хош иісті қарақаттың жапырақтары маринадтарға және тұздалған қиярға, қызанақ, саңырауқұлақ және | Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз.<br>Үйде, аулада гүл өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін күтіп, баптау кезінде өзіміз қандай керемет әсерде боламыз десеңші!<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Балалармен гүл егілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін қарау. Дәннен кішкентай ғана жапырақ, одан өскін, одан гүл өсіп шығатынын түсіндеру. Әр гүлдің жапырақтары мен сабақтары арасындағы айырмашылықты қарау.<br>**Болжам.**<br>Гүлдердің иісі одан сайын аңқып шықса, жауын жауады.<br>**Еңбек:** балалармен гүл егілген алаңға сусепкішпен су себу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбексүйгіштікке баулу, жас гүлдерді суды себу арқылы суғаратынын көрсету.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа | өсімдіктерді көргенде, көңілімізге қуаныш ұялайды. Өсімдіктер тек қана көрік беріп қана қоймай ауаны тазалайды, ауаның ылғалдылығына да әсерін тигізеді. Кейбір өсімдіктерден ерекше заттар бөлінеді де, адам денсаулығына зиянды микробтарды жойып отырады. Ол фитонцид деп аталады. Енді осындай жайнап өсіп тұрған өсімдіктердің арасында зиянды өсімдіктер де кездеседі. Оларды арамшөптер деп атайды. Олар мәдени өсімдіктерге көп зиян келтіреді: топырақтың нәрін алады, топырақтағы ылғалды алады, күн қызуын тартып алады да, | үлгермейді. Бұршақ - бұл табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. Экологиялық міндет: судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>*Көркем сөз*<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтары жарқын әрі күшті болады.<br>Әрбір гүл - бұл біріккен бес жапырақшадан тұратын түтік және оларға жабысқан стамен.<br>Егер сіз бақбақты иісін сезіп жатсаңыз, оны мұрныңызға тым жақындатсаңыз, сіз ашық сары тозаңға кірленесіз.<br>Түстен кейін немесе жаңбыр кезінде гүл себеті жабылып, тозаңды ылғалдан сақтайды. Бірақ ашық ауа-райында, таңертеңгі сағат алтыда сіз әдемі гүлге сүйсіне | қырыққабатиарға қосады.<br>**Халық болжамы:**<br>Жазда жидек көп болса, қыс қатты болады.<br>Қайыңнан шырын көп ақса, жаз жаңбырлы болады.<br>**Еңбек:** ересектерге алаңда өсетін бұталарды күтуге көмектесу.<br>Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегін құрметтеуге, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; | тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог: "Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. | сөйтіп өсімдіктердің өсуіне кедергі жасап, өздері қаптап кетеді.<br>Олар мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсіп, жетіледі.<br>Сондықтан да гүл егілген гүлзарлар мен бау-бақшаны, егіс алқабын үнемі арамшөптерден қорғап отырады.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Гүлзарларда, өсімдіктер өсіп тұрған алаңшалардан арамшөпті тауып алып, оларды жақсылап көріп алу.<br>Еңбек: балабақша ауласындағы гүлзарлардағы, гүл егілген алаңқайдағы арамшөптерді жұлу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларға гүлдерді күтіп-баптауды үйрету, әсемдікті | шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аласыз.<br>**Еңбек:** ауланы қоқыстардан және құрғақ бұтақтардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, өз жұмысының нәтижесін көруге үйрету.<br>**"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті | қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде | Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**Жаттығу ойындары: "Волейбол ойыны".**<br>Мақсат-міндеттер: бір-біріне доп беру, кері лақтыруды жаттықтыру.<br>Еркін ойындар. | сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен | балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды.<br>Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен | сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен | | "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.<br>Тура жүріп, тақтайдың (бөренеңің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" | Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін.<br>**Еңбек:** гүлзарларды суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ересектерге көмек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады. Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады. **"Өз бүршігіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** | "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **Еркін ойын: "Көкөністер дүкені".** Мақсат-міндеттер: көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік | | фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып түру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта. Еркін ойындар. | көрсету; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: гүлдерді ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету; жүгіру кезінде жаттығу. **Жеке жұмыс: қимылдарды дамыту.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан секіру жаттығулары. | көрсеткендерді мадақтау; ойынға деген қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. **Жеке жұмыс: ағаштар туралы әңгіме құрастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдерін дамыту. **"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: "қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5 бала қатысады. Еркін ойындар. | | | |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Үстелге дұрыс отыру, ұқыпты тамақтану, тамақты қасықпен ғана қабылдау, майлықты қолдану қабілеттерін бекіту; тамақтану мәдениетін жетілдіру. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Нанға майды пышақпен жағу дағдыларын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларда мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет ету, үстелге дұрыс отыруды дағдыға айналдыру, ас құралдарын дұрыс пайдалану. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды үстел үстінде өзін дұрыс ұстауға, ұқыпты тамақтануға үйрету, басқа балаларға кедергі жасауға | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.<br>*Көркем сөз*<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын: "Кім артық?"**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету.<br>Ойын шарты: балалар екіден шеңбер құрып тұрады, ал, сыңары жоқ бала шеңбер бойымен жүгіріп, сыңарымен тұрған баланың артына барып тұрады.<br>Енді бұл топта үш бала болады. Бірінші бала шеңбер бойымен жүгіреді де, өзіне басқа топтан серік іздеп табады. Ал, ол топтың алдындағы бірінші бала өзі және жаңа серік іздеуге кіріседі. Сөйтіп, ойын әрі қарай жалғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | **әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлді ойын "Супермаркет".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойын жоспарын құрдастарымен үйлестіруге үйрету, ойын барысында рөлдерді ауыстыру. Балаларды қоршаған өмір туралы білімдерін ойындарда кеңірек қолдануға шақыру, диалогтік сөйлеуді дамыту.<br>Ойын әрекеттері үлгісі: супермаркетке келу; қажетті тауарларды сатып алу; менеджерлердің кеңестері; сату туралы хабарландырулар; сатып алу үшін төлем; тауарларды орау; супермаркет директорымен немесе | жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. Көрнекіліктер:бақ пен бақшаның,жеміс пен көкөністердің суреті. Ойын шарты:бақ пен бақша салынған **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғауға қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы балалардың ойларын кеңейту.<br>Ойын әрекеттері үлгісі: объектіні таңдау, аймақтың карталарымен, жоспарларымен жұмыс жасау; экологиялық паспорттарды зерттеу; экологиялық жағдайды зерттеу (су, ауа, топырақ үлгілері және т.б.); айыппұлдарды ұсыну; экологиялық жағдайды жақсарту бойынша жұмыс; суретке түсіру, бұзушылықтарды түсіру.<br>Ойын ортасы.<br>Құрал-жабдықтар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әкімшісімен жанжалды жағдайларды шешу. Пәндік-ойын ортасы. Құрал-жабдықтар: касса; өнімдер жиынтығы; сатушыларға, кассирлерге, менеджерлерге арналған арнайы киім; сувенирлер; чектер, сөмкелер, әмияндар, ақша; кішкентай ойыншықтар жиынтығы; журналдар, газеттер; киім, аяқ киім, бас киімдер және т.б.; бухгалтерлік кітаптар, баға белгілері, индекстер, бөлім атаулары; телефондар, рациялар, микрофондар; буып-түю, өнімдерге арналған арбалар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | | | жоспарлар, карталар, жер бедерінің сызбалары; «Қызыл кітап»; халаттар; саяхатшылар; бейнекамера; әр түрлі жануарлар мен өсімдіктердің төлқұжаттары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Жеке жұмыс – Мүсіндеу**<br>«Ағаш» - ағашты мүсіндеуге арналған ыңғайлы іс-әрекет.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **«Сол гүлді тап» үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сурет бойынша бейнеге ұқсас заттарды табуға үйрету, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **«Орманда не өседі?»**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жасыл алқаптардың пайдасы туралы білімдерін, қарапайым қорытынды жасай білуге дағдыландыру.<br>Жеке жұмыс: сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **Экология бойынша дидактикалық ойын «Бір, екі, үш - аталған ағашқа жүгір».**<br>Мақсат-міндеттер: алаңда өсімдіктерді анықтау қабілеттерін бекіту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Шығармашылық уақыты: "Қағаздан гүлді бүктеу арқылы құрастыру".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын «Дұрыс айт»**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қалаған ертегіні мазмұндау.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.<br>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін).<br>Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған. |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі бақылауды жалғастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | Балалармен бірге гүлзарға серуендеу. Онда пайда болған гүлдерді қарастыру. Балаларға гүлдер біздің жеріміздің сәні, оларды жұлуға болмайтынын айту, сонымен қатар олар көптеген жәндіктердің қорек көзі екенін түсіндіру. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.07. - 02.08.2024ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 29.07.2024ж | 30.07.2024ж | 31.07.2024ж | 01.08.2024ж | 02.08.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы** | **Еңбек: алаңды сыпыру.** Мақсат-міндеттер: ересектерге саналы түрде көмектесуге дағдыландыру. Кезекшілік: табиғат | **Еңбек: аумақты тазартуда сыпырушыға көмектесу.** Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты | **Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту.** Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасауда жұмысты соңынана дейін тиянақты атқаруға баулу. | **Еңбек: балалармен бірге гүлзарларды бақылау, жел сынған гүлдердің бұтақтарын кесу, майысқандарын көтеру.** Мақсат-міндеттер: | **Еңбек: кіші топқа ойыншықтарды жинауға көмектесу және оларды топқа апару.** Мақсат-міндеттер: кішіге қамқор болуға, еңбекке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер):8.10-8.20** | бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | дамыту; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | табиғатқа деген қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | саналылықпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Саққұлақ" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту.<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл т. б..<br>Ойын барысы. Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс | **"Зоологиялық фриздер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. | **"Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.<br>Ойынның барысы. Ойыншылар екі топқа бөлініп, әр түрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. | **"Болады - болмайды" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог бір жағдайды атайды және допты балаға лақтырады. Бала аталған жағдай орын алған жағдайда допты ұстап алуы керек, егер олай болмаса, онда допты ұстап алудың қажеті жоқ.<br>1. Әкем жұмысқа кетті.<br>2. Пойыз аспаннан ұшып өтеді.<br>3. Мысық тамақ ішкісі келеді | **"Сиқырлы таяқ" қозғалмалы халық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда тапқырлықты, ептілікті дамыту.<br>Жас және орта жастағы балалар (40 адамға дейін) ойнайды. Ойнау үшін ұзындығы 1 м таяқша қажет.<br>Сипаттама. Диаметрі 4-5 м шеңбер салынады.Ойыншылар шеңбер бойымен тұрып, реттік нөмірлер алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)**<br><br>**"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін қатаң сақтауға үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т. б.). Ойынға | Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары,<br>Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян,тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен,қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді,қоянды кіші торға орналастыр. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық | Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын: "Қу түлкі".** Мақсат-міндеттер: сигналдан кейін жылдам жауап беру қабілетін дамыту.<br>Ойын барысы. Ойыншылар көздерін жұмып шеңберге | 4. Адам ұя салады.<br>5. Пошташы хат әкелді.<br>6. Қоян мектепке барды.<br>7. Тұздалған алма.<br>8. Бегемот ағашқа өрмелеп шықты.<br>9. Резеңке малақай.<br>10. Үй серуенге шықты.<br>11. Шыны аяқ киім.<br>12. Қайың ағашында жаңғақ өскен.<br>13. Қасқыр орманда жүреді.<br>14. Қасқыр ағашта отыр.<br>15) Кәстрөлде тостаған қайнап жатыр. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын «Аю мен аралар».** Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша әрекет ету, баспалдақпен дұрыс көтерілу, кейіпкерлердің іс-әрекетіне еліктеу | Үлкен шеңбердің ішіне диаметрі 2-3 м шеңбер салынады.Жүргізуші (жеребе бойынша) қарды таяққа жабыстырады. Таяқшаны күзетуге күзетші тағайындалды », ол кіші шеңберде тұрады. Жүргізуші шеңберден тыс жерде ойыншының нөміріне өз қалауы бойынша қоңырау шалады. Шақырылған адам «күзетшіні» қимылдармен алшақтатып, таяқ ұстауы керек. «Күзетші» оны кішкене шеңбермен ұстап алуға немесе майлауға тырысады. Егер ойыншы таяқ ұстаса. ол ұпай жинап, орнына қайта оралады. Егер «күзетші» оны ұстап алса, онда олар рөлдерді ауыстырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатынасушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы | қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(таным іс-әрекеті)**<br><br>**"Тату, барлығы бірге" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: алаңның қарама қарсы жағына тепе-теңдікті сақтай отырып, бір жолға қозғалуға балаларды үйрету; бір жылдамдықпен бірін бірі қуып жетпей, жүгіруді үйретіп дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | тұрады. Тәрбиеші өтіп, біреуге тиіседі. Балалар көздерін ашып үш рет айтады: «Қу түлкі, сен қайдасың?». Осыдан кейін «түлкі» ортаға жүгіріп шығады: «Мен мұндамын!». Барлығы қашады, ал ол оларды ұстап алуға тырысады. Ұсталғандар шетке жылжиды.<br>**(дене шынықтыру)** | қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Ойыншылар екі топқа бөлінеді - «аралар» және «аюлар».<br>Сигнал бойынша «аралар» ызыңдап, шабындыққа бал жинау үшін ұшады. «Ара» ұшып кете салысымен, «аюлар» ұяға (құрсауға) көтеріліп, бал жейді. «Аюлар!» белгісі бойынша «Аралар» ұшып, орманға қашып үлгермегендерді шағып алады. Тістелген «аю» бал жинау үшін шықпайды.<br>**(дене шынықтыру)** | Ең көп ұпай жинаған - жеңімпаз атанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын «Аққу-қаздар»**<br>Ойнаушылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдалып алынады. Балалардың қалғаны қаз болады. Алаңның бір жағы бойына сызық сызылады, оның сыртында қаздар жүреді. Ол олардың жататын орны. Алаңның шетінен орын сызып белгіленеді, ол — қасқырдың үңгірі. Бақташы қаздарды жайылуға шалғынға айдап шығады. Қаздар шалғында жүреді, ұшады.<br>Содан кейін бақташы былай дейді:<br>— Қаздар, қаздар!<br>Қаздар тоқтайды да |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | жауап береді:<br>— Га, га, га<br>Бақташы — Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа?<br>Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа.<br>Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп суын іше кет.<br>Қаздар: Сіздің жерге түсеміз, Түсіп суын ішеміз.<br>Бақташы: — Болсын онда жол жайлы!<br>Қаздар: — Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып сұр қасқыр, Тау бөктерлеп жүр қасқыр!<br>Бақташы: — Олай болса қалаған, Жақтарыңа бар аман!<br>Қаздар қанаттарын қағып, (қолдарын жан-жағына сермеп, көк шалғын үстімен үйлеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қарай ұшады, ал қасқыр қаздардың даусын естіп, жүгіріп шығады да, олардың жолын кескестейді, оларды ұстап алуға (қолын тигізуге) тырысады, ұстаған қаздарды қасқыр үңгірге алып кетеді. **(дене шынықтыру)** |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде<br>1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;<br>3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұрып, қолды белге қою;<br>1 - алға еңкею, қолдарды екі аяқтың ұшына тигізу;<br>2 - бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-3 рет қайталау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қолды жуу ережелерін бекіту, тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі.<br>**Көркем сөз**<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".**<br>Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту."<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту.<br>Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>**(дене шынықтыру)** | **"Ал егер?" ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, көру зейінділігін дамыту. Балаларға суретте көрсетілген немесе сөзбен баяндалған оқиғаның ары қарай қалай жалғасатынын болжауға мүмкіндік беріледі. Балалар өздерінің ой-пікірлерімен бөліседі.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** | **"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Епті бол!" Мақсат-міндеттер: Балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, сол | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Ыбырай Алтынсарин "Бір уыс мақта"" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені оқығанда мұқият тыңдап, сұрақтарға | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Сандар әлемі" Мақсат-міндеттер: "Көп", "аз", "тең" сөздерін қолданып, заттар тобын салыстыру | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Майя арасы" Мақсат-міндеттер: Балалардың жәндіктер туралы білімдерін кеңейту және бекіту, | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Сиқырлы орман." Мақсат-міндеттер: Үлгі бойынша құрастуруды үйрету, шығармашылық қиялын дамыту,«жоғары-төмен» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолмен лақтыру; балаларда қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру; арқаға қапшық қойып төрт тағандап еңбектеу дағдыларын жетілдіру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру. | толық жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету; сөздік қорларын, тіл байлықтарын жетілдіру; диалог түріндегі сөздерді айта білуге дағдыландыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>""Қызыл телпек және қасқыр" шығармасы"<br>Мақсат-міндеттер:<br>«Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | қабілетін нығайту; 9 саны туралы білімдерін қалыптастыру, екі кіші саннан сан құру; 9 санын тану және бейнелеу дағдыларын дамыту; алға және артқа қарай санау қабілеттерін қалыптастыру; жолдастарын тыңдай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>""Өнер Ханшайымына" арналған натюрморт"<br>Мақсат-міндеттер:<br>Балаларды суретте үлкен, орташа, және кішкентай аюлардан композиция құрап, ертегі кейпін бейнелеуді үйрету; сурет салу үлгілерін (дөңгелек және сопақ пішінді) бекіту; оларды контурдан шығармай, пропорцияны сақтай отырып, «түрту» | жәндіктердің атауларын, сыртқы белгілерін, олардың құрылымын бекіту;.көру және есту қабілеттерін дамыту, тақырып бойынша балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту; жәндіктерге жақсы көзқарас қалыптастыру. | және «үлкен-кіші» ұғымдарын ажырата білу қабілетін бекіту, табиғатқа құрметпен қарауға және оның сұлулығын сақтауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәсілімен бояуды меңгерту; қағаз бетінде бағдарлау біліктіліктерін бекіту; қиялдарын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Тірі затты бақылау – бақаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: бақа туралы білімдерін кеңейту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>- Бақаның қандай? Оның терісі қандай?<br>- Оның басында не бар? Бақалардың неше аяғы бар?<br>- Алдыңғы және артқы | **Инелікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: инеліктің пайда болуы туралы білімдерін кеңейту; барлық тіршілік иелеріне мұқият және ұқыпты қатынасты дамыту.<br>**Көркем сөз**<br>Ұзын құйрық инелік,<br>Инелікке тимелік.<br>Верталетты жасады,<br>Ineліктен ұйреніп. | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстармен таныстыруды жалғастыру, олардың үйлерінің аттарын есте сақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Жазда құстар көп болатынына назар аудару, олар әр түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы | **Қоңызды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қоңызбен, оның өмір салтымен, тіршілік жағдайымен таныстыру.<br>**Бақылау барысы**<br>Қоңыздардың қалай жорғалайтынын қарастыру, олардың кейбіреулері ұшады. Қазақстанда 20 мыңнан аса түрлері кездеседі. Денелерінің ұзындығы | **Қанқызды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қанқызының пайда болу ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту; барлық тіршілік иелеріне мұқият және ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br>- Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық? Бүгін біз тағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтардың айырмашылығы неде?<br>- Бақаның құйрығы бар ма? Дененің қандай ерекшеліктері оған суда жүзуге көмектеседі? Неліктен оның саусақтарында өрім бар? Неліктен оның көзі томпиған және олар оның басында орналасқан?<br>-Бақаның терісі жұмсақ, жасыл түсті, оның тісі бар, олардың қосмекенділерге жататынын айқындау қажет, яғни ол суда да , құрғақта да өмір сүреді, бірақ уақыттың басым көпшілігін суда өткізеді<br>- жүзеді, жерде секіреді, тамақтану барысында ол тілін бірнеше сантиметрге жібереді. Тілі сұйық кілегейімен жабылған, оған шыбын, масалар жабысады, | Педагог балаларға жұмбақ жасырады, сұрақтарға жауап беруді ұсынады.<br>1. Жүрген ізің байқалмаған,<br>Жүдеу қызым қайқаңдаған. (Инелік)<br>2. Төрт қанаты бар,<br>Инедей денесі бар,<br>Үлкен бақырайған көздері бар.<br>- Бұл не екенін кім табар? (Инелік)<br>- Неліктен инелік үлкен көзді және мұртшалары қысқа?<br>- Инелік қай жерде тұрады? Ол не аулайды?<br>- Ол не жейді? Инеліктің жауы бар ма?<br>- Инелік туралы қандай тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіңдер?<br>- Инелік төрт торлы қанатты, іші ұзын жіңішке. Инелік тез, ептілікпен және | алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар өз ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет.<br>Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, құстар мен жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын байқау маңызды. Үлкен топ балаларының назарын жәндіктерді ұстап, қарлығаштар қаншалықты жылдам ұшатындығына аудару. Қарлығаштардың ұясын көрсетіп, олардың ұяға, балапандарға тамақпен қаншалықты келетінін айту. Жазда құстар балапандарын | 0,3 мм-ден 155 мм-ге дейін. Екі жұп қанаттарының бір жұбы мүйізденіп, қанат жүйкелері жойылып, қатты элитра деп аталатын үстіңгі қатты қанатқа айналған. Ол, негізінен, қорғаныш қызметін атқарады. Қанатының екінші жұбы жарғақты, біріншісінен ұзындау, тыныштық қалыпта ұзынынан және көлденеңінен бүктеліп үстіңгі қанаттарының астына жиналып орналасады. Ұшар алдында үстіңгі қанаттары көтеріледе де, астынан екінші жұп жарғақты қанаттары жазылып шығады.<br>**Жұмбақ**<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады,<br>Мұны ойлап көріңіз<br>Шешімін кім табады? | бір жәндікпен танысамыз. Ол үшін сендер қолдарыңды созып, алақандарыңды тосып тұрсаңдар, ол жәндік сендердің алақандарыңа өзі қонады.<br>(Балалар көздерін жұмып, қолдарын созып тұрады, тәрбиеші олардың қолына кішкентай қанқызды қояды.)<br>- Балалар, көздеріңді ашыңдаршы, сендердің алақандарыңа қандай жәндік қонды. Сендер бұл жәндікті көрген жерлерің бар ма, қайдан көрдіңдер?<br>(Балалар көздерін ашқан кезде қанқызын көріп, таңғалады, қуанады, бір – біріне көрсетіп, қуаныштарын бөліседі.)<br>-Қанқызының артында қанша қара нүкте бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрттармен және шынжыр табандармен қоректенеді. Артқы аяқтары, алдыңғы аяқтарынан әлдеқайда ұзындау, сондықтан ол жүре алмайды, ол секіреді. Балаларға бақаның пайда әкелетінін атап өту: зиян келтіруші- шыбын-шіркейлерді жейді. Бақаның пайда әкелетінін, құрт құмырсқаларды жейтінін, өсімдік жапырақтарын және сабағын жейтінін атап өту керек.<br>**Мақал-мәтел**<br>Бақа батпағына<br>Балық көліне.<br>**Көркем сөз**<br>«Бақа» С. Оспанов<br>-Білесің бе, бақаны,<br>Бақа деп неге атады?<br>-Өйткені олар әрдайым,<br>«Бақ-бақ» десіп жатады. | жалтарып ұшады, ал оның руль тәрізді созылған денесі оған ұшуда қалаған бағытын сақтауға көмектеседі. Иненіктің үлкен көздері бар, олар оған жем іздеуге көмектеседі, ал мұртшалары қысқа, көрінбейді. Олар өз өмірінде үлкен рөл атқармайды. Инелік - жыртқыш жәндік. Ол шіркейлер, масалар, қоңыздармен қоректенеді, оларды табанды лаптар ұстайды. Күзде иненіктер құрғақ жапырақтардың астында жасырынып, немесе ескі шіріген ағаштардың қабығындағы тесігіне тығылып, көктемге дейін ұйықтайды.<br>**Дидактикалық ойын «Жұмбақтарға шешулер» «(құрт-құмырсқалар )** | жәндіктермен қоректендіреді, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектеседі.<br>**Дидактикалық ойын «Дауысынан таны»**<br>Мақсат-міндеттер: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту.<br>Тәрбиеші құстарды атайды, балалар дауысын салады.<br>**Еңбек: ауланы сыпыру.**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ | (Қоңыз)<br>**Көркем сөз**<br>Қоңыз, қоңыз, қоңызым,<br>Өрмелеген қоңызым.<br>Қыбыр – қыбыр жүріспен,<br>Қоңыздар қырға шығады.<br>Қоңыз шықты ағашқа,<br>Артында оның баласы.<br>Күн шапағын шашады,<br>Қоңыз үйге қайтады.<br>**Дидактикалық ойын «Сипаттама бойынша тап» -** тәрбиеші жәндіктерді сипаттайды, балалар болжайды.<br>Мақсат-міндеттер: суреттейтін әңгіме құруға, зейінді, келісімді сөйлеуді дамытуға, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға үйрету.<br>**Еңбек: емдік шөптердің тұқымын отырғызу.**<br>Мақсаты: тұқымдарды дұрыс себуді үйрету. | Қандай саңырауқұлақты қанқызымен салыстыруға болады?<br>- Қанқызы қандай? Ол қалай қозғалады?<br>- Қанқызы нені аулайды? Олар қайда тұрады?<br>- Қанқызының пайдасы қандай? Олар қыстақты қайда өткізеді?<br>- Қанқызы туралы қандай тақпақтар, жұмбақтар, әндер білесің?<br>- Неліктен қанқызын дәрігер Айболит деп атайды?( Қанқызы зиянды жәндіктерді жейді).<br>Қанқызының дөңес сопақ денесі, ашық қызыл немесе қызғылт сары түсті, қара нүктелермен безендірілген. Ол ептілікпен жорғалай алады, тіпті ұзақ қашықтыққа да ұшып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын: «Бақалар». (дене шынықтыру)**<br>Алаң бойынша алға секіре, төрттағандап қозғалуға үйрету, орыннан ұзындығына секіре білуге үйрету. Секірулерді табиғилық, жеңілдік және жаттығуларды орындауды дәлдік дегеніне жете жетілдіру.<br>**Еңбек:** құм салғыштан шашылған құмды учаскеден жинастыру.<br>Мақсат-міндеттер: учаскеде құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның | Мақсат-міндеттер: жұмбақтарды шешуге талаптандыру, шешуін табу кезінде белсенді болу.<br>**Еңбек: гүлдерді суару.**<br>Мақсат-міндеттер: қоршаған әлемге құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз | ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бірінші, екінші болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды.<br>"Қақпан" болып жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер құра жүріп, өлең айтады:<br>Қасқыр түссе қораға,<br>Ұстамас оны бола ма?<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>"Қасқыр қақпан" құрайық.<br>Берік қақпан сынбайды,<br>Қасқырларды ұстайды.<br>Қасқыр, қасқыр, келіп көр!<br>Қақпан, қақпан, берік бол!<br>Соңғы сөздерден кейін | **"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады. Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! | кете алады: оның кішкентай қанаттары бар, ал астында қатты қоңыр мөлдір астарлар бар. Құстар мұндай түске ие жәндіктердің жеуге болмайтынын біледі. Қанқызы-жыртқыш, ол ауылшаруашылығына өте зиянды басқа жәндіктерді жейді, сондықтан адамдарға үлкен пайда әкеледі.Қанқыз ағаш қабығының астында, қуысында, жерге түскен жапырақ арасында, т.б. жерлерде қыстайды. Қанқыз өсімдік бітесі, сымыр, бүрге-шіркей, жапырақ бүргесі, өрмекші, кене, т.б. ұсақ жәндіктерді жейді.<br>**Дидактикалық ойын «Сипаттама бойынша тап»**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту,ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет | қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог: "Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен қоректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - | қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді.<br>Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп керіп, жүгіріп жүреді.<br>Ойын басқарушының (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар" қолдарын тез түсіріп, отыра қояды.<br>"Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер сыртына ытқып шығып кету.<br>Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады.<br>Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады.<br>Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары бойынша, ойыншыларды | Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді.<br>"Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; | жәндіктерді сипаттама бойынша тану қабілетін бекіту немесе басқа жәндікті сипаттау.<br>**Қимылды ойын «Шалғындықта үш сайыс» (дене шынықтыру)**<br>Бастапқы стартта орынды сақтап, жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету; шыдамдылық және күштің әсер етуіне мүмкіндік туғызу.<br>**Еңбек: құм салғыштан шашылған құмды жинастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталану мүмкін.<br>**Дидактикалық ойындар «Кім бұл тап?»**<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгілері бойынша учаскеде қоректенетін , құрт құмырсқаларды, құстарды, өсімдіктерді бейнелеп айтуға үйрету; заттың белгісі мен әрекетін білдіретін сөз құрамын ұлғайту. | деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>**Қимылды ойын «Секіруге үлгер», «Батпақтағы бақа». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру, секіруді үйретуді жалғастыру. | "қақпа" және "қасқырлар" тобына келісіп таңдайды.<br>**Қимылды ойын: «Көңілді торғай» (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын мәтініне сәйкес қимылдарды қалай жасауға болатындығын үйрету. | екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.<br>**Қимылды ойын «Қоңыздар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шашырап жүгіруді, сигнал бойынша бағытты өзгертуді үйрету. | |
| **Серуеннен** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **оралу:12.35-12.50** | | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қолды жуу ережелерін бекіту, тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі.<br>**Көркем сөз**<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезіңде, Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **"Не қандай болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: заттардың түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуге үйрету; салыстыру, мүмкіндігінше осы анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау. | **"Менің сүйікті ертегім" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, | **"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не | **Аз қимылды ойын: "Бауырсақ".** Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде үйлестіру мен кеңістікте бағдарлауға жаттықтыру, ойын арқылы есту зейінін дамыту. | **Рөлдік ойын: "Қонақ күту".** Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю). Ойын материалы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жасыл түстің не екенін айтайық - қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ...<br>Кең - өзен, жол, таспа, көше ... т.с.с. ең көп сөзді атаған жеңімпаз болады, әр дұрыс айтылған сөз үшін бала жетон алады.<br><br>**"Экологтар" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру.<br>Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғауға қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы | жолдастыққа тәрбиелеу.<br>Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлерінің суреттері.<br>1) Ойын шарты: сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту.<br>2) Шарты: педагог балаларға қазақтың халық ертегілерінде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Мысалы: хан, уәзір, қарға, кірпі, т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ер - тегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойынды жалғастырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Аз қимылды ойын:** | құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br>**(таным іс-әрекеті)**<br><br>**Аз қимылды ойын: "Қозы".**<br>**Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін дамыту.**<br>Балалар екі топқа | Бұл ойынға арналған доп кез-келген мөлшерде болуы мүмкін. Ойыншылар өз орындарынан кете алмайды. Қатысушылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындықта тұрады. Шеңбердің ортасында жүргізуші орналасқан. Ойыншылар допты аяқтарымен бір-біріне береді, ал жүргізуші оны ұстап алуға тырысады. Олар допты тегіс айналдыра алады, ұрады, алдамшы қимылдар жасай алады. Сіз оны жай алып кете алмайсыз. Ал жүргізуші қалағанының бәрін істей алады; допты аяғыңызбен, қолыңызбен ұстаңыз, шеңберден шығарыңыз, тіпті сәл тигізіңіз.<br>Егер жүргізуші допты ұстап үлгерсе, ол доп | Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастархан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар, шай, пирогтар.<br>Ойын барысы. Педагог ойынды әр түрлі әдіспен жүргізе алады. Балалар өз тобында ойдан шығарылған жағдайда ойнай алады немесе басқа топтан қонақтар шақыра алады.<br>Осыдан кейін барлық ойын әрекеттері қонақтарды қабылдауға және оларға қамқорлық жасауға дайындық шеңберінде өрбиді.<br>Педагог балаларға қонақтар келгенге дейін иелері пәтерді жинап, оны гүлдермен безендіріп, дастарқан жайып, тұрмыстық техниканы дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көшбасшы таңдалады және қалған ойыншыларға теріс қарап тұрады. Қалған ойыншылар шеңберге тұрып, қол ұстасып тұрады. Осыдан кейін олар қолдарын үзбей, мүмкіндігінше шатасуға тырысады. Ойыншылар жеткілікті түрде шатасқан кезде, бұл туралы көшбасшыға хабарлайды. Көшбасшы шатасып қалған ойыншыларды ашуға тырысады. Алғашқы шешілген ойыншы келесі турда көшбасшы болады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**"Домалақ ақаш" қозғалмалы қазақ халық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда ептілікті дамыту, допты нысанаға | баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді**.**<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**"Мен бес атау білемін" аула ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, жаңғырту, сөйлеу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу; сөздік қорын байыту**.**<br>Екі ойыншы бір-біріне допты «Мен», «мен білемін», «бес», «есімдер», «ұлдар» сөздерімен лақтырады (қыздар, қалалардың | арқылы жалғыз ойнай аласыз. Ойнау үшін сізге серпімді әдеттегі зығыр мата қажет, ұзындығы шамамен екі метр. Ұштарын байлап қою керек.<br>«Аяқтарды алшақтатып» тұрған екі ойыншы тобық биіктігінде серпімді созады, үшіншісі секіреді. Ойында әртүрлі фигуралар қолданылады, олардың барлығы қайталануы керек. Қате жіберген адам өз орнын серпімді ұстаушымен ауыстырады.<br><br>**Ұлттық ойын: "Соқыр теке".**<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлай білуді, жалтарып жүгіре білуге дағдыландыру, достыққа тәрбиелеу. Балалар дөңгелене | ба?" —деп сұрайды. Егер сұрақ қойған жұптың біреуі "Көршіммен аразбын" десе, онда сұрақ қоюшы адам оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрған адам ортаға шығып басқа бір жұптан ілгерідегідей "Көршіңмен татусың ба?" деп сұрап, ойынды соза береді.<br>Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған серігін жібергісі келмеді онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды. Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгімеден, поэмадан үзінді айтып береді. Осылай етіп, ол көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл | Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. Бұл ойынның тағы бір нұсқасы бар. Тақияны өзінде екенін сезген бала тақияны тастаған жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына келіп отыруға тырысады. Егер бала жүргізушіні ұстай алмаса айыбын өтейді. Ал, қуып жетіп алса, ойынға жүргізуші сол бала болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәл тигізе білуді жетілдіру.<br>Алаңда кішкене шұңқыр қазылған. Оның қасында қолында таяғы (сойылын) ұстаған ойыншы, ал екіншісі допты таяқшамен (сойылмен) тесікке айдайды. Шұңқырдың "күзетшісі" оны шұңқырдан аулақ ұстауға тырысады. Ойын доп тесікке қарай домалағанша жалғасады. Осыдан кейін рөлдер өзгереді.<br>**(дене шынықтыру)** | аттары, жануарлар, гүлдер және т.б.). Сол уақытта допқа ие болған ойыншы қолайлы есімдерді айта бастайды: «Алижан», ал екінші ойыншы: «бір»; «Алібек» - «екі»; «Мансур» - «үш»; «Еламан» - «төрт»; «Мақсат» - «бес». Ал ойын қайта басталады**.** | тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар:<br>- Бота, бұзау, қозы, лақ<br>Қайда кеткен құлыншақ<br>Соқыртеке бақ-бақ<br>Мені ізден тап-тап<br>Деп тақпақтайды.<br>Содан кейін Соқыр теке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. | тапсырманы орындай алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп ойынды қайтадан бастайды. Сөйтіп, ойын осылайша созыла береді.<br><br>**"Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың күш-жігерін, шапшаңбығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу. Ойын далада, көгалды жерде (спорт залда) өтеді. Ойынға жас өспірім ер балалар қатынасады. Қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Әр топтың өз бастықтары тағайындалады. Олар ойынның дұрыс өтуін бақылайды. Ортаға екі топтан бір-бір ойыншы шақырылады. Олар бір- | **(дене шынықтыру)**<br><br>**"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық ойыны (жұптар айтысы).**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).<br>- Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық. Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек. Егер білмеген балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | біріне арқаларын беріп тұрысады да, бір-бірін қолдарының қырымен айқастыра ұстасады. Ойын жүргізушінің берген белгісімен олар бірін-бірі арқалап жерден көтеріп әкетуге тырысады. Олай істеу оп-оңай емес, ойын жүргізуші белгі бергенде, олар тізелерін бүгіп жартылай отырған қалыпқа түседі. Қайсысы көтеріп әкетсе, жеңіске сол жетеді. Көбірек жеңіске жеткен топ жеңімпаз атанады. Ойын қайталанып ойналады. Ойын жастардың күш-қуатын молайтады, айла-амал қолдана білуге, өз күшін тиімді пайдалануға үйретеді | болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады. **(** |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | **Үстел-үсті ойындары: «Көңілді күн».** Мақсат-міндеттер: | **Үстел-үсті ойындары «Конструктор-Лего».** Мақсат-міндеттер: үлгі | **«Бір сөзбен ата» ойыны** «Бір сөзбен ата» ойлаудың аналитикалық | **Қауіпсіздік ережелері туралы әңгімелесу.** Баланың сөйлеу | **«Ертегі құрастыр» дидактикалық ойыны** Тақырыптық суреттерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың тәулік уақыты туралы білімдерін кеңейту. **(таным іс-әрекеті)**<br><br>**Ертегі тыңдау немесе көру.** Жеке жұмыс: сөйлеуді дамыту үшін көргендерінен алған әсерлерін жеткізуге үйрету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекеті)** | бойынша құрылымдар құру қабілетін дамыту **(таным іс-әрекеті)**<br><br>**«Дыбысынан таны» жеке жұмысы** - балалардың есту қабілетін дамыту **(музыка)**<br><br>**Аз қимылды ойын «Сиқырлы таяқ».** Мақсат-міндеттер: бір-бірімен достық қарым-қатынасты дамыту. **(дене шынықтыру)** | функцияларын дамыту, балалардың сөздік қорын дамыту, жалпылау арқылы сөздік қорын сөздермен толықтыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | қабілетін дамыту. «Бағдаршам туралы»<br>1. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)<br>2. Бір көзім "кідір" дейді Бір көзім "жүгір" дейді Бір көзім "абайла" дейді. "Қарап ал маңайға" дейді. (Бағдаршам)<br>3. Оңға да бұрады, Солға да бұрады. Тәртіп сақтап әрқашан, Жолды нұсқап тұрады, (Бағдаршам)**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | қолдана отырып, келісімді сөйлеуді дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | 1. Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді кию алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | Кейбір ата-аналар балаларына терезе талдында ойнауға рұқсат береді. Олар терезенің сыртындағы әлем балаға тартымды, оның алуан түрлілігімен қызықты деп санайды және бұл қалай болса да оны біраз уақытқа алдандырады, ата-ананы баламен тікелей қарым-қатынастан босатады. Бұл мүмкін емес! Бала терезе ойыны ойын-сауық орны емес екенін білуі және түсінуі керек. | | | | |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.08. - 16.08.2024ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.08.2024ж | 13.08.2024ж | 14.08.2024ж | 15.08.2024ж | 16.08.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгі-мелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы** | **Еңбек: аумақты тазарту.** Мақсат-міндеттер: ақсақалдарға көмектесуге деген ұмтылысты дамыту. Кезекшілік: табиғат | **Еңбек: балаларды гүлзарды жинауға тарту.** Мақсат-міндеттер: гүл бақшасындағы еңбекпен таныстырып, еңбекке жауапкершілікпен | **Еңбек: гүл бақшасын арамшөптен тазарту.** Мақсат-міндеттер: өз жұмысының нәтижесін көруге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. | **Еңбек: учаседегі ұжымдық еңбек.** Мақсат-міндеттер: ортақ іске қатысу, істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру. Кезекшілік: табиғат | **Еңбек: егілген өсімдіктерге күтім жасау (суару, қопсыту, арамшөптерден тазарту).** Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді күтуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер):8.10-8.20** | бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | деген құштарлықты тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Не жедім, тауып ал" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: анализатор арқылы затты табу.<br>Ойын әрекеті. Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.<br>Шарты. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.<br>Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көгөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br><br>**"Фигура жаса" қимыл-қозғалым ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру.<br>Ойын ережелері. Балалар барлық ойын алаңында жүгіреді. Сигнал | **Ойын «Не ұшады?»**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту.<br>Ойын ережелері. Тәрбиеші балалармен шеңберге тұрады. Тәрбиеші ұшатын және ұшпайтын тірі және жансыз заттарды атайды. Зат атағанда тәрбиеші қолын жоғары көтереді. Мысалы, тәрбиеші: «қарға ұшады, үстел ұшады, ұшақ ұшады» және т.с.с. Балалар «ұшатын» зат болса, | **Қимылды ойын «Тап және үндеме»**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда сигнал бойынша әрекет ету, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын ережелері. Педагог ойынды бастайды. Ол балаларға ойыншық көрсетеді, балалар оны есінде сақтайды.<br>Педагог барлығын қабырғаға қарап отыруға шақырады, ол ойыншықты тез | **Дидактикалық ойын "Менің ғажайып бұлтым"**<br>Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).<br>Ойын барысы: балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тынышталып, көздерін жұмады.<br>Тапсырма. Шабындықта демалып отырғандарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.<br>Ойын барысы.Тәрбиеші көгөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті,** | берілген кезде олар тез орнында тұрып, қандай-да бір қалыпқа келу: шалқайып отыру, қолдарын көтеру аяқтарын көтеру т.б.<br>Тәрбиеші кімнің фигурасы қызықты екенін атап өтеді.<br>Жыл соңына қарай ойын күрделене түседі, оған топтық фигуралар енгізіледі - жұппен, үш. Сонымен қатар, балаларға белгілі бір позициядағы фигураны ұсынуға кеңес беріледі: тек тұру, төрт аяғымен тұру, отыру т.б..<br>**(дене шынықтыру)** | қолдарын көтереді, «ұшпайтын» болса қолдарын төмгн түсіріп тұрады.<br>Жүргізуші рөліне балалар да тағайындалады. Ойын алдымен баяу қарқын, содан кейін жылдам ойнатылады<br>**"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, | жасырады және балаларға ойыншықты кім бірінші болып тапса, дауыстап айтпау керектігін, үнсіз саусақпен көрсету керектігін ескертеді.<br>«Іздейміз!» командасы бойынша балалар орнынан тұрып, іздейді. Кім тапса, алдымен тәрбиешіге келіп, қалғандары естімеуі үшін ақырын айтады.<br>Ойын балалардың көпшілігі ойыншық тапқанша дейін жалғасады. Ойыншықты бірінші болып тапқан ең мұқият және тапқыр ойыншы атап өтілді. Ойын 2 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады.<br><br>**Қимылды ойын "Үкі"**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша әрекет етуге тәрбиелеу<br>Ойын барысы:<br>Ойын барысы. Барлық ойншылар құстар, бір бала - үкі.<br>«Күн» белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды. «Түн» деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. | | қарап, оларды ұясына апарады. Содан кейін қайтадан «күн» белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде<br>1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде<br>1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау<br>1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 -<br>солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде<br>1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;<br>3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстау, тамақтану кезінде сөйлемеу, басқа балалардың мазасын алмау.<br>**Көркем сөз**<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ.<br>(І.Жансүгіров))<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Өзіңіздің сыртқы келбетіңізді қадағалап, жолдастарыңыздың сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдырыңыз. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіріңіз.<br>**Көркем сөз**<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар .<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және | **Дидактикалық ойын: "Жыл мезгілдері".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы | **Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала".**<br>Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл- | **Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттер: нәтижелі ойлау және | **"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойы мен пікірімен бөлісуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | қозғалысты қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | әрекет етуге дағдыландыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | машықтандыру; сыни ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Көңіліміз тамаша!" Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсу; балаларда бір аяқтан екінші аяққа алға айналдыра отырып және қос аяқтап ыршып секіру дағдыларын дамыту; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** Төкен Айдарханов "Жанашыр" Мақсат-міндеттер: Балаларды шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету; кейіпкерлерге және олардың іс- әрекеттеріне өз ойын айта білу; өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын дамыту; өзгеге жанашырлық танытып, | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Ақтөстің Сандар әлеміне саяхаты" Мақсат-міндеттер: Сандарды заттар санымен байланыстыру қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. 10 саны туралы түсініктерін қалыптастыру.Басқа сандар арасында санды табу дағдысын қалыптастыру. Алға және артқа қарай 10-ға дейінгі санау қабілетін | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Үй жануарлары" Мақсат-міндеттер: Балалардың үй жануарлары туралы ойларын жүйелеу, балаларды үй жануарлары мен олардың балаларымен таныстыруды жалғастыру: жануарлардың әдеттері, тамақтану ерекшеліктері, өмір сүру жағдайлары, адамдарға пайдасы; танымдық белсенділікті, | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Аквариумдағы балықтар" Мақсат-міндеттер: Табиғи материалдан балықтың бейнесін жасауға үйрету; шығармашылықты және ұқыптылықты дамыту, ұжымда достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру. | қамқор болуға, адамгершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>""Торғай" әні"<br>Мақсат-міндеттер: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | дамыту. Өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру.<br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"«Менің сүйікті күшігім» (губкамен бояу)"<br>Мақсат-міндеттер: Үлпілдек жануарларды (күшік) дәстүрден тыс «губкамен бояу» техникасымен сурет салуды үйрету; балаларды күшіктің бейнесін өз бетімен қағаз бетінде орналастыра бере білуге, оның сыртқы кейпінің негізгі ерекшеліктерін бере білу біліктіліктерін қалыптастыру; гуашьпен дәстүрден тыс техникамен сурет салуды жетілдіру; қиялдарын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | талдау қабілетін, байланыстырып сөйлеуді дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті, жанашырлық, көмек көрсету қабілеттерін дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық: 10.55-11.10** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Торғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>Бақылау барысы<br>**Көркем сөз**<br>Қалатындай қиқылдап,<br>Әдетіңді білемін,<br>«Шиық, шиық» еттің<br>шиқылдап<br>Дайын асқа ортақсың<br>Шашып берген жемімді<br>Торғай, торғай<br>торғайым, | **Жаяу адамдарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол | **Гүл егілген алаңқайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Кешкілік пе, күндіз бе,<br>Үзіп алсаң сен бір гүл, | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: ауа райының бақылай білуге, күннің бұлттануына қарап жаңбыр жаууы мүмкін екендігін болжауға үйрету.<br>Бақылау барысы<br>**Көркем сөз**<br>«Найзағайлы нөсер» Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада көлкіп қақ қалды.<br>Нақыштап жатыр сәулемен,<br>Найзағай экран аспанды.<br>Нұрлана түсті жасыл бақ,<br>Нәрлене түсті атырап. | **Орманға саяхат (ата-аналармен бірлесе отырып арнайы ұйымдастырылады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың орман туралы білімдерін тиянақтау. Ормандағы өсетін ағаштар мен құстар, жәндіктер туралы білімдерін молайту. Орманға барып, балалардың көңілін көтеріп, оларға қуаныш сыйлау. Бақылау барысы<br>Орманның ең басты байлығы – ағаштар. Олар көптеген жануарлар түрлерін тамақпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жейсің сонша қиқымдап,<br>Сені әркез қорғаймын<br>Қорқақсың-ау, қорқақсың,<br>Қыстың қамын жаз ойлап,<br>Еңбек десе шорқақсың.<br>Бәріне де бол дайын!<br>Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.<br>- Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.)<br>- Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>- Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)<br>- Ал басының түсі | жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!<br>Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.<br>-Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)<br>Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.<br>-Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?<br>- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және | Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Үзіп алсам мен бір гүл,<br>Туған жерді далаға, Не қалады сиқынан,<br>Тастағалы жүрміз бе?<br>Қызыл-жасыл жердің бұл<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма.<br>Бірде – бірін жұлғызба,<br>Қасыңдағы балаға.<br>Гүл біздің өмірімізге қуаныш сыйлайтын әдемілік әлемі. Қатар-құрбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз. Мерекелерде аналарымызды қуанту үшін гүл ұсынамыз. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз. Үйде, аулада гүл өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін күтіп, баптау | Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>Балаларға сұрақтар<br>- Жаңбыр неден пайда болады?<br>- Жаңбыр жауарда бұлт қандай болады?<br>- Жаңбыр неге керек?<br>- Қандай жаңбыр түрлері естеріңде бар? (ақ жаңбыр, сылбыр жаңбыр, нөсер жаңбыр, найзағайлы жаңбыр)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ауа-райын бақылау. Аспандағы бұлтқа назар аудару. Жаңбыр болуы мүмкін бе? Болса қандай болуы мүмкін?<br>**Халық болжамы**<br>- Жаз жаңбырлы болса - қыста қар мол болады, әрі аязды болалы.<br>- Жаңбыр болар алдында карлығаштар төмен ұшып жүреді. | қоректендіреді, баспана болады. Ормандар ондағы өсетін ағаштардың басымдылығына қарай: қайыңды орман, еменді орман, шыршалы орман, қарағайлы орман болып бөлінеді.<br>Ормандағы биік ағаштар, гүл жарған гүлдер, әртүрлі құстардың бірі ұшса, басқалары тоғайды әнге толтырады.<br>Көркемсөз<br>«Орман байлығы»<br>Үйеңкі, қайың, қарағаш,<br>Қаулап өскен ағаштар,<br>Самырсын, емен, қарағай.<br>Жеміс, жидек сайда да.<br>Өседі бәрі аралас,<br>Хош иіске елітіп,<br>Бақшада өскен баладай.<br>Тынып қалған айнала.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>- Айналадағы ағаштарды қарау, қандай ағаштар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай? (Сұр)<br>- Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.)<br>- Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)<br>- Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады.<br>- Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.)<br>Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға | жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br>**Еңбек: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау, түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Бағдаршам». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту, ептіліктерін дамыту.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң | кезінде өзіміз қандай керемет әсерде боламыз десеңші!<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балалармен гүл егілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін қарау. Дәннен кішкентай ғана жапырақ, одан өскін, одан гүл өсіп шығатынын түсіндеру. Әр гүлдің жапырақтары мен сабақтары арасындағы айырмашылықты қарау.<br>**Еңбек:** балалармен гүл егілген алаңға сусепкішпен су себу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбексүйгіштікке баулу, жас гүлдерді суды себу арқылы суғаратынын көрсету.<br>**Қимылды ойын «Ақ серек-көк серек» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | - Қарлығаш жер бауырлап ұшса, жаңбыр болады.<br>**Еңбек: құмсалғыш айналасына шашылған құмдарды, алаңға алып шыққан құралдар мен ойыншықтарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: жинақылыққа, тазалыққа баулу. Өздеріне қажетті заттарға мұқият болуға тәрбиелеу.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы | өсіп тұрғанын ажырату, аттарын айту.<br>- Олардың жапырақтарына назар аудару, салыстыру.<br>- Айналадан құстарды бақылау, қандай құс екенін табу.<br>- Айналадан жәндіктерді бақылау, құмырсқа илеуін табу, бақылау.<br>**Еңбек: балалар тоқтаған алаңқайдағы ағаш сынықтарын, бұталарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттер: орманға, ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу<br>**"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек) Жазда, күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдік-тердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)<br>**Еңбек: ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, | болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына | бірлесе ойнауға,ойын шартын сақтауға баулу.<br>**Жаттығу ойындары «Волейбол ойыны»**<br>Мақсат-міндеттер: бір-біріне доп беру, кері лақтыру.<br>Болжам: гүлдердің иісі одан сайын аңқып шықса, жауын жауады. | таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол | жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі.<br>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады. Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді. "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып | тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. | | түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Ұшты - ұшты" ойыны. (дене шынықтыру)** | Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br>**Қимылды ойын «Аталған ағашқа кім бұрын жетеді?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдыққа, ептілікке баулу. Ағаш аттарын есте сақтауларын, айналаны бағдарлай білу дағдыларын дамыту.<br>**Жеке жұмыс**<br>**Балалармен табиғат, жыл мезгілі, құстар т.б. жайлы өлеңдер оқу.**<br>**Қызықты ойындар ойнау.**<br>**Мақал-мәтел**<br>-Қалың ну-халық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.<br>**Қимылды ойын «Құстардың ұшуы». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.<br>**Жаттығу ойындары** | | | Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуді жетілдіру.<br>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды. | саулығы!<br>Көк орман-Отан байлығы!<br>-Ер - елдің көркі, орман, тоғай - жердің көркі.<br>-Бір ағаштан жасалады мың шырпы, мың ағашты өртеп кетер бір шырпы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Жалауды құлатпа»**<br>Мақсат-міндеттер:<br>заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру | | | | |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>**(мәдени-гигиеналық** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстау, тамақтану кезінде сөйлемеу, басқа балалардың мазасын алмау.<br>**Көркем сөз**<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Өзіңіздің сыртқы келбетіңізді қадағалап, жолдастарыңыздың сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдырыңыз. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіріңіз.<br>**Көркем сөз**<br>Микробтар қаскүнем, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылар)** | **дағдылар)** | Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ.<br>(І.Жансүгіров))<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар .<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары: 15.20-15.50** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).<br>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер):16.10-16.40 | **"Кім тез жинайды" дидактикалық ойыны.**<br>Ойын мақсат-міндеттер: көгөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын шарты. Тәрбиеші балаларға ойын шартын | **"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, «Жер» деген | **"Тез жауап бер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру.<br>Ойын шарты: Балалар шеңберде тұрады, допты кім қағып алады сол бала заттың аты мен түсін айтып допты келесі | **"Дыбыстар қайда орналасқан" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>Ойын шарты. Үш сандықша жасалынады.Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші | **Қимылды ойын: "Қасқыр қақпан."**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережесі бойынша әділ ойнуға дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойнаушылар ойын болатын жерге жиылады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп тұрады.Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады. Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**"Итеріспек" қимылды қазақ халық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалу, бір аяғынан секіру, жылдамдық, ептілік қабілеттерін дамыту. | кезде - жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде - суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде - ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын: "Орамал".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын шарты. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында | балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл, «ағаш»- отырғыш, «тас»- үй, «темір»- қасық т. б. Ойынды үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі,үш сөзбен жауап беруге болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>**Қимылды ойын «Қойлар мен қасқыр».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай бірлесіп ойнауға, бірлікке, достыққа тәрбиелеу. Ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Ойынға қажетті құралдар: ағаш ат немесе резеңке ат, қамшы.<br>Ойын шарты. Қойшы қойларды өрісте бағып | дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс аяғында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын: "Шырмауық".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойын шартын түсіндіру. Ойынды аяғына дейін тиянақты ойнауға үйрету.<br>Ойын шарты. Санамақ арқылы балалардың ішінен бір бала алынады. Ол бала шырмауықты шешкіш. Ал басқалары шеңбер бойымен тұрады да бір - бірінің қолдарын жібермей, қолдарының астынан олай - бұлай | да, екі топқа бөлінеді. Үлкен тобы —«Қақпан», кіші тобы — «Қасқырлар». Ойынға басқарушы тағайындалады. Басқарушы ойнаушылардың арасынан дауығы ашық, тақпақты жақсы білетін біреуіне бастауды міндеттейді, қалғандары оған қосылады.<br>Қасқыр түссе қақпанға,<br>Ұстамасқа бола ма.<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Қасқырқақпан құрайық.<br>Біздің қақпан болаттай.<br>Қасқырды тұр жолатпай,<br>Қасқыр, қасқыр, келіп көр,<br>Қақпан, қақпан берік бол.<br>Ойынға қатынасушылар әбден бір-бірімен қол ұстасып, дөңгеленіп, шеңбер құрып тұрып болғанша: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үлкен шеңбер сызылған. Бір аяғымен секіріп тұрған балалар бір-бірін шеңберден шығарады. Екінші аяғын жерге тигізсе жеңіліс болып саналады.<br>**(дене шынықтыру)** | орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** | жүреді, ал қойлар алаңсыз жайылып жүреді. Кенет аш қасқыр жақындап келіп қалады. Қасқырды байқап қалған қойшы: қойларым, қашыңдар, аш қасқыр! келіп қалды дегенде қойлар аш қасқырдан қашулары керек. Ал қойшы қойларын аман алып қалу үшін, атымен шауып, қолына қамшысын алып қасқырды қуады. Қасқырды қойшы соғып алса, қойшы қасқырға ән, бй билетеді. Ал қасқыр қойларды ұстап алса ұсталған қой ойыннан шығарылады.<br>**(дене шынықтыру)** | өтіп шырмала бастайды. Сөйтіп балалар шырмалып біттік дегенде, шырмауықты шешуші келіп шырмалған балаларды шешуі керек. Шеше алмаса айыбын өтейді. сөзді сандықшаларға салады.<br>**(дене шынықтыру)** | Кәне, кәне, тұрайық, Қасқырқақпан құрайық<br>— деген өлең жолдарын қайталап айта береді. Сонан соң өлеңнің соңғы шумағы:<br>Кәне, қақпан, берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!<br>— деген жолдарды айтып болысымен, «қақпан» болып тұрғандар бір-бірінің ұстаған қолдарын жоғары көтереді. Ал «қасқыр» тобындағылар арғы беттегі «қораға» көтерілген қолдардың астымен жүгіріп өтіп кетуге тырысады. Қасқырлар осылай өтіп жатқан кезде бастаушының «а-ап!» деген белгісімен көтерілген қолдар төмен түсіріледі. Ойнаушылар жүрелерінен отыра қалады. Сөйтіп «қақпан» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жабылады. Іште қалғантдар «қақпан» тобына қосылады да, «қасқырлар» азая береді. Ойын қайталанып жалғаса береді. Ойынға қатынасушылар кезектесіп орын ауыстырып отырады. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс:16.40-17.00** | Балалардың кейбір маңызды мінез-құлық ережелері туралы, оларды сақтау қажеттілігі туралы білімдерін жетілдіру; мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінде сәйкес сөздерді және сөйлеу кезектерін белсендіру. | «Көңіл-күй кубы» дидактикалық ойыны. Біз сүйек тастаймыз, тасталған эмоцияны атаймыз, оны бейнелейміз. Біз шеңберге тұрамыз. Барлығы бірге: «Мен әрқашан бәріне жақсылық жасауға дайынмын. Осындай әрекетті жасай отырып, мен «иә, иә, иә» деймін | «Сыпайы сөздер» дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, бәріне құрметпен қарауды, бір-біріне, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Барысы. Педагог балаларға әртүрлі тақырыптағы суреттерді көрсетіп, сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. | **Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы. Мақсаты: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар.** | Заттармен ойын «Қонақ қай елден?» Мақсаты: балалардың басқа елдің тұрғындары туралы білімдерін олардың түсініктерінде бекіту; басқа ұлт өкілдеріне деген қызығушылықты, оларды құрметтеуді, олардың өмірі туралы білуге қызығушылықты, сыпайылықты тәрбиелеу. Ойын ережелері. Басқа ұлт өкілінің имиджге сәйкес келетін ұлттық киімін таңдау; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұлттық киімді қуыршаққа кигізу; ұлттық киімді дұрыс және тез киінген жеңеді. |
| **Серуенге дайындық 17.00-17.20** | 1. Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді кию алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. | | | | |
| **Серуен:17.20-18.00** | Түскі бақылауды жалғастыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес):18.00-18.30 | Балаға көшедегі және үйдегі қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отырыңыз:<br>1. Өз үйіңнен, аулаңнан алыс кетпе.<br>2. Көшеде бейтаныс адамдардан ештеңе алма. Бірден шетте тұр.<br>3. Қараңғы түскенше жүрме.<br>4. Таныс емес жасөспірімдердің ортасында жүрме.<br>5. Адамдар тұрмайтын жерлерден, жыралардан, бос жерлерден, қараусыз қалған үйлерден, сарайлардан, шатырлардан, жертөлелерден аулақ бол.<br>6. Бейтаныс адаммен кіреберіске кірме. Осы жерде айта кететін бір жайт, кейде қылмысты таныс адамдар жасайды (мысалы, кейбір көрші, аққөңіл, күлімсіреген және тыныш Ваня ағай маньяк болып шығуы мүмкін).<br>7. Білмейтін адамдарға есік ашпа.<br>8. Басқа біреудің көлігіне отырма.<br>9. Бейтаныс адамдардың барлық ұсыныстарына жауап бер: «Жоқ!» оларды адамдар бар жерге дереу қалдыр.<br>10. Көшеде, көлікте, кіре берісте адамдарды көмекке шақырудан тартынба.<br>11. Қауіпті сәтте, олар сізді ұстап алмақ болған кезде күш қолдан, айқайла, қаш! | | | | |

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.Абдиева

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | «Айару» бөбекжай-балабақшасы | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды даярлық тобы** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Балдәурен» тобы | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жасар балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Тлевкабулова Меруерт | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.08. - 23.08.2024ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.08.2024ж | 20.08.2024ж | 21.08.202ж | 22.08.2024ж | 23.08.2024ж |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау:8.00-8.10** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:8.00-8.10** | Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы** | **Еңбек: алаңды тазарту.** Мақсат-міндеттер: тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу | **Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту, қажет болған жағдайда суару.** Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, оларға қамқорлық | **Еңбек: ағаштардың топырағын қопсыту.** Мақсат-міндеттер: ағаштарды күтуге дағдыландыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. | **Еңбек:ағаштардың топырағын қопсыту.** Мақсат-міндеттер: ересектермен бірлескен жұмыстың нәтижесін көруге баулу. Кезекшілік: табиғат | **Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту, қажет болған жағдайда суару.** Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім, қамқорлық жасай білуге; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер):8.10-8.20** | құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | жасауға бейімдеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Дидактикалық ойын «Табиғат және адам».**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.<br>Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай | **Дидактикалық ойын «Үш затты ата».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтастыруға үйрету.<br>Ойын барысы. Бір нысанда қандай заттарды атауға болады: гүлдер, құстар және т.б..<br>«Гүлдер!» - дейді тәрбиеші және кішкене кідірістен кейін допты балаға лақтырады.Ол жауап береді: «Түймедақ, раушан, жүгері гүлі».<br>**(қарым-қатынас іс-** | **Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап».**<br>Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-** | **Дидактикалық ойын «Мен кіммін?»**<br>Мақсат-міндеттер: аталған өсімдікті көрсету.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші тез саусағын өсімдікке бағыттайды. Өсімдікті және оның пішінін (ағаш, бұта, шөпті өсімдік) бірінші болып атаған адам ұпай алады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын «Өсімдікті ата ...»**<br>Мақсаты: балаларда фонематикалық естуді, жылдам ойлауды дамыту.<br>«Атауларында» «А», «К» дыбысы бар өсімдіктерді, гүлдерді ата….<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын «Доп кімге бұйырса»**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, ептілікті, сигналға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын «Алмұртты қақ»**<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдік сақтау, допты лақтыру дағдысы. Ойынға қатысушылар 2 топқа бөлінеді. Біріншісі | **әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. | **әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын «Аш қасқыр» (қазақтың ұлттық ойыны)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жүгіру дағдыларын жетілдіру. «Аш қасқыр» — кең жазықта ойналатын халықтың ең көне ойындарының бірі. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Алдымен ойынға жиылған жастар орталарынан біреуін «аш қасқыр» деп белгілейді. Сонан соң алаңның бір шетінен шеңбер сызып, оны қасқырдың апаны деп атайды. Осының бәрін орындап болған соң, ойыншылар өздеріне басқарушы етіп бір ойыншыны | **Қимылды ойын «Допты ұста»**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Ойын барысы. Бұл ойынды үш адам ойнайды.. Екі ойыншы бір-біріне қарама-қарсы 3-4 м қашықтықта орналасқан допты өз араларына лақтырады.. Үшіншісі олардың арасында тұрып, допты ұстап алуға немесе ең болмағанда қолын допқа тигізуге тырысады. Егер бұл сәтті болса, ол допты лақтырған адаммен ауысады. Тәрбиеші лақтырар алдында балаларды доппен қимыл жасауға шақырады: допты жоғары лақтыр,төмен түсіру, оны ұстап алу т.б.). | жылдам жауап беруді дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар ойын алаңында жүреді немесе жүгіреді. Тәрбиеші қолына допты алып, біреуінің атын атайды және допты жоғары лақтырады. Аты аталған бала допты ұстап алып, балалардың біреуінің атын атап, допты қайта лақтыруы керек. Допты тым жоғары емес, аты аталған баланың бағытымен лақтыру керек.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - «алмұрт», балалар орындықта тұрады, Екінші топтың ойыншылары «лақтырушылар», әрқайсысы бір-бір доп алады және орындықтан 5м қашықтықта сапқа тұрады. Белгі бойынша «Лақтырушылар» кезек-кезек допты лақтырып, «алмұртты» құлатуға тырысады. Ойын 5 рет ойналады, құлаған барлық алмұрт саны есептеледі. Алмұртты көп қаққан топ жеңеді. **(дене шынықтыру)** | Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(таным іс-әрекет)**<br><br>**Еркін ойын «Күн мен түн»**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі топ та жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына | тағайындайды. Қалған ойыншылар басқарушының артынан тізіліп тұрады да бірінің белдігінен бірі ұстасады. Ойын басталады. «Аш қасқыр» шабуылға шығады. Ойын басқарушы екі қолын жайып, оның қарсы алдынан шығып, кес-кестеп, бөгет жасайды. «Қасқыр» қайтсе де «қойларды» ұстауға тырысады. Егер бұл «аң қасқырдың» қолынан келсе, ұстаған «қойларды» өзінің апанына «апарады», олар сол «апанда» ойын біткенше қала береді. Ойын соңғы ойыншыға дейін ойнала береді де, қайта басталады. **(дене шынықтыру)** | **(дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған топ жеңіске жетеді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | |
| **Таңертенгі жаттығу:8.20-8.35** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде<br>1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;<br>3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тік тұрып, қолды белге қою;<br>1 - алға еңкею, қолдарды екі аяқтың ұшына тигізу;<br>2 - бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас:8.35-9.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Пышақпен нанға май жағу қабілетін нығайту.<br>**Көркем сөз** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, балалардың | **Гигиеналық дағдылар**<br>Майлықты қолдануды үйрену, нанды қопсытпау, орындықты | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | мәдени-гигиеналық дағдыларды жүйелі түрде жүзеге асыруға деген қызығушылығын сақтау, тазалық әдеттерін қалыптастыру, жеке бас гигиенасына деген оң көзқарасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көгөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Ірімшікті кеміріп,<br>Тышқан отыр керіліп.<br>Мысық сүтті ішіп -ап,<br>Бет жұмайды ерініп.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:9.00-9.15** | **Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз"** | **Дидактикалық ойын: "Жыл мезгілдері".**<br>Мақсат-міндеттер: | **Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала".** | **Жаңылтпаштарды қайталау.**<br>Мақсат-міндеттер: | **"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | балаларды өз ойы мен пікірімен бөлісуге машықтандыру; сыни ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:9.15-10.55** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Гүлдей жайқалайық, өсейік" Мақсат-міндеттер: Балаларды доптан аттап бір жанымен жүру; жылдамдыққа, кегльдер арасымен жүре отырып, жүрумен алмастыра отырып 100-120 м қашықтыққа жүгіру; 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң қолмен лақтыру | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "С. Оспанов "Күн" (оқу)" Мақсат-міндеттер: Балаларға "Күн"туралы өлеңді оқып, мазмұнының түсіндіру; көктем және жаз айларында күннің шуағы мол түсетінін айту; өлеңді мұқият тыңдап, жаттқа айтуға үйрету; байланыстыра сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын молайту; алғырлыққа, байқампаздыққа | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Ғажайып гүлдер" Мақсат-міндеттер: Гүлдер туралы білімдерін кеңейту, оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыру, сөздік қорын молайту, тілдің белсенділік қызметін арттыру. қоршаған ортаны, табиғатты сүйіп аялай білуге тәрбиелеу. | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Гөзел Құлжабаева «Гүлдер таласы» ертегісі." Мақсат-міндеттер: Балалардың гүлдер туралы білімдерін кеңейту, бақша гүлдерін жабайы, орман гүлдерінен ажырата білуге үйрету ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** ""Құмырадағы гүл" тақырыптық пластилинография." Мақсат-міндеттер: Құмырадағы гүл көркем бейнесін ермексазбен бейнелеу техникасын қолдануды үйренуді бекіту; тегістеу, ермексаздардың түстерін араластырып, тегіс беткейге (қатты қағазға) жағу тәсілдерін бекіту; кескішпен жұмыс істеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын дамыту; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру; жұптасып тұрып шайбаны бір-біріне сырғанату іскерліктерін жетілдіру. | тәрбиелеу.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Ай сәулем"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Өнер Ханшайымына" арналған натюрморт<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың пуантилиз техникасымен таныстыруды жалғастыру; түстерді қабылдау дағдыларын қалыптастыру; ұсақ қол моторикасын жақсарту, қол бұлшықеттерін нығайту; есте сақтау қабілеттерін жаттықтыру, зейіндерін тұрақтандыру; өз ойлары мен сезімдерін жеткізе білу біліктіліктерін, қиялдарын дамыту; эстетикалық талғамдарын, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау қабілетін, ұсақ қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін дамыту; ертегіні оқыта отырып балаларды достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; табиғатқа, гүлдерге сүйіспеншілікпен қарауға оларды қамқорлауға тәрбиелеу. | үйренуді бекіту (жапырақтың сызықтарын салу); қатты қағаздың бетіндегі вазаға бейненің сыртына шығармай гүлдер композициясын жинауды үйретуді жақсарту; ермексазды мұқият пайдалануға, материалды үнемедеуге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық:** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **10.55-11.10** | | | | | |
| **Серуен:11.10-12.35** | **Ауладағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді сипаттауға, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды атап өтуге үйрету; тірі және жансыз табиғат арасындағы байланысты көруге үйрету; пейзаждың сұлулығына тамсану қабілетін дамыту.<br>- Күннің жылып, созылуына байланысты өсімдіктерде қандай өзгерістер болды? (Аула жасылданып, әдемі болды, барлық жерде жасыл шөптер бар, қайың мен терек | **Теректің қыл-қыбырларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: ағаштар туралы білімдерін бекіту; әр түрлі ағаш түрлерін ажырата білуге үйрету; өсімдік тіршілігіне қызығушылықты арттыру.<br>Ақ үлпектерден тұратын ағаштарға назар аударыңыз. Бұл қандай өсімдік? Ақ мақта мата сияқты, бұтақтардан іліп, ауада ұшып, жерде жатады - бұл теректің үлпектері. Көктемнің аяғы мен жаздың басында бұтақтардан ұшып, үлпілдек ауадан зиянды заттарды | **Табиғат әсемдігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: балабақша айналасындағы ең көрікті жерді таңдап, бақылау жасау.<br>Табиғаттың сұлу көркіне балалардың қызығушылық сезімдерін арттыру.<br>Табиғат байлығын қорғауға тәрбиелеу.<br>Әр жыл мезгіліне қарай табиғаттың өз сұлулығы, әсемдігі болатынын айтып түсіндіру.<br>Бағыттаушы сұрақтар қою арқылы «Тірі және өлі»табиғаттың өзара байланысын түсінулеріне көмектеседі. | **Гүлдерді бақылау(сарыгүл, космея, жолбарыстық лалагүл). (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мәдениетті өсетіндермен жабайы өсетіндерді салыстыру<br>Бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту. Гүлдің құрамы неден тұратынын түсіндіру: сабағы, түбірі, жапырағы, гүлденуі; гүлдер қалай көбейеді.<br>Жаз басында гүлдер сары болады, содан соң ақ, жаздың аяғында ақшыл көк, қызыл болады; тәңертең гүл түбірі ашылады, кешке жабылады; түстердің | **Наркесгүлді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктермен танысуды жалғастыру.<br>- Бұл гүлдер қалай аталады?<br>- Бұл гүлдер кішкентай, тостағаншасы және 5 біріктірілген жапырақшалардан тұратын королла, бүршіктері қызғылт, ал ашылмаған гүлдері сары орталы ашық көк, олар ылғал мен жарықты жақсы көреді.<br>Нәркес - ерте көктемде гүлдейтін шөптесін, пиязшық өсімдіктердің бірі. Қазақстанда нәркестің көбіне сары, ақ түстері кездеседі. Нәркес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гүлдейді).<br>-Өсімдіктердің сыртқы түрі қалай өзгерді? (Жаңа бұтақтар, жапырақтар, гүл бүршіктері пайда болды, бұл әсіресе шөптесін өсімдіктерде айқын көрінеді).<br>-Жапырақтардың пішініндегі, олардың түсі мен көлеміндегі айырмашылықтарды табыңдар. (Мысалы: ирис жапырағы қайыңнан немесе үйеңкі жапырағынан едәуір үлкен, дегенмен, ирис өсімдігінің өзі ағаштармен салыстырғанда өте аз.)<br>**Болжам:** қайыңнан көптеген шырындар ағып жатса – жаз жаңбырлы болады; желсіз орман шу шығарса – жаңбыр болады. | ұстайды,<br>басқа өсімдіктердің тозаңдары, шаң мен кір және жерге түседі. Қазіргі уақытта көптеген адамдар мұрыннан су ағып, жөтеледі: бұл теректің үлпектеріне аллергия дейді. Бұл дұрыс емес, адамдар лас ауа мен тозаңға аллергиясы бар.<br>**Тәжірибе «Температураға байланысты топырақтың жағдайы»**<br>Мақсаты: топырақ жағдайының ауа-райына тәуелділігін анықтау.<br>Тәжірибе барысы. Шуақты күні жерді зерттеп көру, қолмен ұстап көргізу: жылы (күн оны қыздырды), құрғақ (қолында ұсақталады), түсі (ашық қоңыр), жерді суару (жаңбыр жауған сияқты); оны қайтадан | Шөптің қырауы, жапырақтардың түсуі(күзде) ағаштардың бұтақтары, үйлердің шатырларын, айналаны ақ қар жапқан (қыста) жер көгереді (көктем) айнала қызыл - жасыл гүл, аспан шайдай ашық (жазда)<br>**Көркем сөз**<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Алма пісіпті дегейсің.<br>Бақшамызда ендеше,<br>Алма теру көбейсін.<br>Жұмбақ шешу:<br>Қайнамай піскен,<br>Асықпай түскен. (Жеміс-жидек)<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдай білуге үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа | молшылығы және алуан түрлілігін меңгерту. Мәдени және жабайы өсетін гүлдердің ұқсас белгілерін байқап, тәрбиешінің басқаруымен балалар мынадай қорытынды жасауы мүмкін: гүлдің мәдени формасы ірі, бақта өсетін гүлдер түстері жағынан әр түрлі, себебі оларды адамдар күтіп, баптайды. Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу және топты безендіруге қанша гүл керек болса,с онша жинау.<br>**Жұмбақ**<br>Құлпырса, қадірлейді, аялайды,<br>Қураса, сыпырғышқа жарамайды. (Гүл)<br>**Мақал-мәтел**<br>Күнсіз гүл өспес, күтусіз ұл өспес. | жұпар иісінің арқасында «басын айналдыру, есеңгірету» деген атауға ие болған.<br>Наркесгүл наурыз, сәуір айларында шешектейді, гүл жарады. Гүлдеу күндері 20-25 күнге дейін созылады. Гүлдері жай күлтелі және гүлпарлы болып екіге бөлінеді. Наркесгүл – пиязшық гүлдердің ішіндегі ең ерте гүлдейтін өте әсем гүл. Ол бір түбінен бірнеше гүл ашады. Басқа пиязшық гүлдер бір түбінен бір ғана гүл шоғын жарса, олардың арасында тұрған наркесгүл бір түбінен үш не төрт сабақ гүл шоғымен көзге түседі. Осыған қарап, қазақ оны «көп басты гүл», «көп сабақты гүл» деп те атайды. Түсіне қарап «құбылгүл», «түстігүл» деп те ат қойған. Биіктігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәжірибе: "Күн заттарды кептіреді".**<br>Мақсат-міндеттер: күннің заттарды жылыту қабілетін ашу.<br>Материал: қуыршақ киімдері, доп, су құйғыш.<br>Тәжірибе барысы: қуыршақ киімдерін күн шуақты жерде іліп қою, оның қаншалықты тез кебетінін қадағалау; құмды жәшікке сулаңыз және серуендеу кезінде оның кебуін қадағалау. Балабақша ғимаратына күн және көлеңкелі жақтарына қолды тигізу.<br>Қорытынды: күн заттарды жылытады.<br>**Дидактикалық ойын «Жапырағына қарай ажырат».**<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету, | ұстату, зерттеу. Жер қарайды, ылғалданды, балалар саусақтарының ұштарымен басады - ол жабысқақ болып, бір-біріне жабысады. Суық су топырақты салқындатты.<br>**Еңбек: ағаштардың топырағын қопсыту.**<br>Мақсаты: ағаштарды күтуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын «Жапырағына қарай ажырат».**<br>Мақсаты: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету, балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Педагог балалар тобын бірнеше | тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады.<br>Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады.<br>Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады.<br>"Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды.<br>Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. | **Көркем сөз**<br>**«Көктем келді гүл алып» Ө. Тұрманжанов**<br>Көктем тілін ұғайық.<br>Қызғалдақты терейік,<br>Теріп үйге келейік.<br>Көбелектей киінген.<br>Гүлді көріп сүйінген.<br>**Қимылды ойын «Аю және ара»**<br>Белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек : т**опты әсемдеу үшін гүлдерді жинаймыз.<br>Әсемдікті сезіне білуге, гүлдерді түбірсіз жұлуға, бірлесіп еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**"Қандай гүл екенін ойлап тап ?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды сипаттама бойынша | 30-40 см аралығында болады. Үйде, бақшада, аулада, гүлзарларда көптеп өсіруге болады. Хош иісті гүл, оны үйде өсіргенде ғажайып хош иіс таратып тұрады.<br>**«Ағаш» дидактикалық ойыны** - ойын әрекеттері, жүргізуші жыл мезгілін атайды, балалар ағашты, жыл мезгілін әр түрлі етіп бейнелейді.<br>**Еңбек әрекеті: құм жәшігіндегі құмды қопсыту.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, өздеріне тиісті ойындарды ойнау үшін, қолайлы жағдайларды жасауға бейімдеу.<br>Жабдықтары: күрекшелер.<br>**"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Педагог балалар тобын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы ағаштардың жапырақтарына мұқият қарауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіңдер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады. Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе | кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы ағаштардың жапырақтарына мұқият қарауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіңдер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады.Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді.<br>**Қимылды ойын «Аңшы мен қояндар».**<br>Мақсаты: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.<br>Ойын мазмұны. | Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.<br>Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**Еңбек: ауланы сыпыру.**<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>Керекті құралдар: Сыпырғыш, күрекше, қорапша.<br>**"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке | гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту.<br>**Өзіндік іс-әрекеті:** өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау.Ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан соң "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды.<br>Балалар осы кезде: "бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені"қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді.<br>"Соқыр текенің" міндеті - түрткен баланы ұстап алу және оны танып, есімін атау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді. Балалардың дербес әрекеті.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру.<br>Ақырын-ақырын итеріп, | Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. | тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі | | Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан да шығады.<br>Кім ұстанылып, танылып жатса, "соқыр теке" болып, ойынды жалғастырады.<br>**Қимылды ойын «Түс және аралар» -** жүгіру жаттығулары, белгі бойынша әрекет ету, сөздерге сәйкес қимылдар жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл | | ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. | | ақтық сайысқа түседі. | | |
| **Серуеннен оралу:12.35-12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас:12.50-13.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Пышақпен нанға май жағу қабілетін нығайту.<br>**Көркем сөз**<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Жеке гигиена ережелері туралы білімдерін бекіту, балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды жүйелі түрде жүзеге асыруға деген қызығушылығын сақтау, тазалық әдеттерін қалыптастыру, жеке бас гигиенасына деген оң көзқарасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Майлықты қолдануды үйрену, нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көгөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Ірімшікті кеміріп,<br>Тышқан отыр керіліп.<br>Мысық сүтті ішіп -ап,<br>Бет жұмайды ерініп.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | |
| **Күндізгі ұйқы:13.20-15.20** | Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары:<br>15.20-15.50** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас:15.50-16.10** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | **"Қай өсімдік?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.<br>Педагог себеттен | **"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту. | **Үстел-үсті ойыны: "Өсімдіктер, жануарлар" (лото).**<br>Мақсат-міндеттер: ойын біздің планетамыздың жануарлар мен өсімдіктер әлемімен | **"Қарап ал да, есіне сақта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көрген суреттерді есіне сақтап,көз алдына | **"Не қандай болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуге үйрету; салыстыру, мүмкіндігінше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер):16.10-16.40 | өсімдіктерді алып, балаларға көрсетеді. Ойын барысы. Мында дәрілік өсімдіктер бар. Мен сендерге бір өсімдікті көрсетемін, ал сендер бұл туралы білетіндеріңнің бәрін айтуың керек.<br>- Ол өсетін жерді ата (батпақ, шалғындық, сай). Мысалы, түймедақ (гүл) жазда, жолжелкен (тек аяғы жоқ жапырақтары жиналады) көктемде және жаздың басында, қалақай көктемде, ол жай өсіп келе жатқанда жиналады (2-3 баланың әңгімелері) **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын: "Кім артық?"**<br>Мақсат-міндеттер: | Балаларды өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету.<br>Ойын барысы. Балалар гүлдердің көп таңдауы бар дүкенге келеді.<br>1 нұсқа.<br>Үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалары бар табақ бар. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша да, пішіні бойынша да сәйкес келетін гүл табады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Сюжетті-рөлді ойын "Супермаркет".**<br>Мақсат-міндеттер: | таныстырады, ой-өрісін кеңейтеді, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оларды белгілері бойынша топтауға үйретеді. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, бақылау, зейін, есте сақтау дамиды, қолдың ұсақ моторикасы жетілдіріледі. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау | елестете отырып әрқайсысын ретімен атап шығуға жаттықтыру. Ойын барысы. Үстелде төрт-бес өсімдік қояды. Педагог естеріне сақтап алуды ұсынады. Педагог балаларды көздерін жұмуға шақырады және өсімдіктердің бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қай өсімдік жоқ екенін табу керек. Ойын 4-5 рет ойналады. Әр уақытта үстелдегі өсімдіктердің санын көбейтуге болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Гүлдерді күтеміз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді | осы анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау. Жасыл түстің не екенін айтайық - қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ...<br>Кең - өзен, жол, таспа, көше ... т.с.с. ең көп сөзді атаған жеңімпаз болады, әр дұрыс айтылған сөз үшін бала жетон алады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Экологтар" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
